



Н.В. Гоголь атындағы Қарағанды облыстық әмбебап
ғылыми кітапханасы

Өлкетану әдебиеттері бөлімі

2026 жылы өлкетану әдебиеттерін
насихаттауға арналған көмек құралы

Библиографиялық әдебиеттер көрсеткіші

Қарағанды 2025

**Н. В. ГОГОЛЬ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ӘМБЕБАП
ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНАСЫ**

Өлкетану әдебиеттері бөлімі

**Қарағанды облысының 2026 жылғы өлкетану
әдебиеттерін насихаттауға арналған көмек құралы**

Библиографиялық әдебиеттер көрсеткіші

Қарағанды 2025

011(574.31)
Қ 41

Қарағанды облысының 2026 жылғы өлкетану әдебиеттерін насихаттауға арналған көмек құралы: Библиографиялық әдебиеттер көрсеткіші / Н. В. Гоголь атындағы Қарағанды облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы; құраст. С.О.Телпекбаева. – Қарағанды, 2025 – 89 б.

Шығарылымға жауапты: А.С. Шаймуханбетова,
Н. В. Гоголь атындағы ҚОӘҒК басшысы
Құрастырушы: С.О.Телпекбаева, өлкетану
әдебиеттері бөлімінің басшысы

Алғы сөз

Бұл көрсеткіш жыл сайынғы мазмұнына сай, жергілікті және республика көлемінде аталып өтетін маңызды оқиғалар мен айтулы тұлғалардың мерейтойларына орай дайындалады. Биылғы 2026 жылғы басылымда да бұл үрдіс сақталып, өңір өмірінде ерекше маңызы бар тарихи даталар мен тұлғалар қамтылды.

Қарағанды облысы – тарихи оқиғаларға, мәдени құндылықтарға, ғылыми жетістіктерге бай өлке. Осы бай мұралар мен тұлғаларды насихаттау, жергілікті жердің тарихын, әдебиеті мен мәдениетін таныту мақсатында өлкетану бағытындағы библиографиялық көрсеткіштерді дайындау – Н.В. Гоголь атындағы әмбебап ғылыми кітапханасының қызметіндегі басты бағыттардың бірі.

Қолдарыңыздағы бұл библиографиялық көмекші құрал – 1971 жылдан бері дәстүрлі түрде қазақ және орыс тілдерінде дайындалып келе жатқан басылымның жалғасы. Мұндай дәстүрлі басылымдар туған өлкенің тарихын, мәдениеті мен әдебиетін зерделеуге, белгілі тұлғалардың өмірі мен қызметін насихаттауға, оқырман қауымға рухани-танымдық бағыт-бағдар беруге арналған.

2026 жылы ел көлемінде және аймақта ерекше маңызға ие бірқатар мерейтойлар аталып өтіледі. Бұл басылымда ұлт көсемі, қоғам қайраткері, ғалым, публицист Әлихан Бөкейхановтың 160 жылдығы, заңгер, құқық магистрі, қоғам қайраткері Жақып Ақбаевтың 150 жылдығы, тұңғыш қазақ математигі, мемлекет және қоғам қайраткері, профессор Әлімхан Ермековтың 135 жылдығы, Қазақстанның халық артисі, әнші, композитор Манарбек Ержановтың, өлкетанушы, тарихқа өлшеусіз үлес қосқан Леонид Семеновтың 125 жылдығы, Қарағанды облысының 90 жылдық мерейтойына т.б. арналған әдебиеттер қамтылған.

Сондай-ақ қазақ ғарышының тұңғыш қыран ұлы Тоқтар Оңғарбайұлы Әубәкіровтың 80 жас мерейтойына және оның ғарышқа ұшқанына 35 жыл (1991 жылғы 2 қазан) толуына орай материалдар да енгізілді.

Көрсеткішті құрастыру барысында қажетті мағлұматтар кітапхананың түрлі дерек көздерінен жиналды. Оның ішінде электронды және дәстүрлі каталогтар, анықтамалық және библиографиялық басылымдар, интернет-ресурстар пайдаланылды. Тарихи оқиғалар мен жеке тұлғалар туралы мәліметтерді іздестіру барысында мынадай анықтамалық басылымдарға жүгінілді: «Қазақстан» Ұлттық энциклопедиясы, «Қазақ өнері» энциклопедиясы, «Қазақстан жазушылары», «Қазақстан жазушылары: XX ғасыр» анықтамалықтары, «Қарағанды. Қарағанды облысы» энциклопедиясы, облыстық мерзімді басылымдар және т.б.

Күнтізбе жылдың әр айы бойынша хронологиялық ретпен жүйеленген. Белгіленген күндерге қысқаша анықтама беріліп, тақырыпқа қатысты әдебиеттер тізімі қоса ұсынылды. Әдебиеттер тізімінде, негізінен, соңғы жылдары жарық көрген кітаптар мен мақалалар қамтылды. Көрсеткіш қазақ және орыс тілдерінде құрастырылды.

Әдебиеттер тізімі арнайы жүйемен берілген: алдымен – кітаптар, кейін – мерзімді басылымдар. Барлық тізімдер алфавиттік тәртіппен орналасқан. Кейбір әдебиеттер тізімінде электронды толық мәтінді онлайн-ресурстарға сілтемелер де көрсетілген. Қосымша құрал ретінде есімдердің көрсеткіші ұсынылған. Айы мен күні нақты көрсетілмеген даталарды кітапханаларда жыл бойы кез келген уақытта атап өтуге болады. Сондықтан көрсеткіш соңында «Анықтамасыз және әдебиеттер тізімісіз қосымша даталар» бөлімі берілген.

Бұл библиографиялық көрсеткіш – кітапхана қызметкерлеріне, өлкетанушыларға, тарихшылар мен ұстаздарға, сондай-ақ туған жер тарихына қызығушылық танытатын барша оқырман қауымға арналған. Бұл құрал өлкенің бай рухани мұрасын кеңінен танытуға, ұмытылмас тұлғалардың есімін ел жадында жаңғыртуға сеп болмақ.

2026 жылы аталып өтетін даталар

5 ақпан 1941-2001	Әнші Ақпанова Гүлбаршынның туғанына 85 жыл
8 наурыз 1901 - 1966	Қазақстанның халық артисі, әнші, қазақ композиторы Манарбек Ержановтың туғанына 125 жыл
25 наурыз 1866 - 1937	Қазақстанның қоғам қайраткері, ғалым, публицист Әлихан Бөкейхановтың туғанына 160 жыл
9 сәуір 1946	Жазушы, профессор Теңізбай Нәбиұлы Рахымжановтың туғанына 80 жыл
14 сәуір 1901 - 1986	Өлкетанушы Леонид Федорович Семеновтың туғанына 125 жыл
25 мамыр 1891 - 1970	Мемлекет және қоғам қайраткері, қазақтың тұңғыш математигі, профессор Әлімхан Әбеуұлы Ермековтың туғанына 135 жыл
5 маусым 1936- 2010	Жазушы, қаламгер Сапарғали Ләмбекұлының туғанына 90 жыл
7 маусым 1936 - сәуір 2007	Журналист, жазушы, Шет ауданының Құрметті азаматы Рымқұл Сүлейменовтың туғанына 90 жыл
22 маусым 1941	Жазушы Софы Сматев 85 жаста
26 маусым 1936 – қыркүйек 2007	Техника ғылымдарының докторы, профессор, екі мәрте ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген өнеркәсіп қызметкері, Қарағанды қаласының Құрметті азаматы Дімкеш Мұқановтың туғанына 90 жыл
1 шілде 1956	Қарағанды облыстық мәдени-сауық және халық шығармашылығының ғылыми-әдістемелік орталығының құрылғанына 70 жыл
27 шілде 1946	Қазақтың тұңғыш ғарышкері Тоқтар Оңғарбайұлы Әубәкіров 80 жаста және ғарышқа ұшқанына 35 жыл (2 қазан 1991)
3 тамыз 1936	Қарағанды облысының құрылғанына 90 жыл
15 тамыз 1906 - 1948	Ғалым, биология ғылымының докторы Кәрім Мыңбаевтың туғанына 120 жыл
1 қыркүйек 1976	Қарағанды облыстық Ж.К. Бектұров атындағы жасөспірімдер кітапханасының құрылғанына 50 жыл
2 қыркүйек 1906 – 2 мамыр 2004	Көрнекті геолог-ғалым Ақжан Жақсыбекұлы Машановтың туғанына 120 жыл
6 қыркүйек 1906 - 1972	Жазушы, ғалым-әдебиеттанушы, аудармашы Сейділ Талжановтың туғанына 120 жыл
1 қазан 1946	Өлкетанушы, ҚР Мәдениет саласының үздігі, Ақтоғай ауданының құрметті азаматы Тұңғышбай Мұқан 80 жаста
20 қазан 1941-2002	Ақын Кәрім Сауғабаевтың туғанына 85 жыл
7 қараша 1876 - 1934	Қоғам қайраткері, заңгер, құқық магистрі Жақып Ақбаевтың туғанына 150 жыл
Қараша 1976	Қарағанды жоғары гуманитарлық колледжінің құрылғанына 50 жыл (Қарағанды педагогикалық училищесі)
11 желтоқсан 1976	Жазушы, республикалық «Қасым» журналының Бас редакторы Серік Сағынтай 50 жаста
1891-1962	Жыршы, айтыс ақыны Жәкен Байтуовтың туғанына 135 жыл
1926 - 2004	Әнші, актриса Қайныкен Әлімбаеваның туғанына 100 жыл

**5 ақпан 1941- 2 қаңтар 2001 – Әнші, ұстаз
Ақпанова Гүлбаршынның туғанына 85
жыл**

Гүлбаршын Сәуірбекқызы (*Сабырбекқызы*) Ақпанова 1941 жылы 5 ақпан Шет ауданында дүниеге келген.

Қарағанды педагогикалық институтын бітіріп, ұзақ жылдар бойы мектепте ұстаздық етті. Көп жылдар бойы Ақшатау кентіндегі В.И. Ленин атындағы орта мектепте оқу ісінің меңгерушісі, сондай-ақ С.М. Киров атындағы (қазақ мектебі) орта мектептің директоры болып қызмет атқарды. ҚазКСР-нің Білім беру ісінің үздігі, КСРО-ның Білім беру ісінің үздігі.

Кейінгі жылдары Ақшатау поселкелік кеңесінің төрайымы (*Еркін экономикалық аймақтың*), Жәйрем қаласының әкімі қызметтерін атқарды.

Гүлбаршын Ақпанованың әншілік, орындаушылық өнері Қазақстан жұртшылығына кеңінен таныс. Оның репертуарынан халық әндері мен Қазақстан композиторларының шығармалары орын алған.

Г. Ақпанова облыстық, республикалық байқаулардың бірнеше дүркін жүлдегері болды. Марапат қағаздары сақталмаған. Оның орындауындағы әндер Қазақстанның алтын қорында сақтаулы.

Өмірінің соңғы жылдары Қарағанды қаласында тұрды, бірнеше шағын дүкендер желісін ашты. 2001 жылы 2 қаңтарда жүрек талмасынан кенеттен қайтыс болды.

Қарағанды облысы Шет ауданы Ақшатау кентінде жерленген.

Әдебиеттер:

1. Ақпанова Гүлбаршын Сабырбекқызы // Шет ауданы: энциклопедия / ред. Ә. Оспан. - Алматы: ҚазАқпарат, 2013. – 66-67 б.

2. Келші айым: поэт Гүлбаршын Ақпанова // Каталог Советских пластинок : [сайт]. - URL: <https://records.su/image/album/23326>

3. Гүлбаршин Ақпанова поэт казахские песни // Каталог Советских пластинок : [сайт]. - URL: <https://records.su/image/album/47255>

**8 наурыз 1901 - 1966 Қазақстанның халық
артисі, әнші, қазақ композиторы
Манарбек Ержановтың туғанына 125 жыл**

Манарбек Ержанов – әнші, күйші, актер, қазақ ұлттық театр өнерінің негізін қалаушылардың бірі, ақын Шашубай Қошқарбаевтың әншілік мектебінің дәстүрлерін жалғастырушы, ҚазКСР халық артисі (1938), Қазақстан композиторлар одағының ең алғашқы мүшелерінің бірі (1942).

1901 жылы 8 наурыз күні Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданында дүниеге келген. Өкесі күйші, зергер, ұста болған. Анасы Нақбала да әншілігімен ауыл арасына танылған.

М. Ержановтың әке-шешесі ерте қайтыс болып, ол жастай жетімдік көреді. Ол жасынан өзінің еңбегімен күн көреді. Балқаш көлінің Қоңырат жақ бетіне шығып, сонда балық аулап, байлардың малын бағып, оның ара-арасында үй салу жұмысымен де шұғылданып, әйтеуір күн көру жолында түрлі-түрлі кәсіптер істейді.

М. Ержанов жас кезінен домбыраға, әнге үйір болады. Жас болса да домбыра тартуда тез арада қолы-қолына жұқпай ауыл адамдарының көзіне түсіп өнерші бала атанады. Дауысы да әдемі, бір ерекше сарын болды. Оның талабына сол жердегі Күсенбай деген кісі Манарбекке күй үйретеді. Күсенбайдан үйренген күйлерімен қатар Манарбек әнді де қуып, жасы он беске таман келгенде сол араның белгілі әншісі болып ауызға ілінеді.

1925 жылы күзге қарсы Манарбек Ержанов Алматы қаласына келеді де, осындағы

балалар үйіне орналасып, оқуға түседі.

1928 жылы Қазақ драма театрына қабылданып, алғашқы актерлерінің бірі болды, осы театрда қойылған спектакльдерде ойнап, сан қырлы бейнелерді сомдады. 1931 - 32 жылы Риддердегі жұмысшы жастар театрында қызмет етті. 1934 жылы Алматы музыкалық театрында (қазіргі Қазақ опера және балет театры) өнер көрсетті. 1933- 1953 жылдары Абай атындағы Қазақ мемлекеттік опера және балет театрының солисі.

«Айман-Шолпан» спектакліндегі Жарас, А.Қ. Жұбанов пен Л.А. Хамидидің «Абайындағы» Әзім, М.Төлебаевтың «Біржан – Сарасындағы» Естай, т.б. рөлдері оның әншілік әрі артистік талантын кең танытып, даңққа бөледі. 1936 жылы Мәскеуде өткен Қазақ өнері мен әдебиетінің онкүндігінде Е.Г. Брусиловскийдің опералары – «Қыз Жібектегі» Шегенің, «Ер Тарғындағы» Сақанның, «Жалбырдағы» Елеместің рөлін ойнап, көрермендердің ерекше ықыласына бөленді.

Ол 1953 жылдан өмірінің ақырына дейін Қазақ филармониясында жеке дауыстағы әнші болып, халықтық ән өнерінде кең орын алатын терме, желдірмелерді, кең тынысты әндерді («Ардақ», «Ағашаяқ», «Смет», «Топайкөк», «Жанбота», «Балқадиша», «Ақ қайың», «Толыбай», «Хорлан», «Ақ сиса», т.б.) нақышына келтіре орындады. Сөйтіп, ұлттық өнердегі Арқа әні дәстүрінде өз мектебін қалыптастырды. Ержанов композитор ретінде де халыққа кең танымал.

Оның «Жетісу», «Астанада», «Батыр жорығы», «Күсенбай», «Өрнек», «Шалқар көл», «Аққу көлі» күйлері, хорға арналған «Партизан жорығы», «28 гвардияшы-панфиловшылар», «Жастар тойы», «Жастар әні», «Бейбітшілік маршы» атты шығармалары, «Паровоз», «Амангелді», «Бақыт жыры», «Қуанамын», «Қойшының әні», «Әнші Біржанға», «Сайра, бұлбұл», «Шегенің термесі», т.б. әндері бар. Музыкалық жинақтары жарық көрді. Ән-күйлерінің көбісі күйтабаққа жазылып, кітапқа басылып, радио мен теледидардың алтын қорына енген.

Өнер саласындағы еңбегі үшін Еңбек Қызыл Ту «1941), «Құрмет белгісі» (1936, 1964) ордендерімен, ҚазКСР Жоғары Кеңесінің Құрмет грамотасымен (1953,1961) т.б. медальдермен марапатталған.

1966 жылы 14 қарашада қайтыс болды.

М. Ержановтың құрметіне Алматы, Қарағанды қалаларында көше аталған. Ақтоғай ауданында М. Ержанов атында мектеп бар.

Манарбек Ержанов туралы әдебиеттер:

1. Алтыбақан / құраст. Р. Қосманова.- Алматы: Кайнар, 1990.- 304 б.
2. Байділдаев Ө. Әнші-күйші Манарбек // Қанатты өнер.- Алматы: Жазушы,- 1973.- 73-79 б.
3. Байсейітов Қ. Құштар көңіл.- Алматы: Жалын баспасы, 2004.- 232 б.
4. Бақыт жыры: Манарбек Ержановтың 115 жылдығына арналған / құраст.: К. Садвокасова, Д. Аркенов. - Қарағанды: [б. ж.], 2016. - 167 б.
5. Ержанов көшесі // Жезқазған қаласының көшелері: ақпараттық-танымдық материалдар / ред. Б. Т. Байжантаев. - Қарағанды: Гласир, 2009. – 37 б.
6. Ержанов М. Әндер // Сыр сандық: қазақ әндерінің антологиясы / құраст. Қ. Байбосынов. - Астана: Дәуір, 2016. – 518-520 б.
7. Ержанов Манарбек (1901-1966) // Қазақ халқының тарихи тұлғалары. - Алматы: Өнер, 2 кітап. - 2013. – 316-317 б.
8. Ержанов Манарбек // Жұмашев Р. М. Сарыарқа мәдениеті: монография / Р. М. Жұмашев, Л. Р. Золотарева, Қ. С. Өскембаев; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды облыстық Мәдениет басқармасы. - Қарағанды: ҚарМУ, 2009. – 229-230 б.
9. Ержанов Манарбек // Қазақ Совет Энциклопедиясы. 4 том.-Алматы, 1974.- 161 б.
10. Ержанов Манарбек // Қазақ ССР Қысқаша энциклопедия. 4 том.- Алматы,

1989. 231 б.

11. Ержанов Манарбек // Қазақстан композиторлары: = Композиторы Казахстана: / құраст. Қ. Бағысбек. - Алматы: Sansam, 2011. – 104 б.

12. Ержанов Манарбек // Қарағанды. Қарағанды облысы: энциклопедия / ред. А. А. Абдулин. - Алматы: Атамұра, 2006. - 228 б.

13. Ержанұлы Манарбек // Сейдімбек А. Қазақтың күй өнері Астана: Күлтегін, 2002.- 802 б.

14. Жарылғапов М. Ақтоғай - алтын бесігім. - Алматы: Кітап, 1990. - 106 б.

15. Жұбанов А. Манарбек // Замана бұлбұлдары.- Алматы: жазушы, 1975.-393-399 б.

16. Қоспақов З. Сыр тартсақ тарихынан әншіліктің. - Алматы: Ғылым, 1996. - 168 б.

17. Майшекин М. Манарбек Ержанов // Көркемөнер шеберлері - Алматы: Қаз. мемлекет баспасы, 1959. – 76-84 б.

18. Манарбек Ержанов // Тоғжанов Е.Л. Атамекен: оқу құрал / Тоғжанов Е.Л., Аршабеков Т.Т.- Қарағанды: Қарағанды экономикалық ун-ті, 2002.- 215 б.

19. Манарбек Ержанов: естелік мақалалар / құраст. Қ. Оспанова.-Алматы: Өнер, 2012.-284 б.

20. Манарбек Ержанов: естелік мақалалар / құраст. Қ. Оспанова.-Алматы: Өнер, 2012.-284 б.

21. Нугуманова А. 100 өнер қыраны. - Алматы: Тоғанай Т, 2024. - 333 б.

22. Тарихи тұлғалар: [анықтамалық басылым] / құраст.: Б. Тоғысбаев, А. Сужикова. - 5-бас. - Алматы: Алматыкітап, 2017. - 383 б. - Пайд. әдеб. тізімі: 375 б.

23. Ұлы даланың көне сарындары = Древние мотивы Великой степи = Ancient motifs of the great steppe: үш томдық. 1 т. Музыкалық фольклор. Дәстүрлі ән өнері; Т. 1. Музыкальный фольклор. Традиционное песенное искусство / ред. А. Ж. Қазтуғанова; құраст.: З. М. Касимова, Б. Ж. Тұрмағамбетова, А. З. Бұлтбаева. - Алматы: Brand Book, 2019. - 751 б.

24. Халық артисі Манарбек Ержановтың шығармашылығына арналған кеш // Ұлытау үні фестивалі: ширек ғасырлық тарихтан: мақалалар, құжаттар, фотодеректер жинағы / Жезқазған қаласының әкімдігі, Жезқазған қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі; жауапты ред. Ғ. Е. Ештанаев. - Алматы: Орхон, 2016. - 28 б.

25. Ақбаева Н. Ән кернеді даланы, үнің шарлай //Орталық Қазақстан.- 2001.- 24 қазан.-10 б.

26. Ақышев З. Әнші аға // Қазақ әдебиеті.-1976.- 21 ақпан

27. Аханбайқызы А. Ән еркесін еске алды // Егемен Қазақстан.- 2021.-10 желтоқсан (№ 236). - 10 б.

28. Байбосынов Қ. Бізден кейін әнді түгендейтін адам болмай ма деп алаңдаймын: Қазақстанның Халық әртісі Қ.Байбосыновпен сұхбат / сұхбаттасқан Қ.Ахметов // Орталық Қазақстан. - 2019. - 30 наурыз (№ 33). - 4 б.

29. Байбосынов Қ. Бізден кейін әнді түгендейтін адам болмай ма деп алаңдаймын: Қазақстанның Халық әртісі Қ.Байбосыновпен сұхбат / сұхбаттасқан Қ.Ахметов // Орталық Қазақстан. - 2019. - 30 наурыз (№ 33). - 4 б.

30. Бодыров К. Замандасқа // Парасат.-1993.-№3

31. Бөкен А. Манарбектің тақиясы // Қазақ әдебиеті. - 2016. - 29 қаңтар- 4 ақпан (№ 4). - 6 б.

32. Бөкен А. Тақияның тарихы // Орталық Қазақстан. - 2016. - 23 қаңтар (№ 14/15). - 8 б.

33. Ғалым Қ. Манарбек өлді - Шеге жоқ, Насихаты неге жоқ?... // Орталық Қазақстан. - 2021. - 26 қаңтар (№ 9). - 1 б.

34. Дарханұлы Д. Манарбек сазы әуелеп... // AQTÓĖAI AJARY. - 2021.- 3

желтоқсан (№ 49). - 3 б.

35. Жарылғап М. Ән еркесі - Манарбек // Орталық Қазақстан.- 2001.- 10 қазан.- 12 б.

36. Иманжанов М. Қыз Жібек // Социалистік Қазақстан. - 1945. - 3 июнь (№ 110). - 4 б.

37. Қанағатова А. Ән құдіретінің асқары // Орталық Қазақстан.-2009.- 21 қараша (№ 178/179). - 6 б.

38. Қараева Р. Сахна саңлағы тасада қалуға тиіс пе еді? // Алаш айнасы. - 2011. - 25 мамыр (№ 88). - 1, 5 б.

39. Қауыпбайұлы Т. Әнші бала // Қазақ әдебиеті.- 2008.- №7. -14 б.

40. Қоспақов З. Ән зергері Манарбек //Жұлдыз.-1993.-№10.-183-191 б., Жас Алаш. - 2001. - 13 наур. Ырғақ. - 2001. - №3. - 4 б.

41. Қосыбеков Н. Ән өнерін паш еткен - Манарбек Ержанов // Музыка әлемінде: мектепте, колледжде және ЖОО-да оқыту = В мире музыки: преподавание в школе, колледже и ВУЗе. - 2018. - № 3. - 9-10 б.

42. Құсайынов А. Сан қырлы өнерпаз еді // Балқаш өңірі.-2001.- 10 қазан

43. Лұқпан Е. Әнші атындағы көше // Орталық Қазақстан. - 2004. - 6 қараша. - 14 б.

44. Манарбек Ержанов // Педагогика және өнер = Педагогика и искусство.- 2008.- № 2.-6-8 б.

45. Манарбек Ержанов // Шахтерская неделя. - 2007 . - 31 авг. (N35). - С. 11.

46. Манарбек мұрасы мұқабаланды // Орталық Қазақстан. - 2017. - 10 қаңтар (№ 3). - 6 б.

47. Мүбәрәкұлы Б. Ән кеші өтеді // Орталық Қазақстан. - 2001. - 5 желтоқсан. - 10 б.

48. Мүбәрәкұлы Б. Әнші аға, ізбасарын іздейді-ау // Орталық Қазақстан.- 2001.- 12 желтоқсан

49. Мүптекеев Б. Қазақтың қайталанбас күйі, асқақтаған әні // Егемен Қазақстан.- 2006.- 10 қазан.- 6 б.

50. Нәсенов Б. Жұмат Шаниннің көпшілікке белгісіз бір ерлігі туралы // Мәдениет. - 2014. - № 3. - 4-6 б.

51. Рахмет Г. Манарбек шыққан биік // Қазақстан архивтері = Архивы Казахстана. - 2019. - № 1. - 23-33 б.

52. Рахмет Г. Манарбек шыққан биік // Қазақстан архивтері = Архивы Казахстана. - 2019. - № 1. - 23-33 б.

53. Сардарбек К. Ән қанатында // Балқаш өңірі.- 2001.- 1 тамыз

54. Сардарбек К. Мен Манарбектің келінімін // Балқаш өңірі. - 2001. - 31 қазан.

55. Сардарбек К. Сахна саңлағы // Балқаш өңірі. - 2001. - 8 тамыз.

56. Сахна саңлағы тасада қалуға тиіс пе еді? / Х. Елебекова [және т. б.]; жазып алған Р. Қараева // Алаш айнасы. - 2011. - 25 мамыр (№ 88). - 1, 5 б.

57. Сейдахмет М. Жаяу жүріп өтті // Орталық Қазақстан. - 2021.- 26 қазан (№ 119). - 8 б.

58. Супиянова К. Ән еркесі - Манарбек // AQTOǴAI AJARY. - 2021. - 30 сәуір (№ 18). - 8 б.

59. Тарази Ш. Хабиба неге қынжылады? // Парасат.- 2001.- N7-26 б.

60. Тұрғынбекұлы С. Ел жадынан шықпаған ерен әнші М.Ержановтың туғанына 90 жыл // Сұхбат.-1992. – 18 ақпан

61. Ыбыжанқызы К. Ән әлеміндегі асқақ үн // Балқаш өңірі.- 2001.- 25 шілде

Жақсыкелді Маясаров - "Сайра бұлбұл" Манарбек Ержанов //
<https://www.youtube.com/watch?v=7I1Ik6IR9GQ>

**25 наурыз 1866 - 1937 Алаш көсемі, ғалым,
публицист Әлихан Бөкейханның туғанына
160 жыл**

Әлихан Бөкейхан 1866 жылы 5 наурызда (Омбыдан табылған құжаттар негізінде) (бұрынғы Семей облысы, Қарқаралы уезі, Тоқырауын болысының №7-ауылында дүниеге келген (кей деректерде 1870 жылы туған).

Алғашында Қарқаралыдағы Зариф деген молдадан мұсылманша сауат ашады. Екі жылдан соң, 9 жасында қаладағы Бекметовтің үйінде пәтерде жатып, қаладағы үш сыныпты бастауыш мектепке ауысып, оны аяқтап 1879 жылы Қарқаралыдағы қазақ балаларына арналған мектепке түсіп, артынан Қарқаралы қалалық училищесіне түсіп, 1886 жылы бітіреді. 1886-1890 жылдары Омбы техникалық училищесінде «техник» мамандығы бойынша білім алып, 1890-1894 жылдары Санкт-Петербургтегі Императорлық Орман институтының экономика факультетінде оқып, «Ғалым орманшы» және «Заңгер» деген қос дипломды иеленеді. Студент кезінде отаршылдыққа қарсы ұйымдастырылған «Зарзаман» тобының жұмысына белсене кірісіп, саяси күреске араласа бастайды. Сол кезден Ресей жандармерия басқармасының назарына ілігіп, «саяси сенімсіздердің қара тізіміне» енеді. Институтты аяқтаған соң, Омбы орман шаруашылығы училищесінде математика пәнінен сабақ беріп, «Степной край» газетінің редакция алқасының құрамына енеді. XIX ғасырдың соңында Омбы орман шаруашылығы училищесінде оқытушылық қызмет атқарып жүргенде ғылыми жұмыспен айналысады. 1896 жылы көрнекті ғалымдардың кеңілдемесімен Императорлық Орыс географиялық қоғамының Батыс-Сібір бөлімшесінің мүшелігіне қабылданып, «Россия. Жалпы географиялық сипаттама» атты көп томдық еңбектің қазақ даласына арналған 18-томына автор ретінде қатысады. Ғылыми жұмыспен қатар қоғамдық-әлеуметтік саяси қызметтерге де белсене кірісіп, Ресей императорлық география қоғамының қызметіне араласып, 1896 жылы Батыс-Сібір бөлімінің мүшесі болып, 1901 жылы оның басқару комитетіне сайланады. 1896-1901 жылдары әуелі Тобыл губерниясы экономикасын зерттеуге арналған экспедицияның, кейін 1896-1903 жылдары қазақ даласына қоныс аудару қозғалысын даярлап берген Ф. А. Щербина экспедицияның жұмысына қатысып, қазақ елінің экономикалық жағдайын, шаруашылығын, этнографиясын, тұрмыс-салтын, материалдық және рухани мәдениетін зерттеумен айналысады. Экспедиция қорытындылары 1903-1905 жылдары жалпы көлемі 13 том болып жарыққа шығады.

1903 жылы С.П. Швецов басқарған Сібір экспедициясы құрамына кіріп, қазақтардың мал шаруашылығын зерттеген экономикалық экспедицияға атсалысып, қой өсіру жағдайы туралы көлемді еңбек жазады.

Қазақ елінің азаттығы жолындағы саяси күрес ісіне белсене қатысып, 1905 жылы Ресей конституциялық-демократиялық (кадеттер) партиясына мүше болып, оның қазақ бөлімшесін құру мақсатында Оралда, Семейде жиындар өткізеді. Осы жылы Қарқаралыда орыс отаршылдығына қарсы ұйымдастырылған қозғалысқа басшылық жасап, атақты Қоянды жәрмеңкесінде қазақ даласында саяси және ұлт мәселелерін шиеленістірмей шешу шаралары көрсетілген, дінге қысым жасамау, қазақша мектептер ашу, Орта Ресейден қоныс аударушыларды тоқтату, қазақ тілінің мәселесі көтерілген талаптар енгізілген, 145 мың адамның қолы қойылған «Қарқаралы петициясын» ұйымдастырады. Сол жылы Орал қаласында Қазақстанның бес облысының зиялылары мен игі жақсылары бас қосқан съезге басшылық жасап, бастапқыда Ресей кадет партиясының филиалы ретінде құрылған Алаш партиясын құрады.

1905 жылы қарашада Мәскеуде өткен (1905, қараша) земство және қала қайраткерлерінің съезіне қатысып, тіл, сайлау, дін т.б. бостандықтар мәселесін көтереді. Осы жылы «Халық бостандығы» партиясына, 1906 жылы оның Орталық комитетінің құрамына кіріп, Омбыдан шығатын кадеттік «Голос степи», «Омиш» және «Иртыш» газеттерінде редакторлық қызмет атқарды. 1906 жылы Семейде өткен қазақ сайлаушыларының съезінде «Халық бостандығы» партиясының бағдарламасын қуаттап

сөз сөйлеп, Семей облысы қазақтарының атынан I Мемлекеттік Думаға депутат болып сайланғанымен, 1906 жылдың 9 қаңтарында Дала генерал губернаторының негізсіз жарлығымен саяси қозғалыс көсемі ретінде қамауға алынып, соттың тергеуінсіз, 3 ай Павлодар абақтысына қамалады, сол себепті Дума жұмысына қатыса алмайды.

Түрмеден босаса да саяси күрестен бас тартпайды, Санкт-Петербургке жеткенде, патша үкімімен I Думаның күшпен таратылуына қарсы бағытталған назарылық актісін қабылдау үшін ұйымдастырылған «Выборг үндеуіне» қол қойып, Финляндияның Выборг қаласына аттанады. 1907 жылдың аяғында сол үшін айыпталып, Петербург сот палатасының төтенше мәжілісінің шешімімен 3 айға Семей түрмесіне қамалады.

1908 жылы Петербургте жарық көрген меньшевиктік «Товарищ», кадеттік «Речь», «Слово» газеттерінде редакторлық қызмет атқарады. 1908 жылы абақтыдан босап, Омбыға қайтып оралысымен патша үкіметі Самараға жер аударады. Самарада ғылыми-шығармашылық жұмыспен ғана айналысуға мәжбүр болады. 1908-1915 жылдары Самарада тұрып Батыс Қазақстандағы қазақ зиялыларымен бірлесіп, Алаш қозғалысының жұмысын жалғастырады. 1909-1917 жылдар Дон егіншілік банкі бөлімшесінде жұмыс істейді. 1912-1917 жылдары кадеттер париясы Орталық комитетінің мүшесі болады. 1913 жылы А. Байтұрсынов, М. Дулатовтармен бірге бүкілқазақтық, жалпыұлттық баспасөз ұйымы «Қазақ» газетін шығаруға қатысып, оның жалпыұлттық деңгейге көтерілуіне зор үлес қосады. 1914 жылы Санкт-Петербургте өткен Ресейді мекендейтін 10 мұсылман халықтарының өкілдері қатысқан Мұсылман съезіне қатысып, Ресей мұсылман халықтарының орыс отаршылдығына қарсы ортақ күресі идеясын ұсынады. Саяси партия құру жөніндегі ісінде одақтастар іздеу мақсатында 1914 жылы социал-революционерлер партиясымен жақындасып, 1914-1915 жылы оның басшысы А.Ф. Керенскиймен үш рет жүздеседі. 1916 жылы Бүкілресейлік жер одағының жұмысына қатысады.

1917 жылдың 3 наурызында Уақытша үкіметтің Торғай облысы бойынша комиссары, ал 7 сәуірде Түркістан комитетінің мүшесі болып сайланады. Ақпан революциясынан кейін жетекшілік етіп, 1917 жылдың 21-26 шілдесінде Орынборда бүкілқазақ съезін өткізіп, қазақ зиялыларымен бірге кадет партиясынан шығып, «Алаш» партиясы атқару комитетіне кіреді. 1917 жылғы Қазан революциясынан кейін Орынборда 5-13 желтоқсанда Алаш партиясының 2-съезін өткізіп, Алаш автономиясын құру туралы шешім қабылдайды. 1917 жылы желтоқсанда өткен осы партияның съезіне қатысып, құрылған «Алашорда» үкіметінің төрағасы болып сайланып, «Алашорда» үкіметі Батыс бөлімшесінің қызметіне рухани басшылық етеді. Ресей Федерациясы құрамында қазақ мемлекеттігін сақтап қалуға тырысып, 1918 жылы наурызда Семейден тікелей телефонмен РКФСР Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы В. Ленинмен, Ұлт істері Халық комиссары И.В. Сталинмен келіссөз жүргізеді. Азамат соғысының аяқталу қарсаңында Кеңес өкіметі Қырғыз (қазақ) революциялық комитетінің 1920 жылы 9-наурыздағы бұйрығымен Алашорда мекемелерін таратылып, оның басшылары қуғын-сүргінге ұшырайды. 1920 жылы Қазақ АКСР егіншілік халық комиссариаты коллегиясының мүшесі, 1922 жылы Ұлттар істері жөніндегі Халық комиссариаты жанындағы Орталық баспаның, 1926-1927 жылдары Ресей Ғылым Академиясының ғылыми қызметкері болып, мақалалар жариялайды.

1922 жылы контрреволюциялық іс-әрекеттері үшін айыпталып, кінәсі болмағандықтан босатылады. 1926 жылы ОГПУ қызметкерлері Мәскеуден бақылаушы органдардың рұқсатынсыз шығып кеткені үшін Ақтөбеде тұтқынға алып, кейін қайтарып, Бутырка абақтысына қамайды. 15 күннен соң дәлел болмағандықтан босап шығады. 1927 ж. 1-қазанынан 1937 ж. шілдесіне дейін Мәскеуде, ОГПУ органдарының қатаң бақылауында болады. Қазақстанда тұрып, жұмыс істеуіне тиым салынады. 1927-1937 жылдарда Мәскеуде бірыңғай ғылыми, әдеби, аудармашылық қызметпен шұғылданады. Осы мерзім ішінде бірнеше рет саяси айып тағылып, жауапқа тартылады.

Сталиндік билікке ұшырап, қуғындалып, 1937 жылдың тамызда тұтқындалып, түрмеге түседі. Сол жылы 27 қыркүйекте КСРО Жоғарғы соты әскери коллегиясының негізсіз үкімі бойынша ату жазасына кесіледі.

Халқын отаршылдықтың құлдық қамытынан босату үшін күрескен өз заманының аса білімді де білгір, парасатты, терең ойлы, ірі қайраткері, Шығыстың шын мәніндегі ұлы тұлғасы 1989 жылы 16 мамырда КСРО Жоғары сотының Қаулысы бойынша әрекетінде қылмыс құрамы жоқ болғандықтан толық ақталады.

«Қазақ» (1913-18), «Сарыарқа» (1918) газеттерін, «Абай» (1918) журналын шығаруды ұйымдастырып, Кеңес өкіметі жылдарында «Темірқазық», «Қызыл Қазақстан», «Жаңа әдебиет» т. б. журналдармен, «Ақ жол», «Еңбекші қазақ», «Советская степь» және т.б. газеттеріне «Қыр баласы», «Ғ.Б.», «Қ.Б.», «А.Б.», «Сын степей», «Туземец» деген бүркеншік аттармен (псевдоним) көптеген публицистикалық еңбектер жариялаған. «Абай» (Ибраһим) Құнанбаев» атты қазанамалық мақаласы, әр жылдары «Қарақыпшақ Қобыланды», «Батыр Бекет», «Мырза Едіге», «Роман бәйгесі», «Роман деген не?», «Ән, өлең һәм оның құралы» т.б. еңбектері, «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі», этнографиялық сипаттағы «Қазақтардың ас беруі» зерттеу еңбектері жарияланады. «Ер Тарғын» мен «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жырларын жинап, бастырды. Орыс жазушылары Л. Толстой, А. Чехов, В. Короленко, Д. Мамин-Сибиряк, француз жазушысы Ги де Мопассанның шығармаларын қазақ тіліне аударды.

Академик М. Қозыбаевтың пікіріне сүйенсек Әлихан Бөкейханов (400-ден астам жұмыс) бай мұра қалдырған.

1992 жылы Ақтоғай аудандық кеңестің шешімімен Қарағанды облысы қазіргі Ақтоғай ауданының бұрынғы Қаратал кеңшарының жеріне Ә.Н. Бөкейхан есімі беріледі. Ә. Бөкейхан есімімен аталаған мектептер. Алматы және Нұр-Сұлтан қалаларында Ә. Бөкейхан көшелері бар.

1998 жылы Ақтоғайда Әлихан Бөкейхановқа, Әлімхан Ермековке, Жақып Ақбаевқа ескерткіш орнатылды және Әлихан Бөкейхановтың 4 залдан тұратын мұражай-галереясы ашылды. Мұражайда Ә. Бөкейхан еңбектерінің түпнұсқалары мен көшірмелері, жеке заттары және басқа да құнды жәдігерлер жинақталған.

2016 жылы Әлихан Бөкейхановтың 150 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО көлемінде аталып өтті. Барлық жерде ғылыми-тәжірибелік конференциялар, мәдени-көпшілік және басқа да әлеуметтік маңызды іс-шаралар өткізілді.

2016 жылдың желтоқсан айында Қарағандыда «Әлихан Бөкейхан және Тәуелсіз Қазақстанның тарихи негіздері» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті. Шараға қатысқан Түркия, Оңтүстік Корея, Ресей, Украина, Қырғызстан елдерінің зерттеушілері алаш арысының атқарған еңбегі мен ерлігін көпшілікке жеткізді. Конференция барысында Қарағанды облысы әкімдігінің қаржыландыруымен 1000 данамен жарық көрген «Әлихан Бөкейханның шығармаларының» 15 томдығының таныстырылымы болды.

Ақтоғай ауданында жалғасын тапқан шарада Ақтоғай ауылындағы оның есімімен аталатын мектеп алдына Бөкейхановтың бюсті орнатылды.

2019 жылы Қарқаралыда ескерткіш-ансамблі орнатылды. Бұл ескерткіште Алаш қозғалысының көшбасшылары - Ә. Бөкейхан, А. Ермеков, А. Байтұрсыновтың дөңгелек үстел басында өз халқының болашағын талқылап отырғаны бейнеленген.

2021 жылы 14 желтоқсан күні Қарағандыда Октябрь ауданының атауы ресми түрде Әлихан Бөкейхан ауданы деп өзгертілді. Осы бір тарихи маңызды күнге орай Майқұдық ықшамауданының мәдениет үйінің алаңында салтанатты шара өтті.

Әдебиеттер:

1. Бөкейхан Ә. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы // Абай туралы сөз: [10 томдық жинағы]: Абай Құнанбаевтың 175 жылдық мерейтойына арнайы тарту. 9 т. Мақалалар, естеліктер / жоба авт. Р. Сейсенбаев; құраст. К. Серікбаева. - Алматы: Халықаралық Абай клубы, 2020. – 25 б.

2. Бөкейхан Ә. Мақалалар, сын-зерттеулер және тергеудегі жауаптар: ғылыми басылым / Ә. Бөкейхан, Ж. Ақбаев, Ә. Ермеков; ақылдастар алқасы Б. Әбдішев; ред. Қ. Асанов; Қарағанды облысының әкімдігі. - Астана: Фолиант, 2013. - 316 б. - (Сарыарқа

кітапханасы).

3. Бөкейхан Ә. Сайлау // Өлемдік саясаттану антологиясы: 10 томдық. - Алматы: Қазақстан, 2005 - 2008. - 9 т. / құраст. А. Ж. Шоманов. - 2008. - 166-194 б.
4. Бөкейхан Ә. Таңдамалы: Шығармалар жинағы. 2 кітап.- Алматы: Өлке, 2003.- 224 бет.-(Алаш мұрасы)
5. Бөкейхан Ә. Шығармалары = Сочинения: [жинақ]. - Астана: Алашорда, 2016 - 2018. -12 т.: Мақалалар, жарияланымдар, пікірлер (рецензиялар), ғылыми ізденістер, әдеби, ғылыми аудармалар, хаттар = Статьи, заметки, рецензии, научные исследования, художественные, научные переводы, переписка: 1924-1925 (Мәскеу-Орынбор-Ленинград-Мәскеу) / құраст. С. Аққұлы. - [толықт. 3-бас.]. - 2018. - 572 б.
6. Бөкейхан Ә. Шығармалары = Сочинения: қазақ және орыс тілдерінде. - Т.1-15. / бас демеуші Қарағанды облысы; құраст. С. Аққұлы. - Астана: Сарыарқа, 2016. - 2-бас. толықт.
7. Бөкейхан Ә. Шығармаларының толық жинағы = Полное собрание сочинений: қазақ және орыс тілдерінде / Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі, Ақпарат және мұрағат комитетінің бағдарламасы бойынша шығарылды; құраст. Ж. С. Аққұлұлы. - Астана: Сарыарқа, 2009. – Т.1-9.
8. Бөкейханов Ә. Жұрт қызметін таза атқар // Шаймерденұлы Е. Шығармалары: / Е. Шаймерденұлы. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2013. - 159-164 б.
9. Бөкейханов Ә. Тарих керек // Тарих - адамзат ақыл-ойының қазынасы: он томдық. - Астана: Фолиант, 2005 - 10 т.: Түркі халықтарының тарихи ойы. - 2006. - 69-91 б.
10. Бөкейханов Ә. Шығармалар. - Алматы: Қазақстан, 1994. - 334 б.

11. Бөкейханов Ә. Керек сөз. Балқан соғысы. Тағы соғыс [1913-14ж.ж.] // Қазақ тарихы. – 1999. – №2.- 30-32 б.
12. Бөкейханов Ә. Қазақтың қамын ойлаумен.../Алғы сөзін жазған С.Жәмкенұлы//Ақиқат. – 1992.-№2.- 39-43 б.
13. Бөкейханов Ә. Талқан соғысы. Тағы соғыс. /1913-14 жж/ //Қазақ тарихы. – 1999. –№2.- 30-32 б.

Әлихан Бөкейхан туралы әдебиеттер:

14. Аққұлы С. Әлихан Бөкейхан. Қазақ жерінің жоқшысы = The Unifier of kazakh lands: [тарихи басылым]. 1 т. / С. Аққұлы, Ә. Аққұлы ; ред. Д. Қамзабекұлы. - Астана: Алашорда, 2017. - 798 б. 2 т.
15. Аққұлы С. Дінмұхамед Қонаев: Әлихан Бөкейхан - Алты алаштың пірі, рухани көсемі: зерттеулер, мақалалар. - Нұр-Сұлтан : Алашорда, 2021. - 580 б.
16. Алаш жылнамасы: жинақ / құраст. Б. Уәли. - Алматы: Ел-шежіре, 2020. - 117 б.
17. Алаш қозғалысы: балаларға арналған анықтамалық / Е. Тілешов [және т. б.]. - Алматы: InterBesCompany, 2017. - 149 б.
18. Алаштың Әлиханы: алаш қайраткері, ұлт көсемі Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханның туғанына 150 жыл толуын ЮНЕСКО-ның даталы мерекелер шаралары деңгейінде аталып өтілуіне арналады / Ақтоғай археологиялық-этнографиялық мұражайы. - [Қ.ж.?] : [Б.ж.?), 2016. - 52 б.
19. Аманаты алаштың: балаларға арналған энциклопедия / құраст. Т. Қ. Шаңбай; алғы сөз авт. Т. Қ. Шаңбай. - Алматы: Сардар, 2018. - 246 б.
20. Аршабеков Т. Т. Алаштың Әлиханы: Ә. Бөкейханның тарих, жер мәселеріне арналған еңбектеріне шолу /Қарағанды облысы мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасы, Сарыарқа ғылыми-зерттеу орталығы, Қарағанды облыстық бейнелеу өнері музейі. - Қарағанды: Tengri Ltd, 2016. - 130 б.
21. Аршабеков, Т. Т. Арқаның Ақтоғайы: [зерттеу] : Ақтоғай ауданының тарихы мен географиясы / Т. Т. Аршабеков, А. Н. Туғанбай, М. Қ. Қожахмет; Қарағанды

облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы, Тарихи-мәдени мұраны сақтау орталығы. - Қарағанды: Полиграфист, 2018. - 513 б.

22. Ахметов А. Барақ хан әулеті: Хан-сұлтандар шежіресі : зерттеу. 2 т. - Нұр-Сұлтан: Алашорда, 2020. - 381 б.

23. Ә.Бөкейхановтың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметі (1870-1937ж.) // Шығыс Сарыарқа. Қарқаралы өңірінің өткені мен бүгіні / Редакциясын басқарғандар Қ.С.Алдажұманов пен А.З.Бейсенов. – Алматы, - 2004. – 433-438 б.

24. Әбсаттар М. Алаш зиялыларының соңғы сөзі; ред. М. Шапиян. - Алматы: Marfu Press, 2022. - 253 б.

25. Әдебиеттегі Әлихан Бөкейхан бейнесі: [әдеби шығармалар]. [1 кіт.] / құраст. С. Б. Жұмағұл. - Астана: [б. ж.], 2017. - 180 б.

26. Әлихан Бөкейхан - қазақ ұлтшылдығының саяси көсемі // Тілешов Е. Е. Алаш туы астында... - Алматы: Алматы-Болашақ, 2022. - 454 б.

27. Әлихан Бөкейхан (1866-1937): библиографиялық көрсеткіш: екі бөлімді. 1-ші бөлім = Алихан Букейхан (1866-1937): библиографический указатель: в двух частях / Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы; құраст.: Б. С. Балғымбаева, С. А. Жүсіп; сост.: Д. А. Қыстаубаева, М. Оқап; ред. Ә. Сәйдембаева.- Алматы: ҚР Ұлттық кітапханасы, 2017. - 284 б.

28. Әлихан Бөкейхан = Alikhan Bukeikhan = Алихан Букейхан: зерттеулер, мақалалар және сұхбаттар: ЮНЕСКО "шынайы бүкіл әлемдік даңқты қайраткер" деп таныған Ә. Бөкейханның 150-жылдығына арналады / құраст. С. Аққұлы. - Алматы: "Ер Жәнібек" халықаралық қоғамдық қоры, 2016. - 522 б.

29. Әлихан Бөкейхан: энциклопедия / ред. Ж. Тойбаева; құраст. Ғ. Жандыбаев [и др.]; алғы сөз авт. Е. Тілешов. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2018. - 783 б.

30. Бейсенбекова Н. А. «Алаш» қозғалысының тарихы: оқу құралы / Н. А. Бейсенбекова, Л. К. Шотбакова, Қ. С. Өскенбаев; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті. - Қарағанды: ҚарМУ, 2018. - 275 б.

31. Бейсенбекова Н. А. Әлихан Бөкейхан - ұлт мақтанышы: монография / Н. А. Бейсенбекова, Г. М. Смағұлова, Л. К. Шотбакова; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Тарих факультетінің "Тұлғатану" ғылыми-зерттеу орталығы, Қарағанды облысы мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы, "Тарихи - мәдени мұраны сақтау орталығы" КММ. - Қарағанды: Гласир, 2016. - 197 б.

32. Бейсенова Ә. С. Қазақ елі - мәңгілік ел: монография / Ә. С. Бейсенова; Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті. - Алматы: Қазақ университеті, 2017. - 382 б.

33. Бес асыл іс: балаларға арналған танымдық жинақ. - Нұр-Сұлтан: Алашорда, 2021.- 310 б.

34. Бөкейханов Ә. // Қазақ әдебиеті: энциклопедиялық анықтамалық.- Алматы: "Аруна Ltd" ЖШС, 2005.- 136 б.

35. Бөкейханов Әлихан Нұрмұхамедұлы // Қарағанды. Қарағанды облысы: Энциклопедия. – Алматы: Атамұра, 2006. – 193-194 б.

36. Жанысбай С. Әлемге әйгілі Әлихан. - Қарағанды: TENGRI LTD, 2024. - 240 б.

37. Жүсіпов С.А. Ә.Н. Бөкейханның өмірі мен әдеби-публицистикалық мұрасы: Автореферат - Алматы, 1995.- 23 б.

38. Каренов Р. С. Қазақтың үш ұлы көсем. - Қарағанды: ҚарМУ, 2002. - 250 б.

39. Кемеңгер Қ. Әлихан әлемі: көрсеткіш, мақалалар /Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, «Алаш» мәдениет және рухани даму институты, Қазақ географиялық қоғамы. - Алматы: Полиграфкомбинат, 2016. - 225 б.

40. Қойгелдиев М. Қазақ Елі: Ұлттық бірегейлікті сақтау жолындағы күрес (XIX ғ.- XXI ғ. басы): [монография]. - Алматы: Дәстүр, 2014. - 427 б.

41. Қойшыбаев Б. Тәуелсіздік тамырлары: зерттеулер, мақалалар, сұхбаттар. - Алматы: Дәуір, 2022. - 611 б.
42. Құл-Мұхаммед. Бөкейханов Әлихан Нұрмұхамедұлы // «Алаш» бағдарламасы: қиянат пен ақиқат. – Алматы: Атамұра, 2000. – 92-96 б.
43. Құспан А. Алаш заңгерлері. - Алматы: Отбасы, 2023. - 375 б.
44. Ләмбекұлы С. Арыстар: Роман.- Астана: Елорда, 2000.- 368 бет.
45. Махмут Жарылғап. Алаштың Ақтоғайы / құраст.:А.Сейдіахметов, Ж.Махмұт.- Қарағанды: Полиграфия, 1998.- 31 бет.
46. Мейрманова Г. А. Этнологиялық зерттеу әдістері / Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті. - Алматы : Қазақ университеті, 2016. - 179 б.
47. Мұқаш Қ. Әл-Фарабиден Әлиханға дейінгі...ардақты аталарымыздың әуестігі // Әуестік әлемі / Қ. Мұқаш. - Алматы: Abai baspasy, 2022. - 5 б.
48. Негимов С. Шығармалары: [жинақ]: бес томдық / С. Негимов. - Астана: Фолиант, 2018 - 1 т.: Шешендік өнер. - 2018. - 393 б.
49. Озғанбай Ө. Ресей Мемлекеттік Думасы және Қазақстан (1905-1917 жж.): [оқу құралы] / Ө. Озғанбай; алғы сөз авт. С. З. Зиманов. - 3-ші басылым толықтырылған. - Алматы: Нұрлы әлем, 2006. - 358 б.
50. Сәдуақас Қ. Алаш алыптары / Қ. Сәдуақас. - Астана: Фолиант, 2016. - 314 б.
51. Смағұлов Ж. XX ғасырдағы қазақ әдебиеттану ғылымы: оқулық. - Астана: Фолиант, 2017. - 478 б.
52. Суханберлин О. Әлихантанушы. Тілеуғалы Әміртайұлының тау тұлға Әлихан Бөкейханды таныту туралы деректері: зерттеу / О. Суханберлин. - Қарағанды: Марченко Г. Г., 2019. - 102 б.
53. Тарих кеңістігіндегі тілдерді дамытудың өзектілігі: республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы: Қазақстан Тәуелсіздігінің 25 жылдығы мен Әлихан Бөкейхановтың 150 жылдық мерейтойына арналған / Қарағанды облысының әкімдігі, Қарағанды облысының Тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы; ред. Ә. Ж. Аманжолов. - Қарағанды: [б. ж.], 2016. - 231 б.
54. Тарихи қанатты сөздер / құраст.: Ә. Пірманов, А. Қапаева. - Алматы: Атамұра, 2017. - 166 б.
55. Хасан С. Әлихан Бөкейхан кім?. - Алматы: Mazmundama, 2023. - 111 б.
56. Ісімақова А. Алаш әдебиеттануы. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2017. - 477 б.

57. Азбанбаев М. Құрылтай - адал еңбек бірлестігі // Орталық Қазақстан. - 2024. - 12 желтоқсан (№ 140). - 6 б.
58. Айтжанова Қ. Найзағай-Рух намысты жанып... / Айтжанова, Ж. Әлиман, Ж. Шалқар // Орталық Қазақстан. - 2021. - 13 наурыз (№ 28). - 1 б.
59. Аққұлы С. Алаш идеясы: отар елден Тәуелсіз Қазақстанға дейін // Орталық Қазақстан. - 2021. - 11 наурыз (№ 27). - 1 б; Нұра. - 21 мамыр, 2021 жыл (№20). - 4,8 б.
60. Амантай Ж. ТҮРКСОЙ - түркі тарихы аясында // Орталық Қазақстан. - 2023. - 11 наурыз (№ 28). - 8 б.
61. Аршабеков Т. Әлихан һәм Алаш идеясы // QARAĞANDY HABARY. - 2022. - 15 желтоқсан (№ 46). - 5 б.
62. Асан М. Елді елең еткізген екі сурет // Егемен Қазақстан. - 2021.-26 наурыз (№ 56).-13 б.
63. Асанов Қ. Беу, боз дала байтағым // Қасым. - 2024. - № 6. - 11-34 б.
64. Аширбекова Ж. Б. Әлихан Бөкейхановтың пәлсапалық тұжырымдары // Ізденіс = Поиск. - 2021. - 22 сәуір (№ 8). - 10 б.
65. Әбдәкімов Ә. Шындықтың шежіресі // Қасым. - 2022. - № 6. - 11-28 б.
66. Әбілда Қ. Әлиханның мүсіні асқақтады // Егемен Қазақстан. - 2021.- 28 қыркүйек (№ 183). - 16 б.
67. Әбілда Қ. Октябрь тозды, Әлихан озды // Егемен Қазақстан. - 2021. - 15

наурыз (№ 49). - 1,7 б.

68. Әбілда Қ. Тұлаға тағзым - Тәуелсіздік тартуы // Егемен Қазақстан. - 2021. - 10 желтоқсан (№ 236). - 1 б.
69. Әбіш М. Оқу ордасы - Әлихан атында // Егемен Қазақстан. - 2021.- 1 қыркүйек (№ 164). - 12 б.
70. Әлиман Ж. Қазақты қансыратқан қызыл тудан қашан құтыламыз? // Арқа ақшамы. - 2021. - 25 қараша (№ 43). - 7 б.
71. Әлиман Ж. Өзгелер айтқан Қасым қай Қасым? // Орталық Қазақстан. - 2021. - 25 ақпан (№ 22). - 8 б.
72. Әлиман Ж. Тұтастықты ту еткен сурет // Егемен Қазақстан.-2022.- 6 қазан (№ 191).- 14 б.
73. Әлиман Ж. Ұлы мұрат - ұлт көші // Орталық Қазақстан. - 2021. - 16 наурыз (№ 29). - 3 б.
74. Әлиман Ж. Үлкендік қарттықпен өлшенбейді... // Арқа ақшамы. - 2021.- 25 қараша (№ 43). - 8 б.
75. Әлихан әруағына тағзым // AQTÓĠAI AJARY. - 2022. - 30 қыркүйек (№ 39). - 1-2 б.
76. Әлихан Бөкейханның Потанинге жазған хаттары // Қазақ әдебиеті. -2021.- 23 сәуір (№ 17). - 7 б.
77. Әмір Д. Әлихан - алаштың мүддесі мәңгілік көсемі // Қасым. - 2023. - № 5. - 43-56 б.
78. Әмір Д. Күнкөсемді алаш мүддесіне иліктірген // Қасым. - 2023. - № 6. - 3-24 б.
79. Әмір Д. Алаш көсемі Әлиханның мәңгілік мүддесі // Орталық Қазақстан. - 2023. - 30 қыркүйек (№ 109). - 5 б.
80. Әмір Д. Алашына адал болған азамат // Заң. - 2022. - № 11. - 3-8 б.
81. Әміртайұлы Т. Аманатқа қиянат жоқ // Орталық Қазақстан. - 2021.- 16 желтоқсан (№ 140). - 5 б.
82. Әміртайұлы Т. Әлихан және азаттық идеясы // Орталық Қазақстан. - 2021.- 23 ақпан (№ 21). - 3 б.
83. Әшірбек З. Әлихан Бөкейхан - ұлт азаттық күрескер // AQTÓĠAI AJARY. - 2022. - 23 желтоқсан (№ 51). - 1-2 б.
84. Бақыш Д. Алаш арысы ардақталды [Мәтін] / Д. Бақыш // AQTÓĠAI AJARY. - 2023. - 3 қараша (№ 45). - 2 б.
85. Бәкір Ә. Мұстафаны Әлиханға қарсы қоятындарға қарсымын // Қазақ әдебиеті. - 2023. - 16 маусым (№ 24). - 4 - 5 б.
86. Бейсенбекова Н. Ә.Бөкейхан: тарихнамалық шолу // Орталық Қазақстан. - 2021. - 4 наурыз (№ 25). - 4 б.
87. Бөкейхан Ә. Би ғаділ болмай, жұрт ісі ілгері баспайды; дайындаған Е. Ерболұлы // Арқа ақшамы. - 2021. - 4 наурыз (№ 9). - 10-11 б.
88. Білім ордасында Әлихан мұражайы ашылды // Ізденіс = Поиск. - 2022. - 10 наурыз (№ 5). - 7 б.
89. Дәлелхан Р. Қарлаг - қаралы тарих // Орталық Қазақстан. - 2021.-15 маусым (№ 64).- 4 б.
90. Дәулетбекұлы М. Абылай мен Әлихан бейнеленген мурал кент ажарын ашып тұр // Шет шұғыласы. - 2024. - 19 қыркүйек (№ 38). - 1 б.
91. Дулатбеков Н. Әлихан Бөкейхан: Самара іздері // Орталық Қазақстан. - 2020. - 11 қаңтар (№ 3). - 1 б.
92. Дүйсенбин П. АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ. 1 актілі, 5 көріністі драма // Ана тілі. - 2022. - 14-20 шілде (№ 28). - 9 б.
93. Елубаева М. Ұлт көсемі - Әлихан // Арқа ақшамы. - 2024. - 2 мамыр (№ 17). - 6 б.
94. Жақан Ә. Әлихан һәм Тәуелсіздік // Орталық Қазақстан. - 2021. - 28

желтоқсан (№ 144). - 5 б.

95. Жақан Ә. Ұлт көсемі хақында // Қарқаралы. - 2022. - 15 желтоқсан (№ 49). - 3 б ; Абай-Ақиқат. - 24 желтоқсан, 2022 жыл (№50). - 3 б.
96. Жақсыгелдин І. Ә.Бөкейханның аграрлық салаға арнаған ауқымды зерттеулері // AQTOĞAI AJARY. - 2021. - 15 қаңтар (№ 3). - 6 б.
97. Жанысбай С. Әлемге әйгілі Әлихан // Қасым. - 2020. - № 4. - 57-146 б.
98. Жанысбай С. Ұлы Абайды ардақ тұтқан Әлихан // Орталық Қазақстан. - 2020. - 11 маусым (№ 62). - 4 б.
99. Жарқынбаева Г. Әлиханның арманы // AQTOĞAI AJARY. - 2021. - 23 сәуір (№ 16/17). - 3 б.
100. Жарқынбаева Р. Қазіргі білім беру жүйесінің дамуына Әлихан идеяларының әсері / Р. Жарқынбаева, Н. Бекжанова // Үркер. - 2021. - № 4. - 2-4 б.
101. Жұмагелдинова А. Алаш мұраты - тәуелсіздік // Бұқар жырау жаршысы. - 2023. - 16 қыркүйек (№ 36). - 14 б.
102. Жұмағұл С. Әлиханның қазақ тіліне қызметі // Орталық Қазақстан. - 2020. - 5 наурыз (№ 26). - 4 б; Ақтоғай ажары. - 2023. - 10 ақпан (№7). - 5-6 б.
103. Жұмағұл С. Көсемнен қалған көшелі ой // Орталық Қазақстан. - 2021. - 4 наурыз (№ 25). - 1 б.
104. Жыл шешімі // Егемен Қазақстан. - 2021. - 31 желтоқсан (№ 250). - 10 б.
105. Исенов Ә. Әлихан Бөкейханов жер мәселесі хақында // Қазақ тарихы. - 2020. - № 7. - 30-31 б.
106. Кәрім Н. Алаштықтар әз-Наурыз жайлы // Орталық Қазақстан. - 2023. - 21 наурыз (№ 32). - 5 б.
107. Кәрім Н. Балқаштағы баянды істер // Орталық Қазақстан. - 2020. - 26 желтоқсан (№ 142). - 6 б.
108. Козодой В. Әлихан - жалпыұлттық деңгейдегі саясаткер: [Ресейлік тарихшы-ғалым, профессор Виктор Козодоймен сұхбат]; сұхбаттасқан А. Шотбайқызы // Егемен Қазақстан. - 2021. - 13 сәуір (№ 68). - 8 б.
109. Қабидолда Р. Ер мүддесі - ел мүддесі // Егемен Қазақстан. - 2021. - 1 қаңтар (№ 1). - 7 б.
110. Қабыл Д. Арысын ардақтаған Ақтоғай // Орталық Қазақстан. - 2021. - 13 наурыз (№ 28). - 3 б.
111. Қабыл Д. Әлихан есімі ауданға берілді [Мәтін] / Д. Қабыл // AQTOĞAI AJARY. - 2021. - 10 желтоқсан (№ 50). - 1 б.
112. Қайнарұлы М. Әлихан туралы тың дерекке толы кітап // Егемен Қазақстан. - 2021. - 28 қазан (№ 205). - 6 б.
113. Қайнарұлы М. Ұлт көсемі рухтандырып тұр // Егемен Қазақстан. - 2021. - 23 тамыз (№ 158). - 12 б.
114. Қайратұлы Б. Әлихан және Алаш аңсары // Егемен Қазақстан. - 2021. - 5 наурыз (№ 45). - 4 б.
115. Қамзабекұлы Д. Жария һәм жарияланған АЛАШ АВТОНОМИЯСЫ: Алаш автономиясы мен Түркістан мұхтарияты жалпы қазақ елінің, бүгінгі Қазақстан Республикасының мемлекеттілік тәжірибесі ретінде өз бағасын толық ала алмай келеді // Айқын. - 2022. - 19 шілде (№ 105). - 1, 6 б.
116. Қараталда - Бөкейханов мүсіні // Арқа ақшамы. - 2021. - 30 қыркүйек (№ 35). - 4 б.
117. Қойшыбаев Б. Ұлт тарихының жете зерделенетін тұстары // Егемен Қазақстан. - 2020. - 16 қазан (№ 198). - 16 б.
118. Қуатбек Е. Азаулыда азаттықтай азанама... // Арқа ақшамы. - 2024. - 30 мамыр (№ 20). - 5 б.
119. Қуатбек Е. Жұмбақ «Ү» // Арқа ақшамы. - 2022. - 17 ақпан (№ 7). - 7 б.
120. Қуатбек Е. Фигародағы "наблюдатель" кім? Әлихан ба, әлде... // Арқа ақшамы. - 2023. - 20 шілде (№ 26).

121. Момынова Б. Ұланғайыр даланың рухани сақияы // Ана тілі. - 2023. - 29 маусым (№ 26). - 6 б.
122. Мұқан Т. Тұлға тағдырының тамыры // Орталық Қазақстан. -2021.-18 ақпан (№ 19). - 4 б.
123. Мұқан Т. Тұлғалар тағдырындағы ұқсастық // Орталық Қазақстан.- 2020.- 5 наурыз (№ 26).- 4 б.
124. Мұсабек Е. Әлихан әлемі // Орталық Қазақстан. - 2021. - 20 ақпан (№ 20). - 4 б; 25 ақпан (№22). - 3 б., 4 наурыз (№ 25). - 3 б; 16 наурыз (№29). - 3 б.
125. Орымбек Е. Әлихан Бөкейхановтың XX ғасыр басындағы саяси қызметі // Жас ғалым. - 2022. - № 1. - 12 - 13 б.
1968 жылы «Астана оттары» атты тұңғыш өлеңдер жинағы жарық көрді. Сматаевтың «Тағдырлар» (1976), «Сен кімсің» (1977), «Әз-әзәзіл» (1978), «Жұлдызым менің жоғары» (1985) пьесалары республикалық, облысы театрларда қойылды. «Жұмбақ қыз», «Жаяу Мұса» операларының либереттосын жазды. В. Г. Короленко, В. В. Иванов, В. А. Солоухин, Х. Абдуллин, Ю. Мухлисов, сондай-ақ, У. Шекспир, И. Добози шығармаларын қазақ тіліне аударды.

Белгілі драматургтің пьесалары Қазақстанның оннан астам театрында, сондай-ақ, Қазан, Нүкіс сахналарында қойылған. «Алтын құндақ», «Тағдырлар», «Далам-ай – панам-ай!», Абылай хан», «Көгілдір такси» пьесалары Алматы, Семей, Атырау, Шымкент т.б., қалалар театрларында қойылды. Автордың «Жұлдыздар сөнбейді», «Юлий Цезарь» (аудармасы), «Әзіл - әзәзіл» пьесалары М. Әуезов атындағы театрда сахаланып, көрермен көпшіліктің құрметіне бөленген туындылар. Сонымен бірге С. Сматаевтың либреттосы бойынша сахналанған «Жұмбақ қыз» операсы Абай атындағы опера және балет театрының аса құнды қойылымдарының бірі болды.

«Ордабасы», «Бұқар жырау», «шақшақ Жәнібек» және «Сәкеннің ылдиы мен өрі» 1993-94 жылдары театрландырылған дала сахнасында қойылған.

Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты (1992). «Құрмет» орденінің иегері (2000). «Парасат» орденінің иегері. Қазақстан Республикасының бірнеше медалімен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамоталарымен марапатталған. Жезқазған, Балқаш қалалары, Ағадыр, Қарқаралы, Шет аудандарының Құрметті азаматы. 2023 жылы қазан айында «Қазақстанның Халық жазушысы» атағы берілді.

Әдебиеттер:

1. Сматаев С. Ағаларым - жағаларым, інілерім - ірілерім. - Алматы: Алманар, 2013. - 449 б.

2. Сматаев С. Алау: повестер. - Алматы: Жазушы, 1974. - 196 б.

3. Сматаев С. Алғашқы асу. - Алматы: Жалын, 1982. - 264 б.

4. Сматаев С. Аналар-ай - даналар-ай. - Алматы: Құс жолы, 2008. - 128 б.

5. Сматаев С. Әзіл-әзәзіл: пьесалар жинағы. - Алматы: Өнер, 1990. - 310 б.

6. Сматаев С. Әулет сыры: дастан / С. Сматаев. - Алматы: Құс жолы, 2007. - 80 б.

7. Сматаев С. Базарың құтты болсын: киноповестер. - Алматы: Құс жолы, 2007. - 378 б.

8. Сматаев С. Бәсер, Айкүміс және басқалар // Беласқан: повестер жинағы / құраст. Д. Исабеков. - Алматы: Жалын, 1981. - 162 – 238 б.
 9. Сматаев С. Ботасымын боздаған боздаламның. - Алматы: Алманар, 2016. - 422 б.
 10. Сматаев С. Ғарышқа көз тіккен жер: әңгімелер / С. Сматаев; ред. С. Қаратаев. - Алматы: Жалын, 1985. - 185 б.
 11. Сматаев С. Елім-ай: роман. 1-том. - Алматы: Сардар, 2024. - 558 б.
 12. Сматаев С. Елім-ай: роман-трилогия. - Астана: Фолиант, 2003. 2-т. - 424 б.
 13. Сматаев С. Жылдарым-жырларым: үш томдық шығармалар жинағы. - Алматы: Алманар, 2009. - 326 б.
 14. Сматаев С. Көп томдық шығармалар жинағы - Алматы : [б. ж.], 2020 - 1-25 т.
 15. Сматаев С. Көп томдық шығармалар жинағы. - Алматы: Ел-шежіре, 2008. 1т. – 17 т.
 16. Сматаев С. Қаз дауысты Қазыбек би // Қаз дауысты Қазыбек би: энциклопедия / бас ред. Н. Дулатбеков. - Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2011. - 35-44 б.
 17. Сматаев С. Қаз дауысты Қазыбек би. - Алматы: Алманар, 2017. - 378 б.
 18. Сматаев С. Мәңгілік бастауы: роман. - Алматы: Жалын, 1987. - 350 б.
 19. Сматаев С. Мейрамсопы-Қарқабат. - Алматы: Алманар, 2010. - 207 б.
 20. Сматаев С. Мен - тірімін! - Алматы: Алманар, 2011. - 314 б.
 21. Сматаев С. Мен - ұлымын Алаштың. - Алматы: Алманар, 2018. - 469 б.
 22. Сматаев С. Мұңлы ойлар. - Алматы: Алманар, 2015. - 441 б.
 23. Сматаев С. Ұядан қияға ұшқандар. - Алматы: Құс жолы, 2008. - 134 б.
 24. Сматаев С. Шығармалары; Қарағанды облысының әкімдігі.- Астана: Фолиант, 2013.-3 т.- 558 б.
 25. Сматай С. Жарылғап батыр: өлеңмен жазылған роман. - Алматы: АБА "Айкос", 2000. - 320 б.
 26. Сматай С. Қайран жастық: повестер мен әңгімелер. - Астана: Елорда, 2001. - 408 б.
- ***
27. Мухлисов Ю. Садыр Палуан: роман-новелла / Ю. Мухлисов; ауд. С. Сматаев. - Алматы: Жалын, 1979. - 216 б.
 28. Ой маржандары: мақалдар мен мәтелдер / ауд.: Н. Оңдасынов, С. Сматаев. - Алматы: Жалын, 1984. - 197 б.
- ***
29. Сматаев С. Абылай хан // Жалын. - 2010. - № 1. - 11-36 б.
 30. Сматаев С. Азаматтық, адамдық тұрғыдағы Қазыбек бидің бейнесі // Жұлдыздар отбасы АҢЫЗ АДАМ. - 2011. - № 23. - 25-27 б.
 31. Сматаев С. Аққуымды іздеп жүрмін әлі мен... // Орталық Қазақстан. - 2024. - 11 мамыр (№ 51). - 5 б.
 32. Сматаев С. Бір естеліктің сыры // Шет шұғыласы. - 2023. - 21 желтоқсан (№ 51). - 4-5 б.
 33. Сматаев С. Бірінші ой: Не істеу керек? // Жұлдыз. - 2021. - № 6. - 3-13 б.
 34. [Сматаев С. Дархан дарын // Орталық Қазақстан. - 2024. - 21 қыркүйек \(№ 106\). - 6 б.](#)
 35. Сматаев С. Елдестіркем елшіден // Қарқаралы. - 2017. - № 1. - 4-16 б.
 36. Сматаев С. Жазушының қойын дәптерінен // Шет шұғыласы. - 2023. - 7 желтоқсан (№ 49). - 5 б.
 37. Сматаев С. Жайраң Жәйрем // Qazaqtanu. - 2023. - № 10. - 65 - 69 б.
 38. [Сматаев С. Қаз дауысты Қазыбек // Қазақ әдебиеті.-2017.- 4-10 тамыз \(№ 32\).- 1, 16-17 б.](#)
 39. Сматаев С. Қалағам менің - 90 жыл // Қазақ әдебиеті. - 2020.-30 қазан (№ 42/43).-9 б.

40. Сматаев С. Отырам үнсіз сөгіліп // Қазақ әдебиеті. - 2018. - 23 ақпан-1 ақпан (№ 7). - 14, 15 б.
41. Сматаев С. Өз орнымды ойып алғам өзге жетпес төрімнен // Орталық Қазақстан. - 2021. - 22 маусым (№ 67). - 5 б.
42. Сматаев С. Сыдықтың сазын ұмытуға бола ма? // Орталық Қазақстан. - 2024. - 17 тамыз (№ 92). - 5 б ; Орталық Қазақстан. - 2024. - 20 тамыз (№93). - 5 б ; Орталық Қазақстан. - 2024. - 24 тамыз (№95). - 6 б.
43. Сматаев С. Тектілік немесе бір өкініш, бір өксік // Орталық Қазақстан. - 2023. - 14 қаңтар (№ 5). - 6 б.
44. Сматаев С. Туған жер, ұшқан ұя, алтын бесік... // Арқа ақшамы. - 2024. - 18 шілде (№ 27). - 7 б.
45. Сматаев С. Халық - менің тірегім, қасиеттім мен құдіреттім: жазушы, Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты С. Сматаевпен әңгіме / әңгімелескен Д. Төлебаев // Ана тілі. - 2016. - 13-18 мамыр (№ 19). - 8 б.
46. Сматаев С. Шахминам - мәңгілік махаббатым менің // Жалын. - 2022. - маусым (№ 6). - 17-35 б; №7. - 23-38 б; №8. - 80-96 б; №9. - 18-33 б.

47. Сматаев С. Уыз інгәмен-ақ жарық жалғанға «ҚАЗАҚПЫН!»: жазушы С.Сматаевпен сұхбат / сұхбаттасқан М.Шапиян // Жұлдыздар отбасы. - 2013. - № 24. - 19-23 б.
48. Сматаев С. Ұл мүддесінен ұлт мүддесі артық болуы керек: жазушы, Халықаралық "Алаш" сыйлығының иегері С.Сматаевпен сұхбат / сұхбаттасқан А.Исәділ // Алаш айнасы. - 2011. - 22 маусым (№ 107). - 6 б.
49. Сматаев С. Халықты қаралаған - қасиетінен айрылады: акын, драматург С. Қ. Сматаевпен әңгіме / әңгімелескен Г. Бектасова // Түркістан. - 2011. - 16 маусым (№ 24). - 9 б.
50. Сматаев С. Шенеуніктер шырылдауық шегірткедей "гөлайттап" жүргенде, мемлекеттік механизмнің тетіктері шашылып қалған: жазушы С.Сматаевпен сұхбат / сұхбат. С.Қарабас // Қазақстан. - 2009. - 13 наурыз (№ 9). - 8, 13 б.
51. Сматаев С. Шыңғыруым шыңырауға батып, аңырауым апанға көміліп барады: жазушы С. Сматаевпен сұхбат / сұхбаттасқан А. Өмірзақ // Түркістан. - 2016. - 9 маусым (№ 23). - 9 б.
52. Сматаев С. Халық - менің тірегім, қасиеттім мен құдіреттім: жазушы , Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты С. Сматаевпен әңгіме / әңгімелескен Д. Төлебаев // Ана тілі. - 2016. - 13-18 мамыр (№ 19). - 8 б.

Софы Сматаев туралы әдебиеттер:

53. Мәмесейітов Т. Тоғысқан толқын. - Алматы: Жазушы, 1982. - 236 б.
54. Сматаев Софы // Қазақстан жазушылары 75 жыл / құраст. С. Қамшыгер. - Алматы: Ан Арыс, 2009. - 364 б.
55. Сматаев Софы // Қазақстан жазушылары XX ғасыр: анықтамалық. - Алматы: Ана тілі, 2004. - 285-286 б.
56. Сматаев Софы Қалыбекұлы // Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. - Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010. - 477 б.
57. Сматаев Софы Қалыбекұлы // Қарағанды. Қарағанды облысы: энциклопедия / ред. А. А. Абдулин. - Алматы: Атамұра, 2006. - 447-448 б.
58. Сматай Софы Қалыбекұлы // Шет ауданы: энциклопедия / ред. Ә. Оспан. - Алматы: ҚазАқпарат, 2013. - 332-333 б.
59. Шоқ жұлдыз: пьесалар жинағы / құраст. Д. Исабеков. - Алматы: Өнер, 1982. - 430 б.

60. Абай Е. Елім- ай дейтін ер еді... // Арқа ақшамы. - 2021. - 18 қараша (№ 42). - 6 б.
61. [Әбілда Қ. Болаттай берік жазушы // Егемен Қазақстан. - 2021.- 19 қараша \(№ 221\). - 10 б.](#)
62. Башар Ж. Тау тұлға // Орталық Қазақстан. - 2021. - 22 маусым (№ 67). - 5 б.
63. Белгібайұлы Ә. Қарқаралы қаламгерді құрметтеді // Арқа ақшамы. - 2024. - 18 шілде (№ 27). - 1,4 б.
64. Дәдебаев Ж. Тарихи романдағы табыстар // Қазақ әдебиеті. - 2024. - 13 желтоқсан (№ 49/50). - 13 б.
65. Елеуменов Ш. Тәуелсіздік дәуір романы // Жұлдыз. - 2014. - № 3. - 172-187 б ; № 4. - 179-187 б.
66. Жүністегі К. Қаракесек // Орталық Қазақстан. - 2021. - 9 желтоқсан (№ 137). - 6 б ; Арқа ақшамы. - 2021. - 16 желтоқсан (№45). - 6 б ; Шет шұғыласы. - 2021. - 9 желтоқсан (№49). - 4 б.
67. Иманасов С. Софы туралы сөз // Қазақ әдебиеті. - 2011. - 24-30 маусым (№ 25). - 7 б.
68. Кұлмағамбетов Т. Киіктіден ескен керімсал // Орт. Қазақстан. - 2007. - 12 маусым. - 2 б.
69. Қирабаев С. Замана жыршысы // Қазақ әдебиеті. - 2011. - 24-30 маусым (№ 25). - 6 б.
70. Нарын Е. Сматаев – «Халық жазушысы» // Орталық Қазақстан. - 2023. - 28 қазан (№ 120). - 1 б.
71. Тақ сыңары - ел қамы // Қазақ әдебиеті. - 2015. - 9-15 қазан (№ 39). - 9 б.
72. [Шалқар Ж. Билбордтар - болашаққа бастайды // Орталық Қазақстан. - 2021. - 20 шілде \(№ 78\). - 6 б.](#)
73. Шегебай З. Өлеңмен өрнектелген құрмет пен ізет // Алаш айнасы.- 2013.- 16 мамыр.- 5 б.

26 маусым 1936 – қыркүйек 2007 - Техника ғылымдарының докторы, профессор, екі мәрте ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген өнеркәсіп қызметкері, Қарағанды қаласының Құрметті азаматы Дімкеш Мұқановтың туғанына 90 жыл

Дімкеш Мұқанов 1936 жылы 26 маусымда Қарағанды облысының Тельман ауданында дүниеге келген (қазіргі Бұқар жырау ауданына қарасты Теке, Қараөзек ауылы). Бонч-Бруевич атындағы Ленинград электротехникалық байланыс институтының түлегі, ол өзінің инженерлік, өндірістік және шығармашылық қызметін 1959 жылы Қарағанды көмір ғылыми-зерттеу институтында ғылыми қызметкер ретінде бастады. 1960-1963 жылдары Қарағанды қалалық комсомол комитетінің бірінші хатшысы болып сайланды. 1964 жылдан бастап Казчермет бірлестігінің бөлім бастығы, содан кейін изотоптардың негізгі зертханасының бас инженері болып жұмыс істеді. Димкеш Мұқанұлы 1980 жылы Арнайы жобалау конструктор бюросының директоры, 1985 жылы «Черметавтоматика» НПО бас директоры болды. 2000 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Минералды ресурстарды кешенді өңдеу ұлттық орталығы бас директорының бірінші орынбасары болып жұмыс істеді.

Д. Мұқановтың бастамасымен және оның белсенді қатысуымен Қазақстанда технологиялық процестерді автоматтандыруға арналған ғылыми-өндірістік кешен («Казчерметавтоматика» ААҚ) құрылды, оның басшысы ретінде Д. Мұқанұлы кадрларды іріктеуде, оқытуда, зерттеу нәтижелерін енгізуге және ғалымдар тобын құруға қажырлы

еңбек етті. Отандық және шетелдік металлургия өнеркәсібінің көптеген кәсіпорындарының инженерлерін даярлады.

Бірқатар мемлекеттік ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламалардың бас жобалаушысы және ғылыми жетекшісі ретінде ол Қарағанды металлургиялық зауытының іске қосу қондырғыларын автоматтандыруға қатысты: құю зауыты, домна пештері, оттегі түрлендіргіш өндірісі, қалайы цехы және т.б.

Д. Мұқанов «Қара металлургия үшін технологиялық партиялар мен процестерді басқару жүйелерінде жоғары ылғалдық материалдарды жасау және енгізу» жұмысы үшін ғылым мен техника саласындағы Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығына ие болды (1984, 2005).

Профессор Д. Мұқанов үнемі ғылыми-педагогикалық қызметпен айналысты (ҚарМТУ, ҚарМУ, ҚазҰТУ). Инженерлердің біліктілігін арттыру мақсатында ол Е. Бөкетов атындағы ҚарМУ «Радиофизика және электроника» кафедрасын құрды және басқарды.

Д.М. Мұқанов - техника ғылымдарының докторы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері. 2000 жылдан өмірінің соңына дейін ҚР минералдық шикізатты кешенді өңдеу жөніндегі ұлттық орталық бас директорының бірінші орынбасары болып қызмет атқарған. Ғалымның ғылыми жетекшілігімен жүргізілген жұмыстар «Қазақмыс» корпорациясы», «Еуразиялық өнеркәсіп» қауымдастығы және басқа да көптеген қазіргі заман кәсіпорындарында тұрақты қолданылуда. 200-ге жуық ғылыми еңбектің авторы. Оның арасында қара металлургия, басқа да ғылым салаларының технологиялық мәселелері бойынша 11 монографиясы бар.

Қарағанды қалалық комсомол комитетінің бірінші хатшысы, облыстық халық депутаттары кеңесінің депутаты, партия комитеттерінің мүшесі, «Қарағанды-Космос» ғылыми-өндірістік бірлестігінің президенті болып сайланды. Ол Қарағанды қаласының құрметті азаматы, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі. 2003-2015 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық даму стратегиясын әзірлеуге қатысты. Халықаралық ақпараттандыру академиясы президиумының мүшесі (2001).

«Қазақ энциклопедиясы» баспасынан жарық көрген 10 томдық «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясына (1998-2007) ат салысып, бірнеше мақалалар жариялаған.

2007 жылы қыркүйек айында жол апатынан қайтыс болды.

Әдебиеттер:

1. [Мұқанов Д. Мен Қарағандының болашағына сенемін: Елбасының Қазақстан халқына Жолдауын оқығанда // Орталық Қазақстан. - 2000. - 16 желтоқсан](#)

Дімкеш Мұқанов туралы әдебиеттер:

2. Жанысбай С. Азаматым-ардағым. - Қарағанды: Арко, 2013. - 254 б.
3. Дымкеш Мұқанов // Қазақ күнтізбесі - 2016/ Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі; құраст. Н. Оразбек. - Алматы: Қазақстан, 2015. - 384 б.
4. Мұқанов Дымкеш // Қазақ энциклопедиясы: энциклопедиялық анықтамалық / бас. ред. Ж. Тойбаева; құраст.-авт.: Ғ. Жандыбаев, К. Қошым-Ноғай, Ғ. Егеубаева. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2017. - 249 б.

5. Дімкеш Мұқанұлы Мұқанов // Орталық Қазақстан. - 2007. - 25 қыркүйек. - 3 б.
6. [Жанысбай С. Есімі есте қалады // Орталық Қазақстан. - 2010. - 11 желтоқсан. - 7 б.](#)
7. [Жанысбай С. Өзгелер үлгі тұтады // Орталық Қазақстан. - 2011. - 26 мамыр. - 3 б.](#)

8. [Жанысбай С. Ғалымның жеке қоры // Орталық Қазақстан. - 2012. - 20 қазан. - 3 б.](#)
9. Жанысбай С. Білімнің сара жолында // Орталық Қазақстан. - 2014. - 5 маусым. - 6 б.
10. Әміртайұлы Т. Асқар әке, ғұлама ғалым, абзал азамат // Орталық Қазақстан. - 2016. - 25 маусым (№ 100). - 5 б.
11. [Әлиман Ж. Ғылым өмірінің ғибраты // Орталық Қазақстан. - 2017.-16 қараша \(№ 128\).- 8 б.](#)
12. Молдахметов З. Ел тарихындағы елеулі тұлға // Орталық Қазақстан. - 2019. -11 сәуір. - 5 б.
13. Туғанбаева Т. Мұқанов шәкіртақысы - Мәртебе! // Орталық Қазақстан. - 2021. - 13 мамыр (№ 49). - 5 б.Туғанбаева Т. Тағылымды тағдыр иесі // Орталық Қазақстан. - 2020.-22 ақпан (№ 21). - 4 б.

1 шілде 1956 - Қарағанды облыстық мәдени-сауық және халық шығармашылығының ғылыми-әдістемелік орталығының құрылғанына 70 жыл

Облыстық мәдени-сауық және халық шығармашылығының ғылыми-әдістемелік орталығы 1945 жылдың сәуір айында құрылған (Халық шығармашылығы үйі). Ол әуесқой ұжымдардың жұмысын үйлестірумен айналысады. Оның алғашқы жетекшісі Қ. Мұқышев болды, қызметкерлерінің ішінен жазушы, публицист, аудармашы Ж. Бектұровты атауға болады. Бұдан кейін халық шығармашылығы үйі облыстық демалыс және халық шығармашылығы ғылыми-әдістемелік орталығы болып қайта құрылды. Облыстық мәдени-сауық және халық шығармашылығының ғылыми-әдістемелік орталығы 1954 жылы жабылып, 1956 жылдың 1 шілден бастап жұмысын жалғастырды.

Орталықтың бастықтары Қ. Мұқышев «1945 ж.», Ф. Мұхамеджанова (1956ж.), Қ. Құсниденова (1977 ж.), Х.А. Хайдарғалиева (1999-2007), К.С. Садуақасова (2007 – 2023 ж.) басшылық етті. Бұлар шығармашылық идеялардың нағыз қайнар көзі саналған білікті тұлғалар болды. Қазір орталықтың басшысы Индира Бақытқызы Канафина.

Қарағанды облысында қатысушылар саны 32924 адам болатын 1763 клубтық құрамалар жұмыс істейді, оның ішінде 1199 көркемөнерпаздар ұжымдары, оларда 21260 қатысушы шұғылданады.

«Халықтық» және «Үлгілі» атағын беру халық шығармашылығы ұжымдары жұмысының жоғары бағасы мен көрсеткіші болып табылады. Облыста құрметті атаққа ие 103 көркемөнерпаздар ұжымы бар.

Өзіндік халық шығармашылығын дамыту және насихаттау мақсатында облыстық мәдени-сауық және халық шығармашылығы ғылыми-әдістемелік орталығы 20-дан астам түрлі жанрдағы фестивальдар, байқаулар өткізеді, оларға Қарағанды облысының қалалары мен аудандарының ауылдық ұжымдары белсенді қатысады.

Мәдени-сауық қызметінің басым бағыттарының бірі қазақ халық шығармашылығын дамыту болып табылады.

Жас ұрпақты ақындардың шеберлік өнеріне баулу мақсатында облыстың үздік суырып салма ақындарын-жыл сайынғы «Армысың, әз Наурыз» айтысын, Жұмабек Тәшенов атындағы жас ақындар мен мүшайра айтыстарын жинайтын облыстық ақындар айтысы өткізіледі. ОМСЖХШҒӨО-ғы жанынан «Арқа» жас ақындар мектебі құрылды.

Қазақ халқының салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын сақтау, сондай-ақ үйлесімді әдемі тұлғаны тәрбиелеу үшін облыста «Арқа арулары мен сал серілері» конкурсы өткізіледі.

Жыл сайын орталық Бұқар Жырау ауданымен бірлесіп төрт номинация бойынша «Бұқаркең жырлайды» атты облыстық дәстүрлі ақын-жыршылар сайысын өткізеді.

Адамдардың этностардың дәстүрлері мен салттарын сақтауға және дамытуға, оларды болашақ ұрпаққа беруге деген ұмтылысы 74 этномәдени бірлестіктің жұмысында айқын көрінеді.

Жеңіс күні қарсаңында «Ардагерлер ән салары» хор ұжымдарының облыстық фестивалі өткізіледі, оған Абай, Ақтоғай, Бұқар Жырау, Нұра, Қарқаралы, Шет аудандары мен Қарағанды, Балқаш, Саран, Теміртау, Шахтинск қалаларынан 25 хор ұжымы қатысады.

«Жан шуағы» атты облыстық фестивалі мүмкіндігі шектеулі жандарға өз қабілеттері мен таланттарын ашуға мүмкіндік береді.

Қарағанды облысындағы басым жанрлардың бірі-хореография. Би өнерін дамыту және жетілдіру, сондай-ақ хореографияның жаңа стильдерін, нысандары мен бағыттарын енгізу мақсатында «Сарыарқа жұлдыздары» атты облыстық би фестивалі өткізіледі.

Облыс тұрғындарын көркемөнерпаздар драмалық ұжымдарының шеберлігін арттырудың театр өнеріне тарту, шығармашылық қабілеттерін өз бетінше іске асыру мүмкіндігі үшін облыста көркемөнерпаздар театр ұжымдарының байқау – конкурсы өткізіледі.

Заманауи техникамен жабдықталған мәдени – сауық кешені-«Зерде» бейнемобилі халық арасында ерекше құрметке ие.

«Қуаныш» үлгілі хореографиялық ансамблі табысты жұмыс істеп келеді. Айман Нұрланқызы Тойболдинаның жетекшілігімен ұжым «Бозторғай», «Әнші балапан» (Алматы қ.), «Алтын ара» (Беларусь), жас таланттар фестивалі (Париж қ., Франция), «жас таланттар» (Қырғызстан), «Фонгед» (Түркия), «Мәскеу-Қызыл транзит» (Тува), «Лица будущего XXI» (Красноярск қ., Ресей), «Ертіс толқыны» (Ақтөбе қ.), «Назерке» сияқты беделді халықаралық және республикалық байқаулардың лауреаты атанды және т. б.

Мәдени-сауық және халық шығармашылығының ғылыми-әдістемелік орталығының негізгі бағыттары:

Мәдени-сауық мекемелеріне, көркемөнерпаз ұжымдарына, әуесқойлар үйірмелері мен мәдени-ұлттық орталықтарға әдістемелік жетекшілік ету;

қазақ және басқа халықтардың мәдени мұраларын насихаттау;

мемлекеттік мерекелер, әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлерді қайта дамыту және енгізу;

халық шығармашылығының негізгі және болашақ бағыттарын, мәдени-демалыс қызметінің жаңа тиімді әдістері мен түрлерін, мәдени-сауықты, шоу-бизнесі дамыту және жетілдіру;

бастамаларды іздестіру, алдыңғы қатардағы тәжірибелік жұмыстарды жинақтау және насихаттау;

сауықтандырудың біртума үлгісі мен мәдени-сауық өткізу мекемелерінің жаңа түрлерін енгізу;

мамандық біліктілікті арттыратын курстар, семинарлар, дөңгелек үстелдер, әңгімелер, шығармашылық лабораториялар, стажировкалар мен кеңестер ұйымдастыру;

фестивальдар, конкурстар, байқаулар, алдыңғы қатарлы тәжірибелік мектептер мен шеберлік-кластарды ұйымдастыру және өткізу;

әдістемелік ұсыныстар, сценарилер, буклеттер, әдістемелік-ақпарат жинақтарын шығару;

Қарағанды облыстық мәдени-сауық және халық шығармашылығының ғылыми-әдістемелік орталығы : ресми сайт. - URL: <https://onmcdint.kz>

Әдебиеттер:

1. Айналайын: композитор Амангелді Ахметжановтың әндер жинағы / Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы, Облыстық

мәдени-сауық және халық шығармашылығының ғылыми-әдістемелік орталығы. - Қарағанды: Форма Плюс, 2023. - 87 б.

2. Арқа күйлері: қазақ халық аспаптар оркестріне арналған партитура. 2-кітап / Қарағанды облысы мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының облыстық мәдени-сауық және халық шығармашылығының ғылыми-әдістемелік орталығы; құраст. А. Шоқанбаев. - 2-басылым өңд. құраст. - Қарағанды: Типография Арко, 2018. - 171 б.

3. Арқа. Қарағанды облысының айтыс ақындарының үздік айтыстар жинағы / Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы, Облыстық мәдени-сауық және халық шығармашылығының ғылыми-әдістемелік орталығы, «Арқа» айтыс ақындары мен жыршы-термешілер мектебі; құраст.: К. Садвокасова, Е. Елтай. - Қарағанды: Форма Плюс, 2024. - 219 б.

4. Аудандық семинар бағдарламаларына іскерлік ойындарды енгізу бойынша Қарағанды облысының мәдени-сауық орталықтарының, аудандық мәдени үйлерінің әдіскерлеріне арналған әдістемелік ұсыныстар: әдістемелік / Қарағанды облысының мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасы, Облыстық мәдени-сауық және халық шығармашылығының ғылыми-әдістемелік орталығы. - Қарағанды: б. ж., 2019. - 119 б.

5. Дәуірден дәуірге жеткен мұра: «Ортеке» күйлеріне арналған жинақ / Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы ММ, Облыстық мәдени-сауық және халық шығармашылығының ғылыми-әдістемелік орталығы КМҚК; құраст. К. С. Садвокасова; нотаға түс. М. Сутюшев [и др.]. - Қарағанды: Форма Плюс, 2025. - 79 б.

6. Жұмашев Р. М. Сарыарқа мәдениеті: монография / Р. М. Жұмашев, Л. Р. Золотарева, Қ. С. Өскембаев; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды облыстық Мәдениет басқармасы. - Қарағанды: ҚарМУ, 2009. - 415 б.

7. Күй керуен = Күй керуен: музыкалық-этнографиялық экспедиция жинағы / Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы, Облыстық мәдени-сауық және халық шығармашылығының ғылыми-әдістемелік орталығы; ред. А. Мырзахмет; баспаға дайындаған: Қ. Сәдуақасов, Б. Ноғайбайұлы. - Қарағанды: Мағжан, 2019. - 90 б.

8. Күмбір-күмбір күй төккен, күйден күмбез тұрғызған...: жинақ: Мағауия Хамзиннің шығармашылығына арналған жинақ / Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы, Облыстық мәдени-сауық және халық шығармашылығының ғылыми-әдістемелік орталығы; құраст. К. Садвокасова. - Қарағанды: Форма Плюс, 2018. - 156 б.

9. Қазақстанның мәдени ошақтары = Культурные центры Казахстана: фотоальбом / Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі, Ақпарат және Мұрағат комитеті; құраст. К. Ахметова. - Алматы: Аса, 2012. - 287 б.

10. Қарағанды. Қарағанды облысы: энциклопедия / ред. А. А. Абдулин. - Алматы: Атамұра, 2006. - 584 б.

11. Құтжанов Т. Сағым күндер: әндер жинағы / Т. Құтжанов; жауапты шығарушы К. С. Садвокасова; Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы, Облыстық мәдени-сауық және халық шығармашылығының ғылыми-әдістемелік орталығы. - Қарағанды: TENGRI LTD, 2022. - 75 б.

12. Мәдениет кәсіпорындарындағы мәдени-сауық қызметінің әдістемелік нұсқаулығы: мәдениет үйлері мен клубтарды басқаруды ұйымдастырудың әдістемелік ұсынымдары / Қарағанды облыстық мәдени-сауық және халық шығармашылығының ғылыми-әдістемелік орталығы; отв. за выпуск К. С. Садвокасова; пер. П. Т. Талгатов. - Қарағанды: [б. ж.], 2020. - 75 б.

13. Сарыарқа мәдениетінің шежіресі: Қарағанды облысы мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының 70-жылдығына арналған] = Летопись культуры Сарыарки: к 70-летию управления культуры, архивов и документации Карагандинской области / құраст. Е. Қ. Жұмакенов [және т.б.]; ред.: Р. К. Омарбекова, Т. С. Төлеуов, Е. Н.

Нұрмағанбетов; аудар. Н. Е. Ілден; дизайн. Б. С. Туралыкова. - Қарағанды: TENGRI LTD, 2023. - 271 б.

14. Сарыарқа сәукелесіне, көз тоймас көріктісіне, еліктің мөлдір көзіндей Қарқаралыма арнаймын: жинақ : ҚР Мәдениет қайраткері белгісінің иегері Ғосман Мерсалимовтың жұмыс тәжірибесінен алынған музыкалық шығармалары / Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы, Облыстық мәдени-сауық және халық шығармашылығының ғылыми-әдістемелік орталығы; құраст. Ғ. Ж. Мерсалимов. - Қарағанды: [б. ж.], 2022. - 81 б.

15. Таңатар Н. Бабалар үні: композитор Назгүл Таңатардың авторлық шығармаларының нота жинағы / Н. Таңатар; жауапты шығарушы К. Садвокасова; дизайнері А. Мырзахмет; алғы сөз авт. Ә. Шоқанбаев; авт. предисл. М. Сутюшев; Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы, Облыстық мәдени-сауық және халық шығармашылығының ғылыми-әдістемелік орталығы. - Қарағанды: MAGZHAN, 2020. - 373 б.

16. Тарих беттері сыр шертеді = Страницы истории: [альбом] / Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы; құраст. Е. Қ. Жұмакенов [және т. б.]; дизайн Б. С. Туралыкова. - Қарағанды: [б. ж.], 2023. - 403 б.

17. Ахан Н. Қарағандылықтар жырға шөлдеп қалыпты... // QARAĞANDY HABARY. - 2023. - 10 тамыз (№ 29). - 5 б.

18. Әлиман Ж. Мәдениет қызметкерлері марапатталды // Орталық Қазақстан. - 2016. - 24 мамыр (№ 82).

19. Бүркітұлы Қ. Кестелі сөз дестелі ойға жетелеп... // Орталық Қазақстан. - 2025. - 20 наурыз (№ 31). - 8 б.

20. Ерболат Е. Баба мұрасы мәңгілік // Орталық Қазақстан.- 2022.- 12 қараша (№ 126). - 5 б.

21. Жанғожин А. Мәдениет пен өнер көгінде / А.Жанғожин, Е.Лұқпан // Орталық Қазақстан. - 2004. - 22 қаңтар. - 6 б.

22. Қабидолдин Р. Жастар жылы - жалынды жастар жыры // Орталық Қазақстан. - 2019. - 28 наурыз (№ 32). - 8 б.

23. Нарын Е. Ақындар жырында - ел бірлігі // Орталық Қазақстан.-2023. - 28 қараша (№ 133). - 3 б.

27 шілде 1946 - Қазақтың тұңғыш ғарышкері Тоқтар Онғарбайұлы Әубәкіров 80 жаста және ғарышқа ұшқанына 35 жыл (2 қазан 1991)

Тоқтар Әубәкіров 1946 жылы 27 шілдеде Қарқаралы ауданы, 1 Май ауылында дүниеге келді. Әкесі Әубәкір ауыл- аймаққа белгілі ұста болған адам. Ұста еңбегінің бейнетке толы екендігін қаршадай кезінен көріп өскен Тоқтар аяулы әке алақанының жылуын көре алмады. Әубәкір ақсақал ертерек көз жұмды.

Ол Қарқаралының РТС-інде оқып, он бес жасында орталау мектепті бітіреді. Орталау мектепті тәмәмдаған соң Теміртау қаласына келеді. Тоқтар жұмыс істей жүріп кешкі мектепке түседі. Алғашқыда жүк түсіруші, одан кейін зауытта токарь болып жұмыс істейді. Қарағанды қаласындағы Н. Әбдіров атындағы аэроклубқа жазылып, парашютпен секіруге жаттығады. 1965-1969 жылдары Армавир жағары әскери ұшқыштар училищесінде оқыған. Ұшқыш-сынақшы 1979 жылы Мәскеу авиация институтын бітіреді.

Өршіл де арманшыл жігіт 1988 жылы Кеңес Одағында тұңғыш рет жанармай құйдыру арқылы солтүстік полюске ұшу сапарын ерлікпен орындады. 1989 жылы 1-болып авиатасушы крейсердің алаңқайшысына «МиГ-29г» реактивті ұшағын үлкен шеберлікпен дәл қондырды. Сондай-ақ ол реактивті ұшақтың 50-ден аса жаңа түрін сынақтан өткізді. 1990 жылы ғарышкерлер құрамына алынып, 1991 жылы 2 сәуірде Кеңес Одағы

Ғарышкерлер даярлау орталығында ғарышқа ұшу дайындығына кірісіп, сол жылы 2 қазанда Байқоңырдан «СоюзТМ-13» кемесімен ұшты. Ғарыш кемесі Жер төңірегіндегі «Мир» орбиталық кешенімен түйісті. Онда ол өзге ғарышкерлермен бірге биотехнология, металлургия, медицина салалары және Арал аймағы бойынша ғылыми зерттеу жұмыстар жүргізді. Зерттеу нәтижесінде Арал үстіндегі тұзды шаң борамасының пайда болу процесі, сол зиянды аэрозольдардың Қазақстан мен Ресей аймақтарына таралуының ғарыштық суреттері алынды. Сондай-ақ Қазақстан аумағындағы атмосфераны және жер бетін зерттеу, жұлдызды аспанды астрофизикалық бақылау жұмыстары да ойдағыдай өтті. Әубәкіров 10 қазанда Жерге оралды. Ол Қазақстандағы ғарыштық зерттеулердің негізін қалауға, отандық Қарулы Күштердің әскери даярлығын жетілдіруге, әскери патриоттық тәрбие жұмыстарын жолға қоюға белсене араласты.

Кеңес Одағының Батыры, Қазақстан Республикасының Халық Қаһарманы Т. Әубәкіров 1992-93 ж. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 1-орынбасары, 1993-94 ж. ҚР Ұлттық Аэроғарыштық агенттігінің бас директоры, Ғылым және жаңа технология министрінің орынбасары, 1994–95 ж. ҚР Жоғарғы Кеңесінің депутаты-Қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы болды. 1996 жылдан Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі, ҚР Қауіпсіздік кеңесі хатшысының орынбасары болды. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің 12 шақырылым депутаты, ҚР Жоғарғы Кеңесінің 13 шақырым депутаты, Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің 3-ші шақырылым депутаты болып сайланған.

Кеңес Одағының Батыры (1988), Кеңес Одағының еңбек сіңірген ұшқышы-сынақшысы (1990), авиация генерал-майоры (1992), ҚР Халық Қаһарманы (1995), ҚР ұшқыш ғарышкері (1995), техника ғылымының докторы (1998), Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің құрметті профессоры. Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің Құрметті профессоры (3 мамыр 2022 жыл), «Алтын адам» наградасының иегері. Қызылорда, Қарағанды, Қарқаралы қалаларының құрметті азаматы. Есімі Қарағанды облыстық Құрмет кітабына алтын әріппен жазылды. 2023 жылы Қарағанды облысының Құрметті азаматы берілді.

Әдебиеттер:

1. Әубәкіров Т. Елінің келешегін ойлаған асыл аға // Бекзат болмыс: зерде кітабы / ред. Т. Майбас. - Алматы: Алгоритм, 2022. - 48 б.

2. Әубәкіров Т. Байтақ елімнің Байқоңыры // Орталық Қазақстан. - 2013. - 11 қазан. - 3 б.

3. Әубәкіров Т. Қазақты сақтап келген де, сақтайтын да - мінезі // Егемен Қазақстан. - 2022. - 10 маусым (№ 109). - 10 б.

4. Әубәкіров Т. Қайғыға ортақпын, Қарағанды! // Орталық Қазақстан. - 2023. - 31 қазан (№ 121). - 1 б.

5. Әубәкіров Т. Мағашты құрметтегені үшін ризамын // Орталық Қазақстан. - 2024. - 13 шілде (№ 77). - 4 б.

6. Әубәкіров Т. Менің Мағашым // Орталық Қазақстан. - 2019. - 5 қараша (№ 123). - 5 б.

7. Әубәкіров Т. Отан үшін отқа түс, күймейсің // Ана тілі. - 2019. - 7-15 мамыр (№ 19). - 6 б., Орталық Қазақстан. - 2019. - 5 қаңтар (№ 1). - 1 б.

8. Октябрь А. Қайсар рухты тұлға / А. Октябрь, Е. Хасанғалиев, Т. Әубәкіров, Е. Мұсабаев // Егемен Қазақстан. - 2020. - 19 мамыр (№ 95). - 10 б.

9. Әубәкіров Т. Айдын ғарышқа ұшады!: Кеңес Одағының Батыры, Қазақстанның Халық қаһарманы, авиация генерал-майоры Т.О. Әубәкіровпен әңгіме / әңгімелескен Т. Сүйінбай // Егемен Қазақстан. - 2015. - 21 шілде (№ 136). - 1 б.

10. Әубәкіров Т. «Алдына мақсат қоймасаң, өмір бойы адасып өтесің»: тұңғыш

ғарышкер Т. Әубәкіровпен әңгіме / әңгімелескен Д. Бықай // Қала мен дала.- 2016.-19 тамыз (№ 30).- 1, 4 б.

11. Әубәкіров Т. «Қазақстан мені ғарышқа ұшыру үшін КСРО-дан кеш шықты»: [Тұңғыш ғарышкер Тоқтар Әубәкіровтың "Азаттық" сайтына берген сұхбаты] // Қала мен дала. - 2016. - 2 желтоқсан (№ 45/46). - 18-19 б.

12. Әубәкіров Т. «Қазақтың намысы екенімді ұққан күнім...»: қазақтың тұңғыш ғарышкері Т. Әубәкіровпен әңгіме / әңгімелескен Т. Сүйінбай // Егемен Қазақстан. - 2011. - 1 қазан (№ 472/473). - 1 - 2 б.

13. Әубәкіров Т. «Қазақтың тірлігіне қарным ашады»: ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Т.Әубәкіровпен сұхбат / сұхбаттасқан Қапешов Н. // Балқантау.- Қарағанды, 2007.- 7 маусым.-3 б.

14. Әубәкіров Т. Қазір ол шіріген бай... [Тоқтар Әубәкіровпен сұхбат] / Т. Әубәкіров ; дайындаған Д. Бықай // Қала мен дала. - 2018. - 26 қаңтар (№ 3). - 1, 6 б.

15. Әубәкіров Т. «Қоян қамыстан қорықпайтын болды»: ұшқыш, Халық қаһарманы Т.Әубәкіровпен сұхбат / сұхбаттасқан А.Әбілтай // Арқа ақшамы.-2013- 18 сәуір (№ 3). - 10 б.

16. Әубәкіров Т. «Намысым болмаса қазақ тілін үйренбес едім»: ғарышкер Т. Әубәкіровпен әңгіме / әңгімелескен // Қала мен дала. - 2016. - 1 шілде (№ 25). - 12 б.

17. Әубәкіров Т. Өтірік жаза алмаймын, ал шындықты айтуға болмайды: тұңғыш қазақ ғарышкері Т.Әубәкіровпен сұхбат / сұхбат. Н.Бай-сақ // Жұлдыздар отбасы. - Алматы: "Тема LTD" ЖШС, 2008. - № 23. - С. 18-20

18. Әубәкіров Т. О. Ғарыш пен намыс: қазақтың тұңғыш ғарышкері Т.О.Әубәкіровпен сұхбат / сұхбаттасқан Е.Мұсабеков // Орталық Қазақстан. - 2011. - 4 қазан (№ 163/165). - 11 б.

19. Әубәкіров Т.О. «Ғарышқа тек Әубәкіров емес, бүкіл қазақ баласы ұшып бара жатты»: ғарышкер Т.О.Әубәкіровпен сұхбат /сұхбаттасқан М.Қаратайқызы // Балқантау.- Қарағанды, 2006.- 11 мамыр.-1-4 б.

20. Әубәкіров Т. О. Ғарышта алақаныңа сыйып кетердей, бейкүнә, тап-таза, көкпеңбек боп көрінген жерді құшағыңа алып жылағың келеді: қазақтың тұңғыш ғарышкері, Кеңес Одағының Батыры Т.О.Әубәкіровпен сұхбат / сұхбаттасқан Г.Шойбекова // Жұлдыздар отбасы. - 2013. - № 7. - 6-21 б.

21. Әубәкіров Т. О. Елін сүйген әрбір адам өзге елде көгеруді емес, өз елін көгертуді ойлауы керек: Қазақстанның тұңғыш ғарышкері, Халық Қаһарманы Т. О. Әубәкіровпен сұхбат / сұхбаттасқан Қ. Әбділдәқызы // Алаш айнасы. - 2013. - 2 шілде (№ 111). - 6 б.

22. Ерлік Ақыл парасатынан туады: Кеңес Одағының Батыры, Халық Қаһарманы, запастағы авиация генерал-майоры Т.Әубәкіровпен сұхбат /М. Махамбет // Қазақстан сарбазы.- 2004.- 9 сәуір.- 3 б.

23. Тоқтар Әубәкіров: «Ғарышта тұрып, ата-бабаларыма алғыс айтамын»: қазақ сынақшы-ұшқышы Тоқтар Әубәкіровпен сұхбат / Жәкейұлы М. // Жас Алаш.- 2004.- 10 сәуір.-3 б.

24. Тоқтар Әубәкіров: «Біздің ғарышқа ұшуымызға Президентіміз көп еңбек сіңірді»: Ғарышкер Тоқтар Әубәкіровпен сұхбат / Бәймен А. // Заң газеті. - 2006. - 13 сәуір (N65).

Тоқтар Әубәкіров туралы әдебиеттер:

25. Әубәкіров Тоқтар // Алғадай. Батыр қолбасшы, Батыр генерал: / құраст. Д. Қожамұрат. – Алматы: Өлке, 2010. – 127-134 б.

26. Әубәкіров Тоқтар Оңғарбайұлы // Қарағандылық Совет Одағының батырлары = Герои Советского Союза - Карагандинцы. - Қарағанды, 1990. -79-82 б.

27. Әубәкіров Тоқтар Оңғарбайұлы /Қарағанды. Қарағанды облысы: энциклопедия / ред. А. А. Абдулин, 2006. - 153 б.

28. Бекішбекұлы З. Өмірім саған, туған жер. - Қарағанды, 1998. - 121 б.

29. Ғарыштағы ғажайып // Юпов Т. И. Ұмытпа, ұлылардың ұрпағысың!:

[балаларға арналған шығармалар] / Т. И. Юпов; Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі. - Нұр-Сұлтан: Big Dream, 2021. - 434 б.

30. Ертістің Павлодар өңірі [Мәтін] : энциклопедия / құраст., ред. А. Ж. Құдабаев. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2013. - 770 б.

31. Иіпұлы Т. Балбөбектер, балалар, болашағым - бақытым!. - Алматы: Білім, 2011. - 157 б.

32. Көркемсуретті Қазақстан тарихы. 4-том. Қазақстан XXғасырдың екінші жартысынан біздің уақытымызға дейін /құраст.О.Жанайдаров.- Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2007

33. Қаракесек шежіресі / құраст. Т. А. Еңсебаев. - Павлодар: ЭКО, 2010 - 2017. - 2 т. - 645 б.

34. Қорғасбектегі Ж. Ғарышкер Алматы: Балауса, 1994. - 16 б.

35. Ләмбекұлы С. Қазақтың тұңғыш ғарышкері // Қарқаралы: энциклопедия. - Астана: Фолиант, 2011. – 226-231 б.

36. Манаш Қозыбаев: энциклопедия / авт.-құраст.: Т. Шаңбай, А. Ибраева; ред. С. Өмірбаев; алғы сөз авт. Қ. Ақсақалов. - Петропавловск: [б. ж.], 2017. - 709 б.

37. Мұқаш, Қ. Түп-тамыр // Мұқаш Қ. Өуестік әлемі: [жинақ]. - Алматы: Abai baspasy, 2022. – 85-87 б.

38. Ниязбек Р. Айбозым менің. - Астана : Күлтегін, 2006. - 208 б.

39. Сүйінбай Т. Тұңғыш қазақ ғарышкері Тоқтар Әубәкіров: ғұмырнамалық эссе. - Алматы: Күс жолы, 2004. - 352 б.

40. Тоқтар Әубәкіров // Жүз тұңғыш. 2-кітап / құраст. Б. Нұржекеұлы.- Алматы: Жалын, 2005.- 327-328 б.

41. Тұрғынбекұлы С. Ғарыш-қазақ. - Астана: Фолиант, 2012. - 131 б.

42. Бексейіт С. Жүректің жолы // Бексейіт С. Ел мен ер: публицистика, деректі проза, библиография. - Қарағанды: TENGRI, 2018. – 51-54 б.

43. Әбдіғалиева Д. Тоқтар Әубәкіровтің ғарышқа ұшқанына 30 жыл толды // Саран газеті. - 2021. - 8 окт. (№ 79). - 1-2 б.

44. Әбілдинов Қ. Қарағандының құрметі // Егемен Қазақстан. - 2016.- 2 тамыз (№ 146). - 7 б.

45. Әлиман Ж. Азаттық жаршысындай аспан ұлы // Орталық Қазақстан.- 2018.- 12 сәуір.-1 б.

46. Бақтияр Б. Аспан еркесі // Қарқаралы. - 2023. - 8 сәуір (№ 14). - 1 б ; Абай-Ақиқат. - 2023. - 8 сәуір (№14). - 1,3 б.

47. Батыр ғарышкер - Қарағандыда // Арқа ақшамы. - 2022. - 21 сәуір (№ 15). - 5 б.

48. Батыр келбеті // Қарқаралы. - 2021. - 18 қыркүйек (№ 38). - 6 б.

49. Бейсенбекқызы Б. Адамзаттың ғарышқа алғашқы ұшуының 60 жылдығына арналған тарихи-деректі көрмеге шолу // Открытая школа. - 2021. - № 5. - 62-63 б.

50. Ерболат Е. Батырмен бүкпесіз әңгіме // Орталық Қазақстан. - 2022. - 5 мамыр (№ 48). - 5 б; Саран. - 2022. - 6 мамыр (№36-37). - 7 б.

51. Ерболат Е. Қыран қазақ - Қарағандыда // Орталық Қазақстан. - 2022. - 19 сәуір (№ 42). - 3 б.

52. Ермағамбет Е. Қарағандыдан түлеген қазақ қыраны // Арқа ақшамы. - 2023. - 30 наурыз (№ 11). - 3 б.

53. Ермакбаев Т. Сұңқардың самғау сәті // Орталық Қазақстан. - 2021. - 4 қыркүйек (№ 97). - 5 б.

54. Есеева Б. Қазақтың үш қыраны // Абай-Ақиқат. - 2024. - 13 сәуір (№ 15). - 1,4 б.

55. Жұмабай Н. Тоқтар Әубәкіров: Қазақ - намыстан жаралған халық // Егемен Қазақстан. - 2023. - 27 қыркүйек (№ 184). - 9 б.

56. Жұмабайқызы Г. Ғарышқа қазақ ұшқан күн // Айқын. - 2016. - 1 қазан (№ 146). - 10 б.
57. Жұмағалиева Ә. Қазақ пен ғарыш // Үш қоңыр. - 2021. - 16 сәуір (№ 15). - 1, 3 б.
58. Жұртбай Т. Намыс // Егемен Қазақстан. - 2017. - 24 мамыр (№ 97). - 9 б ; 29 мамыр. - 9 б.
59. Кеңесбекұлы Е. Ғаламмен тілдескен, жаһанмен үндескен // Орталық Қазақстан. - 2025. - 12 сәуір (№ 39). - 1 б.
60. Қалмақанұлы Н. Ұлттың рухы - тілінде // Орталық Қазақстан. - 2021. - 27 шілде (№ 81). - 4 б.
61. Қарасартов М. Арнау // Орталық Қазақстан. - 2021. - 27 шілде (№ 81). - 4 б.
62. Қосшығұлов Ш. Адамзаттың арманын арқалаған ғарышкерлер күні // Саран газеті. - 2022. - 13 апр. (№ 29). - 7 б.
63. Қырықбай Б. Қазақтың үш қыраны // Қарқаралы. - 2024. - 13 сәуір (№ 15). - 2 б.
64. Маһфузда А. Тұңғыш ғарышкерден бата алған...; сұхбат алушы А. Қанатұлы // Абай-Ақиқат. - 2019. - 22 маусым (№ 25). - 6 б.
65. Мұратбекқызы Ә. Айттым сәлем ғарыштан... // Ана тілі. - 2023. - 13-19 сәуір (№ 15). - 4 б.
66. Мұсабек Е. Айыртастағы арпалыс // Орталық Қазақстан. - 2021. - 27 шілде (№ 81). - 5 б.
67. Мұсабек Е. Батырдың туған күні қашан? // Орталық Қазақстан. - 2021. - 27 шілде (№ 81). - 1 б.
68. Мұсабек Е. Қыран қазақ // Орталық Қазақстан. - 2021. - 15 шілде (№ 76). - 3 б.
69. Мұсабеков Е. Қыран һәм қауырсын-тағдыр // Орталық Қазақстан. - 2021. - 2 қазан (№ 109). - 4 б.
70. Мұсабеков Е. Сабырлы елдің салтанаты // Орталық Қазақстан. - 2022. - 21 шілде (№ 79). - 1 б.
71. Омарбекова Р. Түркі әлемінің тұңғышы // Орталық Қазақстан. - 2021. - 27 шілде (№ 81). - 4 б.
72. Өтебай Қ. Тылсым // Абай-Ақиқат. - 2022. - 9 сәуір (№ 13). - 1 б ; Қарқаралы. - 9 сәуір, 2022 жыл (№13). - 1 б.
73. Сағадат Ж. Ғарышты игеруден басталған егемендік // Егемен Қазақстан. - 2021. - 1 желтоқсан (№ 229). - 1,7 б.
74. Сәрсенбай Қ. Кісілік құндылықтардың көрсеткіші // Ана тілі. - 2021. - 5-11 тамыз (№ 31). - 1-2 б.
75. Сәрсенбайұлы Ж. Адамзат аспан есіктерін қалай ашты // Орталық Қазақстан. - 2022. - 12 сәуір (№ 39). - 1-4 б.
76. Сембай М. Қазақтың Гагарині // Орталық Қазақстан. - 2021. - 22 шілде (№ 79). - 3 б ; 2 қазан (№109). - 4 б.
77. Смағұл Ә. Тұңғыш ғарышкер - 75 жаста // Абай-Ақиқат. - 2021. - 23 шілде (№ 27). - 15 б.
78. Сүйінбай Т. Алғаш өткен баспасөз мәслихаты // Егемен Қазақстан. - 2021. - 1 қазан (№ 186). - 10 б.
79. Сүйінбай Т. Аспан перзенті // Егемен Қазақстан. - 2023. - 27 шілде (№ 140). - 5 б.
80. Сүйінбай Т. Ғарышкер мен қаламгер // Ана тілі. - 2023. - 27 шілде (№ 30). - 5 б.
81. Сүйінбай Т. Ер Тоқтар // Егемен Қазақстан. - 2021. - 28 шілде (№ 140). - 11 б.
82. Сүйінбай Т. Тоқтар, бауырым, қазағың үшін жаныңды беруге дайынсың ба ? Дайынмын // Орталық Қазақстан. - 2021. - 24 шілде (№ 80). - 3 б.

83. Сыдыққызы С. Ұлы тұлғаны ұлықтау / С. Сыдыққызы, Қ. Жұмағалиұлы // Орталық Қазақстан. - 2021. - 21 желтоқсан (№ 141). - 1 б.
84. Тайшыбай З. Тоқтар Әубәкіров және Адмирал Кузнецов // Орталық Қазақстан.- 2007.- 4 қаңтар.-3 б.
85. Түркі әлемі қыранын құрметтеді // Орталық Қазақстан. - 2023. - 9 қараша (№ 125). - 1 б.
86. Шалқар Ж. Батырдың махаббаты // Орталық Қазақстан. - 2021. - 27 шілде (№ 81). - 5 б.
87. Шалқар Ж. Ғарышқа адам ұшқан күн // Орталық Қазақстан.-2021.- 10 сәуір (№ 38).-4 б., Ақтоғай ажары. - 8 сәуір, 2022 жыл (№14). - 5 б.

88. Қуанар Ө. Алаш-Тұлға [Электрондық ресурс] // Til & Ruh. - 2011. - 25 сәуір (№4- 42 б.

3 тамыз 1936 – Қарағанды облысының құрылғанына 90 жыл

Қарағанды облысының жер аумағы 239,0 мың км². Тұрғын саны 1 134 753 адам, орташа тығыздығы 1 км²-ге 4,7 адамнан келеді (2023). Солтүстігінде Ақмола, Павлодар, шығысында Абай облысы, батысында Ұлытау, оңтүстігінде Жамбыл, оңтүстік-шығысында Алматы, Жетісу, солтүстік-батысында Қостанай облыстарымен шектеседі. Облыста 7 аудан (Бұқар жырау, Осакаров, Қарқаралы, Абай, Шет, Нұра, Ақтоғай) мен 6 облыстық маңызы бар (Қарағанды, Теміртау, Балқаш, Саран, Шахтинск, Приозерск) қала бар. Әкімшілік орталығы - Қарағанды қаласы.

Қарағанды облысы – минералдарымен және шикізатымен бай аймақтық және өнеркәсіптік шама бойынша ең ірі облыс. Бұл ірі индустриалды орталық. Өзінің экономикалық, мәдениетті, ғылыми шамасы, инфрақұрылымы бойынша еліміздегі алдыңғы қатарындағы облыс.

Қарағанды облысы 1932 жылы 10 наурызда құрылды, орталығы Петропавл қаласы болған. 1936 жылы Қарағанды облысы екі облысқа бөлінді: Солтүстік Қазақстан (орталығы Петропавл қаласы) және Қарағанды (орталығы Қарағанды қаласы). 1936 жылдың 29-шы шілдесінде Қарағанды қаласы облыстың әкімшілік және мәдени орталығы болды.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1973 жылы 10 наурыздағы Жарлығымен Қарағанды облысының құрамынан Жезқазған облысы бөлініп шығып, оның құрамына 5 аудан: Ақтоғай, Жезді, Жезқазған, Жаңаарқа, Шет және 3 қала: Балқаш, Жезқазған, Қаражал берілді. 1973 жылы Мичурин, ал 1977 жылы Талды аудандары құрылды. 1985 жылы облыс құрамына Целиноград облысынан Теңіз ауданы берілді. 1988 жылы Теңіз ауданының 4 ауылдық Кеңесі Нұра ауданына беріліп, аумағы Целиноград облыстарына қайтарылды. Сол жылы Талды ауданы таратылып, Егінді бұлақ ауданына қосылған Доғалаң ауылдық Кеңесінің (кейін Семей облысына қарады) басқа жері тұтасымен Қарқаралы ауданына қаратылды. Екі жылдан кейін Теңіз ауданы қалпына келтірілді. Тәуелсіздік жылдары басқаруды оңтайландыру мақсатында ҚР Президентінің 1997 жылы 3 мамырдағы Жарлығымен Жезқазған облысы таратылып, Қарағанды облысына қайтадан қосылады, ал сол жылғы 23 мамырдағы Жарлығымен Ақадыр, Жезді, Қазыбек би (бұрынғы Егіндібұлақ), Молодежный, Тельман, Теңіз, Тоқырауын аудандары таратылды. Мичурин ауданы Абай қаласына қосылып, Абай ауданы, бұрынғы Ульянов ауданы Бұқар жырау деп аталатын болды. 1998 жылдан Қарағанды облысының құрамына 9 селолық аудан, облыстық бағыныстағы 9 қала, 39 кент, 7 селолық және ауылдық округ кіреді (2006).

2022 жылғы 16 наурызда Қазақстан президенті Қасым-Жомарт Тоқаев парламент палаталарының бірлескен отырысындағы Қазақстан халқына жолдауында Қарағанды облысының бөлігінен Ұлытау облысының құрылатынын айтып 2022 жылғы 8 маусымда

Қазақстан президентінің жарлығына сәйкес Ұлытау облысы құрылды. Әкімшілік орталығы - Жезқазған қаласы.

Ұлытау облысының құрамына 5 аймақ, яғни Жезқазған, Сәтбаев, Қаражал қалалары мен Жаңаарқа және Ұлытау аудандары кіреді. Орталығы Жезқазған қаласы болады. Бұрын-соңды Қарағанды өңірінің жалпы жер аумағы 428 мың шаршы шақырым болса, соның 227 мыңнан астамы жаңа облыстың еншісіне беріледі. 1 миллион 145 мың тұрғынның 227 мыңы ұлытаулық болды.

1833 жылы Аппақ Байжанов Қарағандыбасы деген жерде «жанар тас» тапты. Бұл кен орындарында орыс көпестері (1856-1904), кейін шетел концессионерлері (1904-1919) өнім өндіре бастады.

1929 жылы қарашада «Қазақкөмірқұрылысы» басқармасы ашылды. 1930 жылы басқарма «Қарағандыкөмір» тресі болып қайта құрылды. 1931-1936 жылдары жер бетіне жақын жатқан көмір қабаттарын барлау ісіне пайдаланылатын шахталар салынды. 1959-1965 жылдары Қарағанды көмір бассейні өнім өндіру жөнінен КСРО басқа бассейндері ішінен бірінші орынға шықты.

Облыс аймағында көмір өнеркәсібінің дамуымен Балқаш өңірінде мыс өнеркәсібі кәсіпорны қарқынды дамыды.

1929 жылы 2 маусымда «Қазақстанның түсті металлургиясының дамуы туралы» Қаулы қабылданды. Осы кезден бастап Солтүстік Балқаш маңындағы кен орындарды іздеу және бұрынғы кен орындарын нақтылау тарихы басталды. Осы жылы белгілі геолог М. П. Русаков Қоңырат аймағында табылған рудалы жердің геологиялық және экономикалық дәлелін жасады. Қоңырат өз қазба байлықтарымен, сол уақыттағы бұрынғы КСРО-дағы белгілі мыс кен орындары қорларынан артық екендігін дәлелдеді. Балқаш аймағында құрылыс қарқынды түрде жүргізілді. Алғашқы құрылысшылар киіз үйлерде және жер үйлерде тұрды. Құрылыс материалдары түйемен тасылды.

1935 жылы Балқаш-Қарағанды темір жолы салынды. Балқаш шөл даласына алғашқы автомобильдер келді. Қоңырат кенті жылдам бой көтеріп, онда токарлық жабдығымен механикалық шеберханалар және бұрғылау станоктары, уатқыш цехы, қызметкерлер және жұмысшылар үшін үш тұрғын жер үйлер, дәрігерлік бөлім, монша, наубайхана, ат қоралар салынды.

1932 жылы 29-шы маусымда «Мыс қорыту комбинатының құрылысы туралы» Ауыр өнеркәсіп халықтық комитеті ұжымының қаулысымен негізгі өнеркәсіп құрылысы, байыту фабрикасы, мыс қорыту зауыты, жылу электр станциясы, жөндеу-көмекші базасы, сонымен қатар Балқаш көлі маңында қала салу орнын бекітті.

1934 жылдан бастап Балқаш маңындағы құрылыс үлкен қарқынмен жүзеге асырыла бастады. Комбинат құрылысшыларының кенті мәдени орталыққа айналды. 300 орынды аурухана, 17 дәрігерлік бөлімдер, жедел көмек көрсету орталығы пайда болды.

1937 жылдың сәуірінде Балқаш көлі маңындағы кенті өзгертіліп, Балқаш қаласы атанды. Ұлы Отан соғысы жылдары облыс еңбеккерлері фашизмге қарсы бүкілхалықтық іске маңызды үлес қосты. Балқаш пен Қарсақпай мыс қорыту зауыттары, Жезқазған мен Қарағанды көмір бассейнінің кәсіпорындары үлкен рөл атқарды. Шахтерлердің жемісті еңбегінің арқасында Қарағандыда көмір өндіру көлемі екі есе артты. КСРО-ның батыс облыстарынан көшірілген кәсіпорындар жылдам екпінмен қатарға қосылды. Луганск қаласынан 1941 жылы Пархоменко атындағы зауыт өзінің құрал-жабдықтарымен, қызметкерлерімен, инженерлік-техникалық жұмысшыларымен келді. Бір айдан соң зауыт әскери өнім шығара бастады.

«Барлығы майдан мен жеңіс үшін» ұранымен Кеңес әскерінің жауынгерлеріне облыстың ауылдық аймақтарынан азық-түліктер жөнелтілді.

1942 жылдың 25 сәуірінде «Толық металлургия жүйесімен Қарағанды қаласы маңында металлургиялық зауыт құрылысын салу туралы» Халық Комиссарларының Кеңесімен Қаулы қабылданды. Құрылыс халықтық болып жарияланды. 1944 жылдың 31 желтоқсанында сағат 12.00-де алғашқы балқытылған металл алынды. 1945 жылдың 1

қазанында ҚазКСР Жоғарғы Кеңес президиумының Қаулысымен Самарқанд кенті Теміртау қаласы болып аталды.

Теміртау Қазақстанның жас қалаларының бірі. Орталық Қазақстанның шөлді даласында шағын кент базасында құрылған Самарқанд 60 жыл ішінде 170 мың халқы бар республиканың ірі қоныстанған аймақтарының біріне айналды.

50-жылдары облыстың ауыл шаруашылығы озық дамыды. Тың және тыңайған жерлерді игеру аса маңызды рөл атқарды. 1958 жылы 1 млн. 232 га тың жер игерілді және 16 ірі тың совхоздары ұйымдастырылды. Дәнді дақылдар егістіктерінің кеңеюі облысқа 60 миллионнан жоғары нан пұттарын жинауға септігін тигізді. Осы жетістіктері үшін облыс 1958 жылдың 6 қазанында Ленин орденімен марапатталды.

60-жылдары Қарағанды облысы картасында жаңа серіктес қалалар пайда болды: Саран, Абай, Шахтинск. Соғыстың ауыр жылдарында, 1943 жылы Сарандық көмір кен орнын игеру үлкен қарқынмен басталды. Жұмыс кенті Саран тез өсе бастады.

1944 жылдан 1958 жылға дейін 6 шахта жұмыс істеді (№№106, 106, 101, 107, 120, 121).

1954 жылдың 20 желтоқсанында ҚазКСР Жоғары Кеңес Президиумының Қаулысымен Саран кенті Саран қаласы аталды. Қаланың дамуына тиімді әлеуметтік-экономикалық және материалдық-техникалық жағдайлар жасалған. 70-жылдары (қала құрылуынан 15 жылдан кейін) қалада 40-тан астам өнеркәсіп кәсіпорындары, көліктік және құрылыс ұйымдары жұмыс істеді. Қалада 7 шахта, 3 байыту фабрикасы, 4 құрылыс ұйымдары, 2 ЖБИ зауыты, 2 кірпіш зауыты, нан зауыты, 18 жалпы білім беру мектебі, музыкалық мектеп, мәдениет орталығы жұмыс істеді.

1961 жылы ҚазКСР Жоғары Кеңесі Президиумының Қаулысымен Шерубай-Нұра кенті Абай қаласы болып өзгертілді. Осылайша облыс картасында ақын, ағартушы Абай Құнанбаевтың атындағы кеншілер, энергетиктер, құрылысшылардың жаңа қаласы пайда болды.

Ол кезде Абай қаласында өнеркәсіптік өнім шығаратын 12 кәсіпорын жұмыс істеді. Қала халқының саны 44 мың адам болды. Қалада 10 жыл ішінде қуаттылығы 700 мың киловатт Қарағанды ГРЭС-2 электростанциясы, №9 және №5 шахталары ірі панелді үй-құрылыс зауыты екі бөліп сорттау фабрикасы, шахталық құрылыс цехы, механикалық зауыт, тігін фабрикасы іске қосылды. Сонымен қатар, клубтар, мектептер, ауруханалар, сауықтыру орындары, екі техникум, музыкалық мектеп, кинотеатр салынды. Қаланың ірі өнеркәсіп салалары: энергетика, көмір, құрылыс индустриясы, темір жол және автомобиль көлігі.

1956 жылы Тентек кокс көмір өндірісінің кенті ретінде Шахтинск қаласы пайда болды.

1961 жылдың 15 тамызында КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президиумының Қаулысымен Тентек кенті Шахтинск қаласы болып аталды. Облыс картасында тағы бір серіктес қала пайда боды.

Өнеркәсіптің негізгі саласы — көмір шахталары. Олар Шахтинск қаласының автомобиль жолдары желісімен байланыста 3—8 километр қаладан алшақ орналасқан. Жас қала құрылысы жылдарында жалпы білім беру мектептері мұғалімдер мен оқушылардың саны өсті. Барлық мектептер кең пәндік кабинеттер, актілі және спорт залдары бар типтік ғимараттарда орналасқан. Шахтинск аймағының ірі шахталарының бірі «Ленин» атындағы шахта. Ол 1964 жылдың төртінші тоқсанында іске қосылды.

1980 жылдары «Қарағанды көмір» бірлестігіне 26 шахта, екі көмір кеніші және 100 мың адам жұмыс істейтін басқа он шақты бөлімшелер енді. Жыл сайын шамамен 50 миллион тонна көмір өндірілді. 1978 жылдың қаңтар айында Қарағанды шахталарынан бірінші миллиард тонна көмір шығарылды.

Қарағанды аймағында ғылым тез дами бастады, облыс республиканың ірі жоғарғы оқу орны орталығына, жоғарғы кәсіпқой кадрлар дайындау аймағына айналды. Облыста 7 жоғары және 23 орта арнайы оқу орындары болды.

1963 жылы қала және ауыл тұрғындарына тұрғын-азаматтық құрылыс жобасын жасау бойынша «Қарағанды қалалық ауылдық жоба» Мемлекеттік жоба институты құрылды. Институт қала және ауыл тұрғылықты орындарының жоспарлау жобаларын, аймақтар, шағын аймақтар, кварталдарды жобалауды жүзеге асырды. 1970 жылдың тамыз айында ҚазКСР-інің 50 жылдығын тойлау кезінде 1200 орынды «Юбилейный» кинотеатры салынды, қазір онда сауықтыру боулингті «Арман» орналасқан.

1984 жылы Қарағандының іргесі қаланғанына 50-жыл толуы құрметіне және қала еңбекшілерінің социалистік құрылыстағы ересен табыстарын, елімізді индустрияландырудағы зор ролін, Ұлы Отан соғысы жылдарында жауды талқандауға қосқан елеулі үлесін атап көрсетіп, КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президиумыны қаланы Еңбек Қызыл Ту орденімен марапаттады.

Қазіргі уақытта Қарағанды облысы біздің республикамыздың индустриалды аймақтарының бірі болып табылады.

Теміржол байланысы облысты ТМД, Германия, Қытай елдердің қалаларымен байланыстырады. «СарыАрқа» халықаралық әуежайы Ресей, Германия, Араб Эмиратына және басқа елдерге тікелей сапарларды қамтамасыз етеді. Қарағанды облысы арқылы Алматы мен Қазақстанның басты қаласы-Астанамен қосатын автомобилдік жол өтеді.

Бүгінгі таңда Қарағанды облысында экономиканың барлық салаларында өсім бар. Өнеркәсіптік кәсіпорындар 9 айда 3 трлн теңгеге жуық өнім өндірді. 2023 жылдың сәйкес кезеңіне инвестиция 14,6%-ға артып, 680 млрд теңгеге жетті. 2024 жылға үш мыңға жуық жұмыс орны ашылып, он жобаны іске қосылды. Аймақтың фермерлері алғаш рет рекордтық астық жинады – өнім миллион тоннадан асты.

«Іскерлік ахуал» тәуелсіз рейтингін бағалау бойынша Қарағанды облысы елімізде жетінші орында тұр. Шағын және орта бизнесті қолдау және қолайлы бизнес-климат құруды алға қойылған.

Республика деңгейінде көптеген бағдарламалар әзірленіп, қаржылық қолдауды кеңейту үшін Даму қорымен бірлесіп «Кәсіпкер» өңірлік бағдарламасы және өңдеу өнеркәсібі, туризм жобалары жүзеге асқан. Сонымен қатар, барлық қажетті инфрақұрылымы бар шағын өнеркәсіптік аймақтарды құру, онда бизнес өз өндірісін ең төменгі жалдау шартымен орналастыра алады. Мұндай алғашқы индустриялық алаңдар Қарағанды мен Саранда іске қосылды. Бұл тәжірибені басқа қалалар мен аудандарға тарату міндетін алға қойған.

Қарағанды облысы әкімдігінің ресми ақпараттық порталы :
<https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda?lang=kk> (қаралған күні 03.06.2025 ж.)

Әдебиеттер:

1. Аршабеков Т. Т. Қарашоқы. Тектілер мекені. - Қарағанды: Тенгри, 2020. - 291 б.
2. Асыл мұра: Мәдени ескерткіштер = Asyl mura: энциклопедиялық анықтамалық: [Кітап QR-кодпен қамтамасыз етілген]. 3-том / алғы сөз авт. Г. Б. Сұлтанова. - Семей: [б. ж.], 2024. - 167 б.
3. Ауыл: даму дәуірі = Ауыл: эпоха возрождения: кітап-альбом / қазақ тіліне ауд. С. Жанысбай; құраст. В. Петухов; сур.: Ж. Иманалиев, В. Петухов. - Қарағанды: Экожан, 2011. - 160 б.
4. Өмір Ш. Қ. Туған өлке - Ақжарым: анықтамалық / Ш. Қ. Өмір, Б. Ш. Сарсембаев, С. И. Төлеуов; дизайн, беттеу А. Божко; корректор: Н. Асангазиев, А. Сәнді. - Алматы: Service Press, 2024. - 283 б.
5. Байдалы С. Өлке өмірін - өз көзімізбен.-Қарағанды: Болашақ, 1998.- 192 б.
6. Бедельбаева М. В. Сарыарқаның тастағы таңбалары: зерттеу / М. В. Бедельбаева, В. А. Новоженев, Ұ. Ұ. Үмітқалиев; қазақшаға ауд. О. Шохатаев; Қарағанды облысының мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасы, Академик Е. А. Бөкетов

атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің құрамындағы Сарыарқа археология институты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Тарих факультеті, Археология және этнология кафедрасы. - Нұр-Сұлтан: Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2019. - 203 б.

7. Боздақтар: 1941-45 ж. Ұлы Отан соғысы жеңісінің 50 жылдығына арналады / бас ред. Р.Н.Нұрғалиев. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995 - 2-том: Қарағанды облысы = Книга памяти. - 624 б.

8. Ғажайып Қазақстан = Amazing Kazakhstan: фотоальбом / жоба авт. Б. Барысбеков; суретшілер: Д. Бабаұратов, А. Ахметов, Б. Барысбеков; ауд.: З. Жұманова, П. Горанов. - [Қ. ж.]: [Б. ж.], [2017?]. - 282 б.

9. Жасампаз жылдар жылнамасы /Құраст. А.Ж.Жанғожин, Е.Лұқпанов.- Қарағанды: Болашақ-Баспа, 1999.- 96 б.

10. Қазақстанның ауыл шаруашылығы: суретті альбом = Сельское хозяйство Казахстана: фотоальбом. - Алматы: Баспа Шар, 2016. - 351 б.

11. Қарағанды облыстық мәслихаты = Карагандинский областной маслихат: фото-альбом / құраст. В. Титенев; ауд.: А. Ауасатов, В. Рослов. - Алматы: Баспа Алтын Кітап, 2024. - 263 б.

12. Қарағанды облысы: тарихы, болмысы, болашағы: ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. Қарағанды облысының 70 жылдығына арналады. - Қарағанды: КарГУ, 2006. - 260 б.

13. Қарағанды. Қарағанды облысы: энциклопедия /ред. А. А. Абдулин. - Алматы: Атамұра, 2006. - 584 б.

14. Қарағанды. Қарағанды облысы: энциклопедия /ред. Р.Н. Нұрғалиев. - Алматы: Қаз.сов.энцикл., 1990. - 632 б.

15. Қожахметов М. Қ. Абыз дала, Аңыз дала - Ақтоғай: [тарихнамалық зерттеу] / М. Қ. Қожахметов, Ж. Қ. Смағұлов. - 2-бас. толықт. - Қарағанды: Тенгри, 2021. - 442 б.

16. Мұқан Т. Ақтоғай тарихтың тас сандығы: жинақ: Ақтоғайдың ғасырлық шежіресі. Деректі топтамалар] / Т. Мұқан; ред. Ә. Тілеуғалы; алғы сөз авт. С. М. Әбеуова. - [Қарағанды?]: [б. ж.], 2020. - 324 б.

17. Мұқан Т. Үш арыстың ауылынанбыз. - Алматы: Қазына баспаханасы, 2025. - 512 б.

18. Мұстафин Ғ. Бес томдық шығармалар жинағы: роман. - Астана: Елорда, 2003 - Т.2 : Қарағанды. - 400 б.

19. Нұра ауданының энциклопедиясы. - Қарағанды : Болашақ-Баспа, 2008. - 200 б.

20. Нұрбеков А. Боқты көтерілісі / А. Нұрбеков, М. Талюкенов.-Алматы: Palitra-Press, 2019.-164 б.

21. Осакаровка ауданы = Осакаровский район: энциклопедия / ред. А. Саулебек. - Нұр-Сұлтан: Кәусар, 2020. - 398 б.

22. Сарыарқа мәдениетінің шежіресі: Қарағанды облысы мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының 70-жылдығына арналған] = Летопись культуры Сарыарки: к 70-летию управления культуры, архивов и документации Карагандинской области / құраст. Е. Қ. Жұмакенов [және т.б.]; ред.: Р. К. Омарбекова, Т. С. Төлеуов, Е. Н. Нұрмағанбетов; аудар. Н. Е. Ілден; дизайн. Б. С. Туралыкова. - Қарағанды: TENGRI LTD, 2023. - 271 б.

23. Сарыарқа-бірлік пен келісім мекені = Сарыарқа-колыбель единства и согласия: [жинақ] / А. Н. Урмашов, И. И. Милаева, А. У. Аупенова; ред. Б. К. Алтынбеков [және т.б.]. - Караганда: Типография Арко, [2021?]. - 239 б.

24. Сәденов Қ. М. Ауылым Жалаңтөстің Қызылтасы: [естелік шежіре]. - Қарағанды: Арко, 2016. - 190 б.

25. Сыздықов С. М. Қарқаралы - Ұлы Дала тарихында: ғылыми-танымдық басылым. 5-ші кітап. - Астана: Фолиант, 2024. - 250 б.

26. Тағдырлас қалам - Саран = Моя Сарань - судьба в судьбе: 1954-2004 / ред.

Л.Н. Ким. - Қарағанды: Таис, 2004. - 260 б.

27. Тарих беттері сыр шертеді = Страницы истории: [альбом] / Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы; құраст. Е. Қ. Жұмакенов [және т. б.]; дизайн Б. С. Туралықова. - Қарағанды: [б. ж.], 2023. - 403 б.

28. Тәуелсіздік жылнамасы (1991-2001 ж.ж.) / А.Ж. Жанғожин, М.С. Сембаев, Е.С. Лұқпанов. - Қарағанды: Арко, 2003. - 207 б.

29. Шахтинск - сүйікті қалам = Шахтинск - любимый город: [иллюстрацияланған энциклопедия: толықтырылған шынайылық, 3D-анимация және видео орналасқан] / КГУ "Шахтинская ЦБС". - Нұр-Сұлтан: Big Dream Lab, 2021. - 66 б.

30. Шет ауданы: энциклопедия / ред. Ә. Оспан. - Алматы: ҚазАқпарат, 2013. - 390 б.

31. Ісләмұлы І. Ортауым алтын бесігім / І. Ісләмұлы, Ж. Қызбалаұлы. - Қарағанды: Гласир, 2013. - 314 б.

32. Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекбаев Абай ауданының тұрғындарымен кездесті // Абай-Ақиқат. - 2024. - 29 маусым (№ 26). - 1 б.

33. Әбдіраш Ә. Әңгіме ашық айтылып, жаңа меже айқындалды /Ә. Әбдіраш, Қ. Айтжанова // Орталық Қазақстан. - 2021. - 20 ақпан (№ 20).

34. Әшімов Ғ. Ә. Құрыш қала дұрыстала береді / Ғ. Ә. Әшімов, әңгімелескен Қ. Әбілда // Орталық Қазақстан. - 2025. - 22 мамыр (№ 54). - 1,3 б.

35. Бекқожа Қ. Ақтау бекінісі // Арқа ақшамы. - 2025. - 6 наурыз (№ 9). - 6 б.

36. Бөлекпаев Е. Халыққа қызмет - абыройлы міндет / Е. Бөлекпаев ; сұхбат алушы Қ. Әбілда // Орталық Қазақстан. - 2024. - 8 маусым (№ 63). - 1,4-5 б.

37. Ғалым Қ. Ономастика - елдік іс // Егемен Қазақстан. - 2024. - 31 мамыр (№ 104). - 3 б.

38. Ғалым Қ. Кәсіпорын көлік шиналарын шығара бастады // Егемен Қазақстан. - 2025. - 29 мамыр (№ 99). - 1, 8 б.

39. Жаңа әкім жаңа белеске көтере ме? // Арқа ақшамы. - 2022. - 15 желтоқсан (№ 46). - 2 б.

40. Жолқұттытегі А. Қазыналы Қарағанды фильмі көрерменге жол тартты // QARAĞANDY HABARY. - 2025. - 13 ақпан (№ 6). - 4 б.

41. Имаш Е. Әкім кездесуі - жаңа форматта // Орталық Қазақстан. - 2023. - 29 шілде (№ 83). - 2 б.

42. Кеңесбекұлы Е. Нақты қадам, айқын мақсат // Орталық Қазақстан. - 2025. - 5 сәуір (№ 36). - 1,4 б.

43. Кеңесбекұлы Е. Өрісі кеңейген өнеркәсіп // Орталық Қазақстан. - 2025. - 3 мамыр (№ 48). - 1 б.

44. Күлшебаева Қ. Қарағанды көшелері: тарих пен тағылым // QARAĞANDY HABARY. - 2025. - 13 ақпан (№ 6). - 4 б.

45. Қадыр Б. Үздік туристік бес ауыл // Егемен Қазақстан. - 2025. - 14 ақпан (№ 30). - 1, 14 б.

46. Қасымбек Ж. Қарағанды облысы - жаңа жағдайда // Орталық Қазақстан. - 2021. - 9 ақпан (№ 15). - 1 б.

47. Мағзи Ж. Арқадағы алғашқы өндіріс ошақтары // Егемен Қазақстан. - 2025. - 15 қаңтар (№ 8). - 10 б.

48. Серімов Е. Көше атауларының тарихы // Арқа ақшамы. - 2025. - 20 ақпан (№ 7). - 6 б.

49. Совет А. Бәсі биік білім ордалары // Орталық Қазақстан. - 2024. - 9 қараша (№ 126). - 1 б.

50. Хамзин М. Берекелі ауыл бар бұл өңірде // Орталық Қазақстан. - 2025.- 29 наурыз (№ 33).- 6 б.

51. Шалқар Ж. Өнім өндіруде өсім бар // Орталық Қазақстан. - 2025. - 22 сәуір (№ 43). - 2 б.

52. Шапақ Ү. Қарқаралы - шағын қалалардың айнасы // Егемен Қазақстан. - 2025. - 19 сәуір (№ 74). - 6 б.
53. Шөкейқызы Р. Ауылым - алтын бесігім // Қарқаралы. - 2025. - 11 қаңтар (№ 1). - 5 б.
54. Илияш С. Алты сағаттық ашық әңгіме // Орталық Қазақстан. - 2023. - 2 желтоқсан (№ 135). - 1,2 б.
55. Илияш С. Қарағандының қадамы нық // Орталық Қазақстан. - 2025. - 29 мамыр (№ 57). - 1 б.

**15 тамыз 1906 – 1948 - Ғалым, биология
ғылымының докторы Кәрім Мыңбаевтың
туғанына 120 жыл**

Кәрім Мыңбаев елімізде аграрлық ғылымның негізін қалаушы, ұлтымыздан шыққан тұңғыш биология ғылымдарының докторы, Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы ғылым академиясының (ВАСХНИЛ) академигі, оның Қазақ бөлімшесін ұйымдастырушы әрі тұңғыш төрағасы, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты, республика Мемлекеттік жоспарлау комитетінің бірінші орынбасары болды.

К. Мыңбаев 1906 жылы 15 тамыз күні Нұра ауданы, Қызыл Дихан (қазіргі К. Мыңбаев атындағы ауылдан 2 шақырым жерде) дүниеге келген. Ақмоладағы орыс-қырғыз приход мектебінде ең үздік оқитын оқушы болды. 1928 жылы Ташкент қаласындағы Орта Азия мақта және су шаруашылығы политехникалық институтының жаңа техникалық дақылдар факультетіне түсіп, оны 1932 жылы үздік бітіріп шығады. Содан кейін Мәскеудегі «Котарпин» атындағы мата фабрикасының аспирантурасына түседі. Кейіннен Ауыл шаруашылығы комиссариаты шешімімен, оқуын үзіп, Грузиядағы Кавказ тәжірибе стансасында ғылыми жұмыстар жүргізеді. Бірақ ол жерде онша көп істемейді. Артынша үкіметтің жас мамандарды елдеріне қайтарсын деген қаулысына сәйкес Алматыға оралады. Ол кезеңде кеңестік өндіріс қарқындап өрлеу үстінде болатын. Химиялық жолмен синтетикалық каучук алу онша дамымаған кезде әскери-стратегиялық материал ретінде оған деген қажеттілік күн санап артқан. Соған байланысты Кәрім жастық ғұмырын осы саланың қалыптасып, өркен жаюына арнайды. Өзі туып өскен Орталық Қазақстанның ұсақ қыратты өңірінде өспейтін шөп болмайтын. Кім біледі, көксағызды жастық шағында ауыл балаларының ермегі ретінде шайнаған да шығар. Резина жасаудың негізгі шикізаты осы көксағыз болғандықтан, оның табиғаттағы жабайы түрлерін Оңтүстік Қазақстанның тау етектерінен тауып, ғылыми-тәжірибе жұмыстарын бастаған. Арнайы шаруашылықтар құрып, зерттеулер жүргізіп, көксағыздың мол өнімді, мәдени түрлерін шығарып, өсіру технологиясын жасау ісіне басшылық етеді. Соның нәтижесінде, Қазақстан Одақ бойынша сол жылдарда резина шикізатын шығаруда жетекші орындарға ие болған екен.

Көксағыз бұрын онша зерттелмеген өсімдік болғандықтан, оның ғылымға беймәлім қыр-сырын ашуға деген құштарлық Кәрімді Ленинградтағы Бүкілодақтық өсімдіктер институтының аспирантурасына әкеледі. Ол осы салада әлемде алдыңғы орында тұрған бұл институтты әйгілі генетик ғалым, академик Н. Вавилов басқарып тұрған кез еді. Қабылдау емтиханын өте жақсы тапсырған әрі өндірістік тәжірибесі бар қазақ жігітін Н. Вавилов өзіне аспирант етіп алып, ғылыми жұмыстарына жетекшілік етеді. Сөйтіп ол «Каучукты жақсартудың негізгі жолдары» тақырыбындағы кандидаттық жұмысына байланысты институттың тәжірибе алаңдарында кең көлемде, арнайы әдістемелерге сүйеніп, зерттеулер жүргізеді. Жұмыс барысында, көксағыз дақылының биологиялық, шаруашылық қасиеттері және өсірудің агротехникасы туралы жаңа деректер дүниеге келеді. Оларды тұқымынан және өскіндері арқылы өсіру тәсілдерін, жаңа сорттарын шығару, өсімдіктің құрамындағы көксағыздың көлемін арттыру, өндіру агротехникасын алғаш рет тәжірибеге енгізеді. 1940 жылы кандидаттық диссертациясын табысты қорғап, бұрынғы тәжірибе алаңын каучукке қажет шикізат өсіретін, кең көлемдегі өндіріс көзіне айналдырады.

К. Мыңбаевтың осы саладағы ашқан ғылыми жаңалықтары, еңбекқорлық, ізденушілік ерекшеліктері ғылыми ортада жоғары бағаланып, институт басшылығы оны аз уақыттың ішінде қатардағы қызметкерден бөлім меңгерушісі дәрежесіне дейін көтереді. Кәрімнің бұл жерде ғылыми жұмыстарын одан әрі қарай жалғастыруына Ұлы Отан соғысының басталуы бөгет жасайды. Ел басына түскен осынау ауыр шақтарда ол Ленинградты қорғаушы халық жасағы қатарында болады. Артынша әскерге алынып, Омбыда арнайы дайындықтан өтеді. Дегенмен, соғысқа қажетті ұшақ, автомашина секілді және резина пайдаланатын басқа да осыған ұқсас техникалық құралдардың көптеп шығарылуы каучукке деген сұранысты еселей арттырады. Соған байланысты оның жасау тәсілдерін жақсы білетін Кәрім Мыңбаев шұғыл түрде әскерден босатылып, елге қайтарылады.

Кәрім Мыңбаевтың Күләш деген немере қарындасын алған, өте жақын араласқан күйеу баласы, қазақтан шыққан тұңғыш режиссер, профессор Асқар Тоқпановтың айтуынша, сол кезде Кәрім Мыңбаевты Сталиннің өзі Кремльге шақырып, әңгіме өткізеді.

Әңгіме барысы төмендегідей жағдайда өрбиді:

– Майор, Қазақстанда сен сияқты қанша ғалым бар? – деп сұрайды Сталин.

– Көп, жолдас Сталин.

– Олай емес, жолдас Мыңбаев. Менің білуімше, бар-жоғы 5 ғылым докторы, 17 ғылым кандидаты ғана бар. Бұл көп емес. Біздің ойымызша сіз, Мыңбаев жолдас, Қазақстанға қайтуыңыз керек. Бастаған ғылыми жұмыстарыңызды аяқтаңыз. Соғыстан соң шаруашылықты өркендетуіміз керек, – дейді Сталин.

Қабылдаудан соң 1942 жылы Қазақстанға оралған Кәрім Мыңбаевты республика Үкіметі жақсы қарсы алып, елдегі ауыл шаруашылығына еркін араласу, өзіне берілген тапсырмаларды іске асыру үшін Қазақ КСР Мемлекеттік жоспарлау комитеті төрағасының бірінші орынбасары етіп тағайындады.

Кәрім осы тұста өзіне жүктелген мемлекеттік қызметпен бірге Оңтүстік Қазақстанның Мақтаарал, Киров, Қызылқұм аудандарында ірі шаруашылықтар құрып, көксағыз өсімдігін өсірумен айналысады. Онда ғылыми жұмыстарын жалғастырып, аталмыш өсімдіктің мәдени түрлерінің шаруашылық-биологиялық қасиеттерін анықтайды және шаруашылыққа тиімді агротехнологияны енгізеді.

Сонымен 1944 жылы осы еңбектері бойынша диссертация қорғап, биология ғылымдарының докторы атағын алады.

Сол тұста еліміздің ауыл шаруашылығын ғылыми негізде қайта құру үшін бір ғылыми орталық құрып, оларда әр сала бойынша ғылыми-зерттеулер институттарын ашу қажеттілігі туындайды.

Сондықтан соғыстың қауырт кезеңіне, елдегі қиыншылық пен тапшылыққа қарамай 1944 жылы Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы ғылым академиясының Қазақ филиалы ашылып, оның президиумының тұңғыш төрағасы болып К.Мыңбаев тағайындалады. К. Мыңбаевтың қажырлы еңбегі, іскерлігі, үлкен абыройының арқасында қазақстандық филиал қарамағында аз уақыттың ішінде 4 ғылыми-зерттеу институты, 8 тәжірибе стансасы, 13 тәжірибе алаңы ұйымдастырылып, ғылыми тақырыптық зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Егін шаруашылығын дамытуда қара топырақты, ылғалды Солтүстік Қазақстанның бес облысы өңірінде Кәрім Мыңбаев 1948 жылы Қызылжар қаласында ВАСХНИЛ-дің Қазақ филиалының көшпелі сессиясын өткізеді. Онда өзі «Ауыл шаруашылығы дақылдарының селекциясы мен тұқым шаруашылығының агробиологиялық негіздері» деген тақырыпта баяндама жасайды.

1948 жылы «Бетпақдала шөлі» атты монографиясын жазады.

Кәрім Мыңбаев 1948 жылы 30 қыркүйекте, Мәскеуге іссапармен бара жатқан жолда ұшақ апатынан кенеттен қайтыс болды. Онда сол кездегі ауыл шаруашылығы саласындағы білгір маман ғылымдар: Қылыш Бабаев, Сапар Нұғыманов, Хасен Наурызбаев және Солодников бірге көз жұмды. Осы ұшақ апаты жайында қауесет халық арасында кезінде кеңінен тараған. Бірқатар адамдар мұны орталықтың ырқына көп көне

бермеген Кәрім Мыңбаев секілді қазақтың біртуар тұлғасына әдейілеп істелген қастандық деп есептейді. Мұны сол кездегі куәгерлер сөзі де дәлелдей түсетіндей. Атақты жазушымыз С.Мұқановтың естелігінде мынадай жолдар бар. «Бір күні маған Ғ.Мүсірепов телефон шалып кешке қонаққа шақырды. Барсақ Кәрім отыр екен. Ол алдағы таңда Мәскеуге Т.Д.Лысенконың 50 жылдық мерейтойына бір топ қазақ ғалымдарымен ұшпақшы екен. Көңілді кеш аяқталғанда, мен Кәрімнен Мәскеуде оқып жүрген екі ұлыма сәлем-сауқат ала кетуін өтіндім. Келістік. Аэропортқа таң атпай бардым... Кәрім балаларымен және мен жырағырақ жерде самолетке ұшатындармен бірге бардық. Самолетке мінгеннен кейін, Кәрім тысқа шығып, Темірін тағы да құшақтап көтеріп, құшырлана сүйді.

– Мұның не соншама балажансып?! – дедім мен.

– Кім біледі, – деді Кәрім – соңғы сүюім ғажап емес!

– Айтпа жаман сұмдықты! (С.Мұқанов. Толық шығармалар жинағы. 13-том).

Ертеңіне сол самолет Балқаштан шыға беріп 15 минуттан соң апатқа ұшырады.

Мемлекеттік комиссия ұшақтың апатқа өздігінен ұшырамағандығын анықтады. Зиялы қауым мұны ғалымға жасаған тікелей қастандық екенін іштей білген, бірақ жұмған ауыздарын ашуға қорыққан. Содан былай ғалымдар оның еңбектері жайлы мандытып ештеңе жазбаған.

Олардан қалған соңғы көз (бүгінде о дүниелік) замандасы, академик Хайдар Арыстанбеков ел тәуелсіздік алған соң, қартайған шағында ұшақ апатының мән-жайын былай деп еске алады:

«Жарылыс сонша күшті болғандықтан ондағы опат болған адамдардың ешбірін тануға болмады. Кәрімді әйелі костюмінің бір жапырақ жыртындысынан және ондағы түймесінен таныған. Сондықтан барлық мүрделерді біріктіріп Алматыдағы Ташкент мазарына жерлеген.

Ұлттық ғылым академиясының мүше-корреспонденті, профессор Х. Арыстанбековтың айтуынша, К. Мыңбаев НКВД-ның алдына вавиловшы-биологтар Зайцева мен Кузьминді Карлагтан босату туралы мәселе қойып дегеніне жеткен, тұтқын ғалымдар еркіндікке шыққан соң оларды ғылыми жұмыстарын жалғастыруға мүмкіндік беретін Шортандыдағы тәжірибе стансасына орналастырған. Аталған ғалымдар көп ұзамай бидайдың солтүстік өңірлерге бейімделген жаңа сортын шығарып, жаңалық ашады.

Қазақ КСР Министрлер Кеңесі, 1948 жылы 7 қазанда марқұмдардың зиратына ескерткіш қойылсын деген қаулы алғанымен, бұл шешім 1956 жылға дейін орындалмапты. Ол тек кейінірек Хайдар Арыстанбековтің республика басшылығының алдына қойған талабы арқылы ғана жүзеге асады. Кәрім Мыңбаев қысқа ғұмырында 200-ден аса ғылыми мақалалар мен екі кітап жазып қалдырған.

Ғалымның өмірлік қосағы Милица Васильевнадан тараған балалары Жапар – профессор, инженер-электрик, Гүлнар – геолог, Алла – физик, ал кенжесі Темір Алматыда симфониялық оркестрде дирижерлік еткен. Кейін олар шет елге қоныс аударды.

Небәрі 20 жылдың ішінде (1928-1948) мектеп оқушысынан одақтық дәрежедегі академикке айналуы, елімізде ауыл шаруашылығы ғылымының негізін қалаған айтулы ғалым деңгейіне дейін көтерілген Кәрім Мыңбаевтың есімін мәңгі қалдыру мақсатында Нұра ауданының бұрынғы Ивановкаға Кәрім Мыңбаев есімі берілді. Осы ауылдың мектебі де ғалым атымен аталған. Ағадыр станциясындағы бір мектеп те ғалым есімімен аталады. Киевка кентінде бір көшеге К. Мыңбаев есімі берілген, ауыл шаруашылығы бөлімінің алдында қола бюст орнатылған. Шет ауданында К.Мыңбаев ауылдық округі бар. 2024 жылы Астанада №59 мектеп-лицейге ғалымның есімі берілді.

Әдебиеттер:

1. Айналдым, Нұра атыңнан!: [жинақ] / құраст. А. Несіпбай. - Астана: Жасыл Орда, 2018. - 215 б.

2. Ахметова З. Шуақты күндер: [естелік-эссе]. - Алматы: Полиграфкомбинат, 2016. - 349 б.
3. әл-Карени Р. С. Заңғар биікке жеткен ғалым // әл-Карени Р. С. Қазақ елінің жиырма ұлы ойшылдары мен ғалымдары: монография; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті. - Қарағанды: Арка және К, 2016. – 401-426 б.
4. әл-Карени Р. С. Заңғар биікке жеткен ғалым // әл-Карени Р. С. Әдеби және тарихи шығармалары: жеті томдық; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті. - Қарағанды: Арка және К, 2017. - 6 т., 12 кіт. : Қазақ елінің ұлы ойшылдары мен ғалымдары. – 374-399 б.
5. Бексейіт С. Тамыршыдай таныған жер мен көкті // Бексейіт С. Ел мен ер: публицистика, деректі проза, библиография. - Қарағанды: TENGRI, 2018. – 111-115 б.
6. Каренов Р. С. Мәңгілік құндылықтар саңлақтары = Творцы немеркнувших ценности: естелік / Р. С. Каренов ; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті. - Қарағанды : Қарағанды Полиграфиясы, 2000. - 222 б. - Указ. литер. трудов академика Р.С. Каренова: с. 219
7. Кәрібаева Б. Тұлғалы ғалым тұғыры биік болғаны ләзім // Кәрібаева Б. Керуен: қазақ әдебиетінің толғақты мәселелері; Қарағанды облысының әкімдігі. - Астана: Фолиант, 2014. – 405-411 б.
8. Кәрім Мыңбаевты кім өлтіртті? // Сәулебек А. Қамшысөз: публицистикалық мақалалар. - Алматы: Қаламгер, 2016. – 87-89 б.
9. Қазақ халқының тарихи тұлғалары: [қысқаша анықтамалық]. - Алматы : Өнер, 2016 - 2 кіт.: Ұлттық қайраткерлер, ақын-жазушылар, күш алыптары, ғалымдар, суретшілер, сәулетші-архитекторлар, өнер тарландары / құраст. Ә. Көпіш. - 2016. - 367 б.
10. Қазақ халқының тарихи тұлғалары: [қысқаша анықтамалық]. - Алматы : Өнер, 2011 - 1кітап. - 300 б.
11. Майбас Т. Шыған // Майбас Т. Портреттер: очерктер кітабы. 2-кітап. - Алматы: Алгоритм, 2022. – 464-468 б.
12. Мусин Т. Өмір баспалдақтары.- Алматы: Қазақстан, 1990.
13. Мұқанов С. Таңдамалы шығармалар: Арқаға саяхат//С.Мұқанов.- Алматы: Жазушы,1978.- 364 б.
14. Мыңбаев Кәрім // Қарағанды. Қарғанды облысы: энциклопедия.- Алматы, 1990.- 422 б.
15. Мыңбаев Кәрім // Қазақстан. Ұлттық энциклопедия.- Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2004.-6 т.- 653 б.
16. Темірұлы М. Кәрім // Темірұлы М. Қуан қазақ азаттық алғаныңа. - Қарағанды: Санат, 2002. – 80-81 б.

17. Ағаналы-інілі Мыңбаевтар // Жаңа жол. - 1991. - 22 мамыр (№ 52).
18. Ахметов Д. Мерейлі той думанды өтті // Нұра. - 2006. - 23 қыркүйек
19. Әбдікәрімов О. Академик К.Мыңбаевтың туғанына 100 жыл толуына орай ғалымның мүсінін ашардағы сөзі // Нұра. - 2006. - 23 қыркүйек.
20. [Әбілдинов Қ. Қарындас деген қандай-ды... // Орталық Қазақстан.- 2005. - 13 тамыз. - 7 б.](#)
21. Әкімбеков Д. Биолог ғалым // Жаңа жол. - 1991. - 22 маусым (№ 60). - 3 б.
22. Балташұлы Е. Кәрім Мыңбаевтың мұрасы мен мұраты // Егемен Қазақстан. - 2024. - 14 маусым (№ 114). - 20 б.
23. Бапай Н. Кәрім кітабының тұсаукесері // Нұра. - 2023. - 5 қаңтар (№ 1). - 1,3 б.
24. [Бекмағамбетов Б. Барша қазақтың мақтанышы // Орталық Қазақстан. - 2005. - 17 қараша. - 8 б.](#)
25. Бексейіт С. Алаш арманшылары // Егемен Қазақстан. - 2006. - 22 ақпан

(№43-46). - 4 б.

26. Бексейіт С. Алаш арманшылы // Орталық Қазақстан. - 2006. - 2 наурыз. - 7 б., 4 наурыз. - 9 б.
27. Бердешева А. Е. Дара тұлға // Нұра. - 2021. - 14 тамыз (№ 32). - 5 б.
28. Ескермесқызы Б. Ғасырдан ғасырға // Нұра. - 2011. - 22 қазан (№ 43). - 6 б.
29. Каренов Р. Ғылымның алып бәйтерегі // Азия транзит. - 2006. - № 9/10. - 11-19 б.
30. Қаза тапқандарды ұмытпаймыз // Социалистік Қазақстан.-1948.- 3,5 октябрь
31. Майбас Т. Қызылтауда аулы бар ғалымның // Нұра. - 2023. - 11 мамыр (№ 20). - 3 б.
32. Майбас Т. Шерағаңа құлақ асайық // Орталық Қазақстан. - 2006. - 6 сәуір. - 7 б.
33. Майбас Т. Шыған // Орталық Қазақстан. - 2016. - 9 қаңтар (№ 3/4). - 5 б., Егемен Қазақстан. - 2016. - 13 сәуір (№ 69). - 10 б.
34. Махат Д. Әуеде жарылған ұшақ. 1948 жылғы қасірет туралы аз-кем әңгіме // Егемен Қазақстан. - 2008. - 19 желтоқсан (№ 397-404). - 5 б.
35. Мичуриндік биология ғылымын гүлдендіре берейік! Ленин атындағы Бүкіл Одақтық Ауыл шаруашылық Ғылымдары Академиясының августтағы сессиясының қорытындыларын Қазақстан филиалының президумында талқылау //Социалистік Қазақстан.-1948.- 11 сентябрь.- 3 б.
36. Мұртаза Ш. Бетпақдаланы Жаннат далаға айналдыруды армандаған Кәрім Мыңбаев // Егемен Қазақстан. - 2006. - 6 қаңтар. - 4 б., Орталық Қазақстан. - 2006. - 12 қаңтар, Нұра. - 2008. - 25 қырк. (№ 38). - 2 б.
37. Мұса С. Қазақ биология ғылымының көшбасшысы // Егемен Қазақстан. - 2006. - 15 тамыз.-2 б., Нұра. - 2006. - 16 қыркүйек ; 13 қырк. (№36). - 4 б.
38. Мыңбаев мұрасы һәм агроөнеркәсіп саласының келешегі // Балқантау. - 2006. - 24 тамыз. - 6 б.
39. Мыңбай Н. Тағдырлар тоғысы // Нұра. - 2022. - 9 маусым (№ 25). - 4 б.
40. Несіпбай А. Алаштың арманшыл ардағы // Егемен Қазақстан. - 2006. - 20 қыркүйек(№224). - 4 б.
41. Сағымбекұлы Ж. Көрнекті ғалымның мерейтойы аталып өтті // Қазақстанның ғылымы мен жоғары мектебі. - 2006. - 1 қыркүйек (№17). - 8 б.
42. Сәулебек А. Кәрім Мыңбаевты кім өлтіртті? // Нұра. - 2022. - 18 тамыз (№ 35). - 3 б.
43. Темірұлы М. Нұрадан ұшқан қырандар // Нұра. - 2007. - 24 тамыз.
44. Шаханов Е. Қазақ ауыл шаруашылығының атасы / Е. Шаханов, Н. Ющенко [және т. б.] // Орталық Қазақстан. - 2011. - 13 тамыз (№ 132/133). - 6 б.
45. Шаханов Е. Мыңбаев / Е. Шаханов, И. Нечаев // Егемен Қазақстан. - 2011. - 3 тамыз (№ 344/345). - 5 б.
46. Ысқаков З. Жалғыз ескерткіштің жағдайы // Егемен Қазақстан. - 2006. - 29 қараша (№292-295). - 8 б.
47. Ысқақ Ә. Қазақтың аграрлық ғылымының көшбасшысы еді // Қазақ үні. - 2016. - 9 тамыз (№ 29/30). - 16 б.

**1 қыркүйек 1976 – Жайық Бектұров
атындағы Қарағанды облыстық
жасөспірімдер кітапханасының
құрылғанына 50 жыл**

Кітапхана 1976 жылы жасөспірімдерді адамгершілікке баулу және рухани тәрбиелеу мақсатында Қарағанды қалалық Халық депутаттары Кеңесінің атқарушы комитетінің шешімімен ашылды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 14 қыркүйектегі N1204 Қаулысымен Қарағанды қаласының облыстық жасөспірімдер кітапханасына зерттеуші, тілші, ақын, жазушы, аудармашы, публицист, қоғам қайраткері, Қарағанды қаласының құрметті тұрғыны Жайық Кәгенұлы Бектұровтың аты берілді. 2001 жылдың 12 желтоқсанында кітапханада Ж.К. Бектұровтың мемориалдық кабинет-мұражайының салтанатты ашылуы өтті.

Кітапхананың алғашқы директоры Белқожанова Роза Рысқанқызы болды. Ол кітапхананы 20 жыл бойы басқарды. Кітапхана құрылған кезде облыс кітапханаларында жасөспірімдерге арналған абонементтер ашыла бастады, жастарды тәрбиелеу бойынша кітапхана қызметін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету ұйымдастырылып, жасөспірімдерге қызмет көрсетудің жаңа түрлері қолданыла бастады.

Кітапхананы 1997 жылдан бастап басқарған Гауһар Әбушахмақызы Бекбалакованың бастамасымен кітапхана жұмысында жаңа ақпараттық технологиялар енгізіле бастады.

2017 жылдың қаңтар айынан бастап кітапхананың басшы орнына Каленова Нұргүл Қасымханқызы тағайындалды.

Кітапхана шығармашылық жаңартпашылық зертхана ретінде өскелең ұрпақты әлеуметтендіруде кітапханалардың ролін көтеру мақсатында жасөспірімдермен жұмыс жүйелілігін қамтамасыз ететін жаңартпашылық жобалар мен бағдарламаларды жүзеге асырады.

Ж. Бектұров атындағы Қарағанды облыстық жасөспірімдер кітапханасының 2001 жылдан бастап өткізілетін Интернет-конференциялары оның қызметінің басым бағыттарының біріне айналды. Жастар назар аударатын әртүрлі тақырыптағы on-line тәртібінде өткізілетін сөз бөлісулер осындай кездесулердің жастар талаптарына сай келетіндігін дәлелдеп отыр. Мәскеу, Киев, Николаев, Шымкент, Қостанай, Орал, Петропавл – «Қазына» виртуалды әдеби салонының жиі қонақтары. «БОТА» жастардың интеллектуалдық орталығы жұмыс істейді. Құрылған жылы: 1996. «БОТА» ЖИО-ның мүшелері көпшілік іс-шараларды, клуб отырыстарын, әртүрлі акцияларды өткізуге белсене тартылады.

Кітапхана оқырмандарының жалпы саны - 14 мыңнан астам адам, негізгі контингенті – 15 жастан 24 жасқа дейінгі жастар. Кітапхананың кітап қоры 150 мыңнан астам.

Кітапхана құрылымы:

1. Жазылу және бақылау бөлімшесі;
2. Жасөспірімдерге қызмет көрсету бөлімі;
3. Балаларға қызмет көрсету бөлімі;
4. Сирек кездесетін кітаптар, қолжазбалар және мұражай жәдігерлері бөлімшесі, Ж.К. Бектұровтың кабинет-мұражайы, «Дәнекер» цифрлық мұрағатының электрондық кітапханасы;

5. Ақпараттық-библиографиялық бөлім
6. Жасөспірімдердің қатынастары және көпшілік жұмыс бөлімі
7. Жаңартпашылық-әдістемелік бөлім
8. Әдебиетті іріктеп жинақтау және өңдеу бөлімі;
9. Кітапхана үдерістерін автоматтандыру бөлімі;
10. Негізгі қорды сақтау бөлімшесі;

Сонымен бірге кітапханада клуб және үйірме жұмыс істейді:

- «БОТА» ЖИО (жасөспірімдер үшін).
- «Famous Books» әлем әдебиетін әуесқойлар клубы (жасөспірімдер үшін).
- «Жас оқырман» клубы (2-4 сынып оқушылары үшін).
- «Атамекен» клубы (5-7 сынып оқушылары үшін).
- қазақ салт-дәстүрлерін дәріптеу бойынша «DASTUR» клубы.
- «ЭкоРазум» виртуалды жастар экологиялық-ағартушылық бірлестігі.

Әдебиеттер:

1. Абай жолы - дана жол: өлеңдер мен эсселер : [жинақ Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай ұйымдастырылған] / Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының "Ж. Бектұров атындағы Қарағанды облыстық жасөспірімдер кітапханасы" КММ; құраст.: Н. Ф. Шмойлова, Ж. Ж. Қартабаева; ред. Н. Қ. Каленова; алғы сөз авт. Е. Кеңесбекұлы. - Қарағанды: Марченко Г. Г., 2020. - 119 б.
2. Адамзат рухани күш-қуатының күдіреті: әдеби альманах / Қарағанды облыстық Мәдениет басқармасы, Ж.Бектұров атындағы Қарағанды облыстық жасөспірімдер кітапханасы; ред. Е. Балташұлы; жауапты Г. Ә. Бекбалакова; құраст.: Б. Қ. Мырзатаева, Г. М. Алдонғарова. - Қарағанды: Қазақстан-Ресей Университеті баспасы, 2012. - 142 б.
3. Аршабеков Т. Т. Қазыналы Қарағанды; Қарағанды қаласының әкімдігі. Арт площадка қоғамдық қоры. - Қарағанды: Гласир, 2019. - 292 б.
4. Кітапхананың баспа өнімдері [Электрондық ресурс] / Қарағанды облыстық мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының "Ж. Бектұров атындағы Қарағанды облыстық жасөспірімдер кітапханасы" КММ ; шығаруға жауап. Г. А. Бекбалакова. - Қарағанды: Б. ж., 2016. - 1 эл. опт. диск (CD-ROM).
5. Қарағанды облысының мәдениеті = Культура Карагандинской области: 1999-2004 / Қарағанды облысының мәдениет департаменті. - Қарағанды: [б. ж.], 2005. - 34 б.
6. Өр рухты жастар: "Бота" жастар интеллектуалды орталығының 20 жылдығына арналған өлеңдер мен прозалар жинағы / КММ Ж. Бектұров атындағы Қарағанды облыстық жасөспірімдер кітапханасы Қарағанды облысының мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасы, Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті; ред. Г. Ә. Бекбалакова. - Қарағанды: Бек-Нар, 2016. - 205 б.
7. Сарыарқа мәдениетінің шежіресі: [жинақ : Қарағанды облысы мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының 70-жылдығына арналған] = Летопись культуры Сарыарки: к 70-летию управления культуры, архивов и документации Карагандинской области / құраст. Е. Қ. Жұмакенов [және т.б.]; ред.: Р. К. Омарбекова, Т. С. Төлеуов, Е. Н. Нұрмағанбетов ; аудар. Н. Е. Ілден; дизайн. Б. С. Туралыкова. - Қарағанды : TENGRI LTD, 2023. - 271 б.
8. Шындықпен шындалған жазушы [Электрондық ресурс]: мультимедиялық библиографиялық әдістемелік құрал: Ж. Бектұров - 100 жыл / Қарағанды обл. мәдениет басқармасы, Ж. Бектұров атындағы Қарағанды обл. жасөспірімдер кітапханасы . - Қарағанды: б. ж., 2012. - 1 эл. опт. диск (CD-ROM).

9. Амантай Ж. Кешегі зиялыларды білу - парыз // Орталық Қазақстан. - 2023. - 28 қараша (№ 133). - 4 б.
10. Әлжантегінің ақзер әлемі // Орталық Қазақстан. - 2023. - 27 сәуір (№ 47). - 8 б.
11. [Әлиман Ж. Кемелдікті көздесек... // Орталық Қазақстан. - 2019. - 13 шілде \(№ 75\). - 8 б.](#)
12. Әлиман Ж. Қаламға қанын құйып, жанын берген... // Орталық Қазақстан. - 2019. - 7 желтоқсан (№ 136). - 8 б.
13. Ғалым Қ. Елдіктің үш бағаны // Орталық Қазақстан. - 2021. - 8 маусым (№ 60). - 8 б.
14. Дәуешұлы Е. Тағдырлы қаламгер тағылымы // Орталық Қазақстан. - 2022. - 26 қараша (№ 132). - 5 б.
15. Ерболат Е. Асқаралы алпыстың асуында // Орталық Қазақстан. - 2023. - 16 мамыр (№ 53). - 4 б.
16. Ерболат Е. Тарих тамыршысына тағзым // Орталық Қазақстан. - 2025. - 28 қаңтар (№ 10). - 4 б.

17. Жолқұттытегі А. Қазыналы қарағанды // QARAĞANDY HABARY. - 2024. - 2 мамыр (№ 18). - 6 б.
18. Кәрім Н. Алашшыл ақын - көкшулан жырлар // Орталық Қазақстан. - 2019. - 4 шілде (№ 72). - 6 б.
19. Кеңесбекұлы Е. Бейнероликте - батырлар // Орталық Қазақстан. - 2022. - 19 қараша (№ 129). - 7 б.
20. Қаленова Н. Қоршаған ортаны қорғау - ортақ парыз // Орталық Қазақстан. - 2022. - 28 шілде (№ 82). - 7 б.
21. Қаленова Н. Рух айдынындағы - 45 жыл // Орталық Қазақстан. - 2021. - 21 қыркүйек (№ 104). - 4 б.
22. Нарын Е. Ақын өмір рәм өлең жайлы // Орталық Қазақстан. - 2024. - 30 қараша (№ 135). - 8 б.
23. Отбасы қадірі - кітап бетінде // Орталық Қазақстан. - 2021. - 9 қыркүйек (№ 99). - 8 б.
24. Сәрсенбайұлы Ж. Байқау жеңімпаздары марапатталды // Орталық Қазақстан. - 2021. - 23 қыркүйек (№ 105). - 8 б.
25. Сәрсенбайұлы Ж. Кемел ойдың кеніші, кенен сөздің өрісі // Орталық Қазақстан. - 2022. - 26 қараша (№ 132). - 8 б.
26. Сәрсенбайұлы Ж. Ой бәйгесінің жүлдегерлері // Орталық Қазақстан. - 2021. - 9 желтоқсан (№ 137). - 8 б.
27. Сәрсенбайұлы Ж. Оқығанды ортаға салайық // Орталық Қазақстан. - 2021. - 12 тамыз (№ 88). - 5 б.
28. Сәрсенбайұлы Ж. Сауат ашар акция // Орталық Қазақстан. - 2022. - 10 ақпан (№ 16). - 4 б.
29. Сәрсенбайұлы Ж. Үлгілі отбасы өнегесі // Орталық Қазақстан. - 2021. - 16 қыркүйек (№ 102). - 8 б.
30. Серікжанқызы Г. Қыран Қасымға арналады // Орталық Қазақстан. - 2021. - 20 қараша (№ 130). - 4 б.
31. Ұлт перзентіне ұрпақ құрметі // Орталық Қазақстан. - 2020. - 25 ақпан (№ 22). - 6 б.
32. Хакім жыры жатқа оқып // Орталық Қазақстан. - 2024. - 5 қазан (№ 112). - 8 б.
33. Шалқар Ж. Абай әлемі - жастар назарында // Орталық Қазақстан. - 2021. - 12 тамыз (№ 88). - 5 б.
34. Шалқар Ж. Ақын жыры - жанға дауа // Орталық Қазақстан. - 2023. - 13 мамыр (№ 52). - 5 б.
35. Шалқар Ж. Арманға жетелеген орталық // Орталық Қазақстан. - 2019. - 26 ақпан (№ 22). - 6 б.
36. Шалқар Ж. Бота орталығы жастармен толықты // Орталық Қазақстан. - 2023. - 21 ақпан (№ 21). - 8 б.
37. Шалқар Ж. Білім кені - кітапхана // Орталық Қазақстан. - 2021. - 3 маусым (№ 58). - 6 б.
38. Шалқар Ж. Жүйріктен жүйрік озар ... // Орталық Қазақстан. - 2023. - 30 қыркүйек (№ 109). - 8 б.
39. Шалқар Ж. Кітап - асыл дос // Орталық Қазақстан. - 2023. - 10 маусым (№ 64). - 8 б.
40. Шалқар Ж. Кітап және жетістік // Орталық Қазақстан. - 2023. - 14 қаңтар (№ 5). - 8 б.
41. Шалқар Ж. Шаһар шежіресіне шолу // Орталық Қазақстан. - 2024. - 20 қаңтар (№ 8). - 8 б.
42. Шалқар Ж. Шындық шырақшысы // Орталық Қазақстан. - 2023. - 25 мамыр (№ 57). - 8 б.
43. Шарапатұлы Ш. Колледж студенттері республикалық сайыста жеңімпаз

**2 қыркүйек 1906 – 2 мамыр 2004 – Көрнекті
геолог-ғалым Ақжан Жақсыбекұлы
Машановтың туғанына 120 жыл**

Ақжан Жақсыбекұлы 1906 жылдың 2 қарашасында Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Нұркен ауылында дүниеге келген. Атақты Машан бидің немересі. Машан Жамантай төренің кеңесші биі, аузымен орақ орған шешен болған. Әкесі Жақсыбек Құранға жүйрік, сол кездердегі «Айқап», «Дала уалаяты» атты газеттерді жаздырып оқитын адам болған. Ақжан Машанов алғаш әліппе тануды өз әкесінен, кейін кеңес мектебінен үйренген. 1924 жылы Қарқаралыдағы Әлімхан Ермеков негізін қалаған педагогикалық техникумға түсіп, Ә.Ермековтен, А. Байтұрсыновтан дәріс алған.

Еңбек жолын өзі оқыған мектепте мұғалім болып бастаған Ақжан Жақсыбекұлы 1933 жылдың күзінде Семейдің геологиялық техникумындағы – дайындық курсына оқып, 1934 жылы Алматыда ашылған Қазақ тау-кен металлургия (қазіргі ҚазҰТУ) институтының алғашқы студенттерінің бірі болып қабылданады. Институтта оқи жүре, ол Алматыдағы техникумдарда, курстарда сабақ берді. Қазақстандағы маркшейдер мамандығының негізін қалаушы, профессор П.А.Рыжов зерделі студентті 1939 жылы аспирантураға алып қалады.

Ол ғылыми еңбегіне жер қойнауының геометриясын өзек етіп алды. Бұл екінің бірінің тісі бата бермейтін тың тақырып. А. Машановтың диссертациясындағы кен орындарын зерттеудің жаңа әдісі Қазақстанның көптеген кен орындарында байқаудан өтті. 1940 жылы геологиялық-барлау ғылыми экспедициясын басқарып жүрген аспирант Ақжан осы жаңа әдіс негізінде Ақбастау-Қосмұрын алтын кен орнын ашты. Сөйтіп, кендердің жер қойнауында түзілу заңдылықтарын ашуда алғаш рет жер қойнауы геометриясының әдістерін қолдануы геология мен тау-кен саласында ғылыми жаңалық болды.

1946 жылы Ақжан Жақсыбекұлы Мәскеу қаласында «Кендер құрылымын жер қойнауын геометрлеу әдістерімен зерттеу» тақырыбына докторлық диссертация қорғады. Ғылыми жұмыс үш мамандықтың (геология, механика және тау-кен ісі) түйісінде жүзеге асқан болатын. Сөйтіп, үш ғылым саласының түйісуіне тау-кен ісінде жаңа ғылыми бағыт – «геомеханика» дүниеге келді.

А. Машанов жетекшілігімен жүргізілген геомеханика саласындағы ғылыми жұмыстардың өрісі кеңейіп, жас ғалымдар саны көбейе түсті. Ол КСРО-дағы геомеханика ғылымының негізін салушылардың бірі және Қазақстандағы геомеханика мектебінің іргетасын қалаушы. Тау-кен саласындағы ғалымдар ішінде алғашқысы болып «Геомеханика» пәнінің мақсаты мен мазмұнын тұжырымдады. А. Машанов көптеген ғылыми кітаптар жазды. Солардың ішіндегі «Механика массива горных пород», «Введение в геомеханику», «Основы геомеханики скально-трещиноватых горных пород», «Геомеханика», «Устойчивость бортов карьеров бассейна Каратау» сияқты монографиялық еңбектері осы саладағы іргелі зерттеулер қатарына жатады. Оның еңбектері Германияда неміс тілінде жарық көрді. Бұл оның ғылыми мектебінің халықаралық деңгейде мойындалуы еді. А. Машанов тау-кен атауларының тұңғыш сөздігін, жоғары оқу орындарына арнап қазақ тілінде көптеген оқулықтар даярлады, солардың бірі «Кристаллография, минерология және петрография» атты кітабы соңғы ғасырдағы алғашқы және әзірге жалғыз оқулық болып есептелінеді.

А. Машанов ғылыми-техникалық білімді көпшілікке кеңінен насихаттаушы. Оның қаламынан туған «Жанар тау», «Жер сілкіну», «Таулар қалай құрылды», «Жер сыры», «Ғажайып ошақ басында», «Табу» сияқты кітаптары көпшіліктің ықыласына бөленді.

Ақжан Жақсыбекұлының баға жетпес, ерлікке пара-пар келетін, еңбегі – ұлы бабамыз Әл-Фарабидің қазақ топырағында туып қана қоймай, қаны түркі екендігін дәлелдеудегі, оның еңбектерімен ұрпағын сусындату және насихаттаудағы теңдессіз

қызметі. Ғалымның арқасында Әл-Фараби сынды ұлы ғұламаның рухы, есімі өз Отаны қазақтың қара топырағына қайта оралды. Бұл жолда жер жүзі елдерінің кітапханаларында шашырап жатқан Әл-Фараби еңбектерін жинап, 1969 жылы бабамыздың Дамаск қаласынан бейігін тапқан да Ақан Машанов еді. Әл-Фарабидің «Пәлсапалық тоғыз трактатын» қазақшалап, оған алғы сөз жазып, тұңғыш рет ана тілінде сөйлетті. Музыка, астрономия, математика, сәулет өнері, логика салаларындағы мұраларын қазақ дүниетанымымен сабақтастыра зерттеді. Халқымыздың екі данасының рухани байланысына арналған «Әл-Фараби және Абай» атты монографиясы (1994) тек абайтануда ғана емес, ұлттық мәдениетіміздің мың жылдық мұрасын игерудегі хәм ғылыми-ислами түсінігіне бағышталған қазақ торырағындағы зерттеу болып саналады.

А. Машанов 1984 жылы Кувейтте шығатын «Әл-Фараби» журналына «Орта Азияның мәдениет шамшырақтары» атты мақала жариялап, онда өз пікірін дәлелдеді. Кейіннен осы мақала төңірегінде жарық көрген пікірлерде белгілі ғалымдар «Әл-Машани мырза өз көзқарасын толық дәлелдеді» деп жазды. Міне, содан бері «Әл-Фарабиді ашқан Әл-Машани» деген сөз тіркесі жалғасып кете берді. Әл-Машани деген атақ Ақанның өзіне де ұнағандығы соншалық, «Ай арысы» және «Геомеханика» атты кітаптарында авторы Әл-Машани деп өз қолымен жазып кетті.

Жалпы, Әл-Машани 200-ден астам ғылыми мақалалар, 10 монография, 5 оқулық және 8 ғылыми көпшілік кітаптар жазып, артына өшпес мұра қалдырған ғалым. Осы еңбектері арқылы ғалымның кемеңгерлік қырлары жарқырай көрініп, есімі елге мәшһүр болды.

Ғалымның еңбектерінде өзі ашқан Ақбастау, Қосмұрын, Жосалы пайдалы кен қазбалары жайлы да, Торғай алқабының геологиялық құрылысы туралы зерттеуі де, Жезқазған мыс рудасы бассейнінде жер қойнауының геомеханикалық әдістерін қолдануы жайлы деректер де мол. Осының бәрінде ол табиғатқа, жер байлығына қазақ халқының көзімен қарады.

Әл-Машани қаламынан ұлы бабамызға арналған «Әл-Фараби мұрасын зерттеу туралы», «Шығыстың Аристотелі», «Әл-Фараби еңбектерін қазақ тіліне аудару туралы», «Әл-Фараби», «Орта Азия мен Қазақстанның ұлы ғалымдары», сияқты көптеген кітаптары жарық көрді.

1978 жылы Әл-Фарабидің 1100 жылдық мерейтойына арналған халықаралық конференция өткізуге көшбасшы болған Ақан әлем оқымыстыларын өзіне тәнті етті. Жетпісінші-сексенінші жылдары Әл-Машани қаққан дабылдан кейін Түркістандағы Ахмет Ясауи кесенесінде, Отырар, Арыстанбаб тарихи қорымына мемлекет тарапынан көңіл аударыла бастады. 1985 жылы ғалымның өзі Түркістанға барып, Отырар мұражайының ашылуына атсалысты. Ол Қазақстан Республикасы мен шет елдердегі Әл-Фараби мұрасын зерттеушілердің алғашқы ғылыми кеңесшісі болды.

2001 жылдың 12 қазанында Оңтүстік Қазақстан облысының сол кездегі әкімі Б.Сапарбаевтың қолдауымен халықаралық деңгейде Әл-Фарабидің 1130 жылдығы аталып өтті. Әкім бекіткен арнайы сыйлық және Әбу Насыр Әл-Фараби атындағы сыйлықтың №1 куәлігі артына мол мирас, өшпес іс қалдырған Әл-Машаниға берілді.

Әл-Машанидің ғылымға қосқан зор үлесін және ғылыми педагогикалық қызметін жұртшылық пен Үкімет жоғары бағалады. Ол Ленин, Еңбек Қызыл Ту ордендерімен, көптеген медальдар және Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің Құрмет грамоталарымен марапатталды. Қ.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ жанындағы жаратылыстану гуманитарлық институтына Ақжан Әл-Машани есімі берілген.

2017 жылы Қарағанды қаласындағы №1 мешітке Ақжан Машанов есімі берілді.

Ақжан Жақсыбекұлы Машанов – қазақ ғылымы мен білімінде өзіндік орны бар беделді ұстаз болды. Ол 60-жылдарда-ақ тек геомеханика ғана емес, сондай-ақ шығыстану ғылымында да сүбелі еңбектерімен үлкен абыройға ие болған зерделі зерттеуші. Араб, парсы тілдерін білген қазақ зиялылары 30-жылдары сталиндік зобалаңның құрбаны болғаннан кейін қайтадан қазақ әдебиеті мен мәдениетінің қайнар бастауы тереңде, әсіресе соның бір саласы - мұсылман шығыс елдерімен де тығыз байланыста екендігін

айтып, ашық үн көтерген батыл азамат. Үн көтеріп қана қоймай, Шығыс Аристотелі атанған әл-Фараби бабамыздың өшпес мұрасы түрлі халық мәдениетінің тарихына телініп жүрген жылдары, оның қазақ даласының ұланы екенін дәлелдеп, әл-Фараби туралы тарихи танымы зор еңбектер жазды.

Әдебиеттер:

1. Әл-Машани А. Әл-Фараби көпірі; құраст. М. Ақсан. - Алматы: Алатау, 2020. - 871 б.
2. Әл-Машани А. Көп томдық шығармалар жинағы. - Алматы: Алатау, 2005 – Т.1 - 16 т.
3. Әл-Машани А. Табиғат матбұғат. 1-кіт. Табиғат - баспа орны; ред. Ғ. М. Мұтанов; алғы сөз авт. Ғ. Е. Садақбаева. - Алматы: Akadem kitap, 2022. - 135 б.
4. Әл-Машани А. Шығармалары: роман және мақалалар / А. әл-Машани; жауап. ред. Қ. Құрмансейіт; ақылдастар алқасы Б. Әбдішев; жауапты хатшы С. Ақсұңқарұлы; Қарағанды облысының әкімдігі. - Астана: Фолиант, 2013. - 318 б.
5. Әл-Машани, Ақжан Қазақ халқының музыкалық мәдениеті жайында // Ұлт зиялылары қазақ музыкасы туралы: ғылыми басылым / ҚР білім және ғылым министрлігі; жалпы ред. басқарған У. Қ. Қалижанов. - Алматы: Әдебиет әлемі, 2014. – 107-118 б.
6. Машани А. Әл-Фараби және бүгінгі ғылым. - Алматы: Алаш, 2004. - 216 б.
7. Машанов А. Әл-Фараби және Абай. - Алматы: Қазақстан, 1994. - 192 б.
8. Машанов А. Әл-Фараби. - Алматы: Жазушы, 1970. - 244 б.
9. Машанов А. Ғажайып от құшағында. - Алматы: Қазақстан, 1978. - 144 б.
10. Машанов А. Жер астына саяхат. - Алматы: Қазмемкөркемәдебас, 1957. - 230 б.
11. Машанов А. Табу. - Алматы: Қазақстан, 1982. - 144 б.
12. Машанов А. Ұлы ұстаз Абай // Абайтану: таңдамалы еңбектер: [көп томдық] / Әл-Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік Ұлттық Университеті. - Алматы: Қазақ университеті, 2015 - 3 т. – 8 б.

13. Әл-Машани А. әл - Фараби және Абай // Farabi shákirti. - 2020. - № 3. - 4-5 б.
14. Әл-Машани А. Ж. Иранбекке // Қазақ әдебиеті. - 2017. - 16 - 22 маусым (№ 25). - 6 б.
15. Әл-Машани А. Тоқсанның толғауы: ғалым А.Әл-Машанимен сұхбат / сұхбаттасқан Ә.Әбіласан // Парасат. - 1997. - №3. - 14-15 б.
16. Машани А. Жылайыр // Орталық Қазақстан. - 2019. - 21 наурыз (№ 31). - 5 б.
17. Машанов А. Абай үшкілі // Мерейлі мекен. - 2020. - № 1/2. - 6-7 б.
18. Машанов А. Әл-Фараби және музыка // Қазақ тілі және елтану. - 2008. - №1. - 14 б.
19. Машанов А. Әл-Фараби ізімен // Мерейлі мекен. - 2020. - № 1/2. - 4-5 б.
20. Машанов А. Жаңа идеяны батыл қолдайтын // Жұлдыздар отбасы АҢЫЗ АДАМ. - 2012. - № 13. - 15 б.
21. Машанов А. Тандыр балық // Орталық Қазақстан. - 2016. - 6 қаңтар (№ 1/2). - 4 б.
22. Машанов А. Әл-Фараби // Орталық Қазақстан. - 2016. - 28 қаңтар (№ 18/19). - 5 б.
23. Машанов А. Әл-Фараби // Орталық Қазақстан. - 2017. - 18 шілде (№ 78). - 4 б.

Ақжан Машанов туралы әдебиеттер:

24. Абайтану: таңдамалы еңбекте: [көп томдық] / Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті. - Алматы : Қазақ университеті, 2015 - 39 т. : Ойлар мен толғаныстар / ред. Ж. Дәдебаев ; құраст.: С. Б. Жусанбаева, Н. Н. Аитова. - 2020. - 224 б.

25. Адамдар тағдырындағы Қарқаралы өңірінің білім беру жүйесінің қалыптасуы мен даму тарихы (XIX ғ. аяғы - XX ғ.): монография / Л. К. Шотбакова [және т. б.]; Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі, Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті КЕАҚ, «Тұлғатану» ғылыми-зерттеу орталығы. - Қарағанды: Pegaso, 2023. - 379 б.

26. Ақжан Машанов: [жинақ]. 100 шығ. / Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті; ред. Ғ. М. Мұтанов. - Алматы: Қазақ университеті, 2017. - 310 б.

27. Әбдіраман Ш. Ақжан Машани. - Алматы: Қазақстан, 2007. - 392 б.

28. Әл-Карени Р. С. Әдеби және тарихи шығармалары: жеті томдық / Р. С. әл-Карени; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті. - Қарағанды: Арқа және К, 2017. - 6 т., 12 кіт.

29. Баймұханов М. Адамды өз атымен атайтын халық. - Қарағанды: ТОО Арко, 2002. - 93 б.

30. Бейсенова Ә. Өмір өткелдері. - Алматы: Білім, 2007. - 240 б.

31. Жүз жиырма тұңғыш / Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі; құраст. Б. Нұржеке-ұлы. - Алматы: Жалын баспасы, 2015 - 2 т.:

32. Иманғалиев С. Астаналардағы көшелер = Улицы столиц = Streets of capitals: [өмірбаяндық деректер]; орыс тіліне ауд. Г. Иманғалиева; ағылшын тіліне ауд.: Ф. Болатбек, Т. Қайрат. - Алматы: [б. ж.], 2014. - 179 б.

33. Қазақ халқының тарихи тұлғалары. - Алматы: Өнер, 2016 - 2 кіт.: Ұлттық қайраткерлер, ақын-жазушылар, күш алыптары, ғалымдар, суретшілер, сәулетші-архитекторлар, өнер тарландары / құраст. Ә. Көпіш. - 2016. - 367 б.

34. Қарқаралы тарихы және Ақжан әл-Машани // Мұстафин Е. Тағдырлар тоғысы = Судеб людских переплетенье: [жинақ] / Е. Мұстафин; ред. С. Дүйсетаев. - Қарағанды: Арко, 2014. - 146-156 б.

35. Құсанбек Б. Өмір-өзен: сұхбат кітабы / Б. Құсанбек; құраст.: Б. Бейбітұлы, Ғ. Исахан. - Алматы: Келешек, 2017. - 456 б.

36. Қыдыр Е. Отырар: анықтамалық. - Астана: Фолиант, 2009. - 300 б.

37. Ләмбекұлы С. Қарқаралы. - Астана: Фолиант, 2011. - 273 б.

38. Сәдуақас Қ. Алаш алыптары. - Астана: Фолиант, 2016. - 314 б.

39. Фараби ғибратты ғалым: Фарабитанушы ғалым А.Ж. әл-Машаниге арналады / құраст. Ш. Абдраман. - Алматы: [б. и.], 2006. - 397 б.

40. Шапиян М. Тұлғалар өміріндегі ислам. 1-том. - Алматы: Marfu Press, 2020. - 231 б.

41. Абдраман Ш. Абайдағы Әл-Фараби тағлымы // Ақиқат. - 2012. - № 12. - 62-66 б.

42. Ақпанбек Ғ. Тарпаң тағдыр таңбасы тарих бетінде бедерленіп қалады: педагогика ғылымдарының кандидаты Ғ.Ақпанбекпен сұхбат / сұхбаттасқан Ә.Әбдіраш // Орталық Қазақстан. - 2021. - 15 мамыр (№ 50). - 5 б.

43. Ақынов Ә. Абыз ата Ақжан // Қарқаралы. - 1997. - № 1/2. - 20-32 б.

44. Әбдіраман Ш. Байкот // Жұлдыз. - 2008. - №8. - 149-159 б.

45. Әбілова С. Құнанбайдан қалған құндылықтар // Қарқаралы. - 2020. - 19 қыркүйек (№ 38). - 2 б.

46. Әлиман Ж. Әл-Машани есімі берілді // Орталық Қазақстан. - 2017.-13 шілде (№ 76).- 1 б.

47. Әл-Карени Р. Қазақ еліне әл-Фарабиді ашқан ғұлама ғалым // Ақиқат. - 2016. - № 7. - 100-105 б.

48. Баймұханов М. Жақсыдан - шарапат // Қасым. - 2024. - № 2. - 191-198 б.

49. Баймұханов М. Қазақ - Алла тағаланың сүйікті халқы: журналист М.Баймұхановпен сұхбат / сұхбаттасқан Е.Ерболұлы // Арқа ақшамы. - 2015. - 5 наурыз (№ 9). - 10 б.

50. Бейсенова Ә. Әл - Фарабиді Қазақ еліне қайтарған Ақжан Машани // Егемен Қазақстан. - 2020. - 4 наурыз (№ 44). - 9 б.
51. Дүйсен С. Қазақстанның көне тарихы және Ақжан Машанов // Қазақ тарихы. - 2019. - № 4. - 7-8 б.
52. Дүкенбаева З. Әл-Машани - XX - ғасырдың Әл-Фарабиі // Қазақстан мұрағаттары. - 2014. - № 1. - 15-22 б.
53. Елшібай Ғ. Машани еңбектері дәріптелді // Егемен Қазақстан. - 2020. - 23 желтоқсан (№ 244). - 5 б.
54. Елікбаев К. Ақжан Машани - фарабитанудың негізін қалаушы // Ақиқат. - 2020. - № 4. - 41-43 б.
55. Имамбай Д. XXI ғасырда өмір сүрсе, Машани маск болар еді // Қазақ әдебиеті. - 2022. - 8 сәуір (№ 14). - 6 б.
56. Иманғалиев А. Тұңғыш Фарабитанушы - ғалым Ақжан Әл-Машани ізімен: ["Руханият - Әбу Нәсір әл-Фараби" музейі қорының деректері негізінде] / А. Иманғалиев, З. Дүкенбаева // Қазақ тарихы. - 2021. - № 1. - 14-18 б.
57. [Көнтеі Қ. Мектепке ғалымның аты берілді // Qazaqstan arhivteri = Архивы Казахстана. - 2024. - № . - 72-73 б.](#)
58. Машани Ж. Біздің шал / Ақжан Машанидің өмірлік серігі Ж. Машанимен сұхбат / сұхбаттасқан Қ. Бәкір // Қазақ әдебиеті. - 2015. - 6-12 наурыз (№ 9). - 1, 4 б.
59. Мұтанов Ғ. Ғұлама // Егемен Қазақстан. - 2021. - 29 желтоқсан (№ 248). - 7 б.
60. Рысбеков Қ. Алаштың ардақтысы // Ел мәдениеті. - 2006. - 17 қазан(№12). - 4 б.
61. Смағұлов Н. Әлем ұстазы һәм әл-Машани // Орталық Қазақстан. - 2020. - 10 қыркүйек (№ 98). - 6 б.
62. Смағұлов Н. Бір суреттің тарихы // Орталық Қазақстан.- 2022. - 8 қыркүйек (№ 99). - 6 б.
63. [Смағұлов Н. Ғалымға тағзым // Орталық Қазақстан. - 2020. - 31 қазан \(№ 120\). - 7 б.](#)
64. Чекетаева Р. Ақжан әл - Машани - ұлы дала ойшылы әл - Фарабидің рухани құндылықтарын жаңғыртушы // Открытая школа. - 2020. - № 5. - С. 63-66.
65. Шапиян Марфуға. Әл-Фарабидің елге қайтуы // Арқа ақшамы. - 2017. - № 1. - 10-11 б.

**6 қыркүйек 1906 - 1972 – Жазушы, ғалым-
әдебиеттанушы, аудармашы Сәйділ
Талжановтың туғанына 120 жыл**

Ғалым, аудармашы, сыншы, тарихшы Сәйділ Омарұлы Талжанов 1906 жылы 6 қыркүйекте Нұра бойындағы Қаракемер деген жердегі Токтамыс аралында дүниеге келген. С. Талжановтың әкесі Омар 1921 жылы Колчак қарақшыларының қолынан қаза табады. Осы жылы жас Сәйділ Петропавл қаласына барып, тоғыз жылдық орыс мектебіне оқуға түсіп, оны 1928 жылы бітіріп шығады да. Ташкенттегі Орта Азия университетінің шығыс факультетіне оқуға түседі. 1931 жылы осы факультетті бітіріп ол Алматыға келсе, ағасы Әшім түрмеде екен. Оның артынан екі баласы, хат танымайтын әйелі қалады. Сондықтан да Сәйділ ағасының отбасына көмектесу мақсатында әрі қарай өзінің оқуын тоқтата тұрады.

С.О. Талжанов 1934 жылы Алматыдағы Қазақтың пединститутын бітіреді, Қаз ССР оқу министрлігінде, Ауыл шаруашылығы институтында (1934-1937), Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасында (1956-58), Қазақ ССР Ғылым Академиясында (1958-1972) қызмет істеді.

Оның алғашқы әңгімелері 1927 жылы жарияланды. «Ұстанның үйі» (1957), «Сейфулланың Сәкені» (1959), «Адам туралы аңыз» (1965) повестерінде жұмыскер бейнесі мен С. Сейфуллин, Қ.Айнабеков сияқты ағаларымыздың өнегелі өмірін

суреттеген. «Өткен күндер сөйлейді» деген жинағы С. Талжановтың туған халқына арналған соңғы лебізі, ақырғы шығармашылық туындысы. Мұнда жазушының туған әдебиетіміз жайлы ой толғаныстары, сын мақалалары, естеліктері мен шежіре әңгімелері енген.

Ғалымның «Көркем аударма туралы» (1962) еңбегі оған кандидаттық дәреже алып берсе, «Аударма және қазақ әдебиетінің мәселелері» (1975) кітабы ғылым докторы дәрежесіне көтерді.

Аудармаға «Көлденең адамның кәсіпшілік ететін ермегі емес, мемлекет ісінің бірі, ұлттық мәдениетті жасаудың құралы», деп баға берген қаламгер С.Талжанов С.Сефуллин, Б.Майлин, М.Әуезовтің шығармаларын орыс тіліне, орыс жазушылары И.А.Крыловтың, А.С.Пушкиннің, И.С.Тургеневтің, Н.А.Добролюбовтың, А.М.Горькийдің, Ф.М.Достоевскийдің шығармаларын қазақ тілінде сөйлетті.

Аудармадағы тырнақалды туындылары - М. Горькийдің «Суайт саршымшық пен шыншыл тоқылдақ туралысы» мен Шығыс әдебиетінің інжу-маржаны – «Қалила мен Димна».

С.Талжанов ауыл шаруашылық институтында тіл кафедрасында доцент болып қызмет істеп жүргенде 1937 жылы НКВД ұстап әкетеді, сотталады. Кейіннен аман-есен елге оралған соң жұмысын әрі қарай жалғастырады.

Ол өзі туралы естелігінде: «...Сол дәуірдегі нәрлі, өнерлі, қабырғалы қайраткер ағалардың арасында өстім. Еңбекке үдере отырғаныма 15 жыл толды, бұл шағы мерзім екі диссертация жаздым, әлем әдебиетінен, орыс классиктерінен бір қыдыру аударма жасадым, төл әңгімелер, повестер жаздым, өнер, ғылым мәселелері жөнінде Алматы, Мәскеу аудиторияларында баяндамалар жасадым, жастар арасында, мектеп шәкірттері алдында туған әдебиет жайлы әңгімелер айттым. Алпыс алты жасым ішінде құныға, құшырлана, рахаттана еңбек істеген он бес жылыма өкпем жоқ», -деп жазды.

Жазушы, аудармашы, ғалым С.О.Талжанов 1972 жылы желтоқсан айында дүние салды. С.О.Талжановтың өзінен кейін қалдырған әдеби мұрасы қазақ әдебиеті тарихынан үлкен орын алады.

Әдебиеттер:

1. Талжанов С. Абай Құнанбаев // Абайтану: таңдамалы еңбектер: [көп томдық] / Әл-Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік Ұлттық Университеті. – Алматы: Қазақ университеті, 2015 – 3 т. : [Ойлар мен толғаныстар] / құраст. П. Бисенбаев [және т. Б.]. - 2015. – 247 б.
2. Талжанов С. Адам туралы толғау: әңгімелер.- Алматы: Жазушы, 1965.-176 б.
3. Талжанов С. Өткен күндер сөйлеседі: Естеліктер мен шежіре әңгімелер.- Алматы: Жазушы, 1979.- 348 б.
4. Талжанов С. Сейфулланың Сәкені: Повесть.- Алматы: ҚМКӘБ, 1959.-201 б.
5. Талжанов С. Ұлдай кегі: Повестер мен әңгімелер.- Алматы: Жазушы, 1968.- 248 б.
6. Талжанов С. Шығармалар жинағы. – 3 томдық / С. Талжанов; құраст. Е. Қажыбек. – Алматы : Ер-Дәулет, 2007 – 365 б.
7. Талжанов С. Шығармалары. – 3 томдық / С. Талжанов; ақылдастар алқасы Б. Әбдішев; ред. Алқа Қ. Асанов; Қарағанды облысының әкімдігі. – Алматы: Фолиант. – 2013. – 373 б.
8. ***
9. Достоевский Ф. М. Бишаралар: [роман : 16+]; ауд. С. Талжанов; сур. Е. Байболов. – Қарағанды: Qasym, 2022. – 212 б. – (Qasym kitaphanasy).
10. Кәмила мен Димнә / ауд. С. Талжанов. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1962. – 281 б.
11. Орыс ойшылдары: [мақала] / ауд. С. Талжанов. – Алматы: Жазушы, 1971. – 182 б. –

12. Тынянов Ю. Уәзір мұхтардың өлімі: роман / Ю. Тынянов; ауд. С. Талжанов. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1959. – 512 б.

13. Талжанов С. Ас // Нұра. – 2022. – 4 наурыз (№ 10). – 6 б; Нұра. – 11 наурыз, 2022 жыл (№11). – 6 б; Нұра. – 18 наурыз, 2022 жыл (№12-13). – 6 б.

14. Талжанов С. Аударманың арнаулы тарихынан // Әлем әдебиеті. – 2007. - №3. – 5-16 б.

15. [Талжанов С. Сейфулланың Сәкені // Орталық Алматы.- 2021. – 18 наурыз \(№ 30\). – 5 б.](#)

Сейділ Талжанов туралы әдебиеттер:

16. Айналым, Нұра атыңнан!:/ құраст. А. Несіпбай. – Алматы: Жасыл Орда, 2018. – 215 б.

17. Айтбайұлы Ө. Тілғұмырлар: (қазақ лингвистері мен тіл жанашырлары). – Алматы: Абзал-Ай, 2014 – 4 т. – 398 б.

18. Әдеби Қарағанды: библиографиялық әдебиеттер көрсеткіші / Қарағанды обл. Ғылыми-әмбебап кітапханасы; Құраст.: Г.Н.Умбединова. – Қарағанды : б.ж., 2000. – 89 б.

19. Кәрібаева Б. Тарихпен танымы егіз // Кәрібаева Б. Керуен: қазақ әдебиетінің толғақты мәселелері; Қарағанды облысының әкімдігі. – Алматы: Фолиант, 2014. – 260-291 б.

20. Қазақстанның көркем әдебиеті 1946-1957 = Художественная литература Казахстана 1946-1957: библиографиялық көрсеткіш / Қазақ ССР-нің А. С. Пушкин атындағы мемлекеттік Республикалық кітапханасы. – Алматы: Полиграфкомбинат, 1958. – 685 б.

21. Темірұлы М Қуан қазақ азаттық алғаныңа. – Қарағанды: Санат, 2002. – 176 б.

22. Ысқақұлы Д. Қазақ әдебиеттанушылары: энциклопедиялық анықтамалық; Алматы Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі, Ақпарат және Мұрағат комитеті. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2013. – 493 б.

23. [Айтбайұлы Ө. Жазушы, аудармашы, ғалым // Егемен Қазақстан.- 2006. - 22 қараша. - 5 б.](#)

24. Әкімбекқызы Ә. Жазушы Сейділ Талжановтың туғанына 100 жыл толу қарсаңында // Нұра. - 2006. - 15 шілде.

25. Әкімбекова Ә. Сәйділ Талжановтың 108 жылдығы қарсаңында // Нұра. - 2014. - 13 қыркүйек (№ 37). - 5 б.

26. Әкімбекова Ә. Жаны жайсаң жақсы аға // Орталық Қазақстан. - 2006. - 3 тамыз. - 8 б.

27. Әлімбекұлы С. Тағдыры тайғақ Талжанов // Қазақ әдебиеті.- 2005.- 11 наурыз.-10 б.

28. Бектас Г. Құғындалған Талжанов / Г. Бектас, А. Қоныс // Айқын. - 2019.-1 мамыр (№ 67).- 7 б.

29. Бектұров Ж. Ғалым-жазушы // Орталық Қазақстан.- 1986.- 13 қараша

30. Бекішев Қ. Алаштың ақ жүрек азаматы // Орталық Қазақстан. - 2016. - 6 қазан. - 6 б.

31. Каренов Р. Жазушы, аудармашы, әдебиет зерттеушісі // Абай-Ақиқат. - 2021. - 12 маусым (№ 21). - 6 б.

32. [Кәрібаева Б. Темірқазық // Орталық Қазақстан. - 2006. - 25 мамыр. - 7 б ; Нұра. - 2008. - 25 қырк. \(№38\). - 6 б.](#)

33. Несіпбай А. Тағдырдың талқысына мойымаған // Орталық Қазақстан.-2006.-

14 қыркүйек.-2 б.

34. Оразбай Е. Сәйділ Талжанов // Нұра. - 2022. - 6 қаңтар (№ 1). - 3 б.

35. Оспанова Ж. Рухы биік алаш азаматы еді // Қазақ әдебиеті. - 2006.-21 шілде (№ 29).-13 б.

36. Сүлейменова Н. Нұра өңірінің асыл азаматы // Орталық Қазақстан.- 2006.- 16 мамыр.-8 б.

37. Талжанова-Шамшиева З. Сейділ Талжанов есімі берілді // Қазақ әдебиеті.- 1989.- 21 шілде

38. Темірұлы М. Сәйділ // Нұра. - 2007. - 30 тамыз.

**1 қазан 1946 жыл – Өлкетанушы, ҚР
Мәдениет саласының үздігі, Ақтоғай
ауданының құрметті азаматы Тұңғышбай
Өміртайұлы Мұқан 80 жаста**

1946 жылдың 1 қазанында Ақтоғай ауданы Калинин колхозында туған. Қарағанды педагогикалық институтының филология факультетін 1970 жылы бітіріп, еңбек жолын мұғалім болудан бастап, комсомол комитетінде, аудандық мәдениет бөлімінде режиссерлық, басшылық қызметте болған. «Ақтоғай халық театрының», «Тоқырауын толқындары» ансамблінің негізін қалауға айрықша ат салысып, Бүкілодақтық және Республикалық байқаулардың лауреаты атанған. Өнердегі еңбегі үшін «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған.

1992-1994 жылдары аудан әкімінің орынбасары болды. Алаш қайраткерлерінің есімдерін жаңғыртуда, бабалар рухтарын ұлықтауда жаңа қадамдар жасап, рухани мәдени шаралардың ұйымдастырушысы болған.

1994-2008 жылдары аудандық Кәсіптік техникалық училищенің директоры болып өтпелі кезеңде училищенің базасын сақтап қалып, оның жанынан тері өңдеу цехын, шағын наубайхана ашып, өндірістік оқу бағдарламасына енгіздірткен.

Ақтоғай аудандық кәсіптік техникалық училищесін басқарған жылдарында «Білім беру ісінің үздігі», Ы. Алтынсарин төс белгісінің иегері болып, Білім министрінің Құрмет грамотасын алған. Ауданның қоғамдық саяси өміріне араласқаны үшін Қазақстан Республикасы Президентінің Құрмет грамотасымен, Алғыс хаттары мен ҚР Конституциясының 10 жылдығы, ҚР Тәуелсіздігінің 20 жылдығы мерекелік медальдарымен, Алаш ғылымына қосқан сүбелі үлесі үшін «Алаш зиялысы» медалімен марапатталған. Ақтоғай ауданының «Құрметті азаматы», «Құрмет белгісі» орденінің және «Оқу-ағарту және ұрпақ тәрбиесіне сіңірген еңбегі үшін» Ж. Тәшенов жүлдесінің иегері.

Ақтоғай ауданы тарихын жинақтап зерделеудегі өлкетанушылық жұмыстары үшін Қазақстан Республикасы Мәдениет комитетінің құрмет грамотасын алған. «Ел тарихы – рухани қазына», «Ақтоғай өнерінің шамшырақтары» (2015), «Ақтоғай археологиялық-этнографиялық мұражайы», «Алаштың Әлихан», «Ақтоғай жер-су атаулары», «Ақтоғай тарихтың сандығы» (2020), «Үш арыстың ауылынанбыз» «2025) атты кітаптары жарық көрген. «Ақтоғай энциклопедиясын» жинақтап жазып, құрастырушы, бас авторы.

Сонымен қатар, ол — Алаш көсемі Әлихан Бөкейханның өмірі, қызметі мен мұрасын зерттеуші. Оның авторлығымен 2023 жылы жарық көрген «Әлихан Бөкейхан – ұлт азаттық күрескері» танымдық деректі фильмі мен Ақтоғай ауданының табиғаты, археологиялық қазба жұмыстары мен тарихи ескерткіштері жайлы сыр шертетін «Таста сақталған тарих» деректі фильмі көрерменге жол тартты. Аталған туындылар Астана, Қарағанды қалаларында және Ақтоғай ауданында аншлаппен көрсетілді.

2025 жылдың 25 мамырында Н.В. Гоголь атындағы Қарағанды облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында автордың «Үш арыстың ауылынанбыз» атты кітабының тұсаукесері өтті.

Әдебиеттер:

1. Ақтоғай өнерінің шамшырақтары: мақалалар мен естеліктер: «Тоқырауын толқына» ән-би ансамблінің халықтық атақ алғанына 40 жыл / құраст. Т. Мұқан; алғы сөз авт. Н. И. Омарханов. - Балқаш: Нұрсая, 2015. - 238 б.
 2. Алаштың Әлиханы: алаш қайраткері, ұлт көсемі Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханның туғанына 150 жыл толуын ЮНЕСКО-ның даталы мерекелер шаралары деңгейінде аталып өтілуіне арналады / Ақтоғай археологиялық-этнографиялық мұражайы. - [Қ.ж.?): [Б.ж.?), 2016. - 52 б.
 3. Мұқан Т. Ақтоғай тарихтың тас сандығы: [жинақ: Ақтоғайдың ғасырлық шежіресі. Деректі топтамалар] / Т. Мұқан; ред. Ә. Тілеуғалы; алғы сөз авт. С. М. Әбеуова. - [Қарағанды?): [б. ж.], 2020. - 324 б.
 4. Мұқан Т. Ө. Қол өнерінің құтты қонған жері – Ақтоғай // 21 ғасырдағы Қазақстан мұражайларының келелі мәселелері және кемел келешегі атты ғылыми - практикалық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно-практической конференции "Проблемы и перспективы музеев Казахстана в 21 веке" / Қарағанды облысының мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасы, Қарағанды облыстық бейнелеу өнері мұражайы. - Қарағанды: TENGRI LTD, 2013. – 126-128 б.
 5. Мұқан Т. Үш арыстың ауылынанбыз: Алматы: Қазына баспаханасы, 2025. – 512 б.
- ***
6. Мұқан Т. Азамат биігі // Орталық Қазақстан. - 2021. - 29 маусым (№ 70). - 7 б.
 7. Мұқан Т. Академик Ә. Марғұланнның Ақтоғайдағы зерттеулері // Мәдени мұра = Культурное наследие. - 2016. - № 5. - 9-12 б.
 8. Мұқан Т. Ақиық // Орталық Қазақстан. - 2021. - 28 қазан (№ 120). - 6 б.
 9. Мұқан Т. Ақтоғай - аграрлық туризмнің ошағы // Тоқырауын тынысы. - 2013. - 5 сәуір (№ 13). - 4 б.
 10. Мұқан Т. Ақтоғай - Алаш арыстарының атамекені // Егемен Қазақстан. - 2016. - 15 сәуір (№ 71). - 8 б.
 11. Мұқан Т. Ақтоғай - өнерімен өрісті өлке // Орталық Қазақстан.- 2020. - 4 маусым (№ 59). - 4 б.
 12. Мұқан Т. Ақтоғайдың өркені өнерімен де өскен // Тоқырауын тынысы. - 2015. - 17 шілде (№ 31). - 4 б.
 13. Мұқан Т. Алаш арыстарын ардақтайық! // Орталық Қазақстан. - 2014. - 23 қаңтар (№ 11/12). - 6 б.
 14. Мұқан Т. Алаш ұраны - ұлт азаттығы // Орталық Қазақстан.-2012.- 6 желт. (№ 207). - 6 б.
 15. [Мұқан Т. Алаштың Әлиханы // Тоқырауын тынысы. - 2015. - 11 желтоқсан \(№ 52\). - 8 б; 18 желтоқсан \(№53\). - 3 б.](#)
 16. Мұқан Т. Алты Алаштың бір бұтағы - Ақтоғай // Орталық Қазақстан. - 2022. - 5 сәуір (№ 36). - 3 б.
 17. Мұқан Т. Арда тұтар азамат еді // Орталық Қазақстан. - 2016. - 23 шілде (№ 115). - 5 б.
 18. Мұқан Т. Арда тұтар ардагер // AQTÓĠAI AJARY. - 2021. - 31 желтоқсан (№ 53). - 6 б.
 19. Мұқан Т. Ауылда қарттар ғана қалуға тиіс пе? // Қала мен дала.- 2016.-25 наурыз (№ 11). - 9 б.
 20. Мұқан Т. «Беғазы кешені» сыр сақтап жатқан құпия сандық // Ана тілі. - 2013. - 17-23 қаңтар (№ 3). - 1, 11 б.
 21. Мұқан Т. Білімнің бір ғасырлық дәуірі // AQTÓĠAI AJARY. - 2020. - 26 маусым (№ 25). - 6 б.
 22. [Мұқан Т. Ғылыми экспедиция Ақтоғайда // Тоқырауын тынысы.- 2015.- 14 тамыз \(№ 35\).- 8 б.](#)
 23. Мұқан Т. Дертке дауа, жанға сая болған шипагерлер // AQTÓĠAI AJARY. -

2020. - 17 шілде (№ 28). - 5 б.

24. Мұқан Т. Жақсылар жақсымын деп айта алмайды... // Орталық Қазақстан. - 2022. - 17 ақпан (№ 19). - 6 б; Ақтоғай ажары. - 18 ақпан, 2022 жыл (№7). - 6 б.

25. Мұқан Т. Жаңы жайсаң азамат // Орталық Қазақстан. - 2024. - № 4. - 4 б.

26. Мұқан Т. Желтоқсан - елдіктің бастауы // AQTÓĖAI AJARY. - 2022. - 14 қаңтар (№ 1/2). - 9 б.

27. Мұқан Т. Жұмбақ жан // Орталық Қазақстан. - 2023. - 27 шілде (№ 82). - 7 б.

28. Мұқан Т. Жылдар сыр шертеді // Тоқырауын тынысы. - 2015. - 14 тамыз (№ 35). - 4 б.

29. Мұқан Т. Жылдар сыр шертеді... // Тоқырауын тынысы. - 2015. - 31 шілде (№ 33). - 4 б.

30. Мұқан Т. Көңілден кетпес қайран достар // AQTÓĖAI AJARY. - 2021. - 16 шілде (№ 29). - 10 б.

31. Мұқан Т. Көрпетай - құт қонған мекен // AQTÓĖAI AJARY. - 2022. - 29 шілде (№ 30). - 4-5 б.

32. Мұқан Т. Қазақ ауылдарының қамын ойласақ // Қарқаралы. - 2023. - 11 ақпан (№ 6). - 6 б.

33. Мұқан Т. Қазақтың тамыры - ауылда // Орталық Қазақстан. - 2022. - 8 қыркүйек (№ 99). - 5 б.

34. Мұқан Т. Қиындықтан шығуға қам жасайық // Орталық Қазақстан. - 2000. - 13 мамыр.

35. Мұқан Т. Қорқыттан жеткен қобыз // Тоқырауын тынысы. - 2015. - 6 наурыз (№ 10). - 8 б.

36. Мұқан Т. Мұражай тарих қойнауынан сыр шертеді: Ақтоғай археологиялық-этнографиялық мұражайының директоры Т.Мұқанмен сұхбат / сұхбаттасқан О.Жүнісұлы // Орталық Қазақстан. - 2011. - 20 қыркүйек (№ 155). - 4 б.

37. Мұқан Т. Мұратқа жету жолы // Орталық Қазақстан. - 2019. - 11 маусым (№ 62). - 4 б.

38. Мұқан Т. Ормандай оқырманның ортақ тойы // Орталық Қазақстан. - 2021. - 7 қазан (№ 111). - 4 б.

39. Мұқан Т. Өмірі өнеге болған // Орталық Қазақстан. - 2017. - 15 маусым (№ 65). - 4 б.

40. Мұқан Т. Сахи - сағыныш // Егемен Қазақстан. - 2016. - 30 шілде (№ 145). - 12 б.

41. Мұқан Т. Соқыр батыр кім? // Орталық Қазақстан. - 2021. - 30 қазан (№ 121). - 1,6 б; Ақтоғай ажары. - 2021 жыл, 19 қараша (№47). - 7 б.

42. Мұқан Т. Соңғы көштің тұрағы // Орталық Қазақстан. - 2022. - 1 наурыз (№ 24). - 6 б.

43. Мұқан Т. Тақыметті тағдыр // Орталық Қазақстан. - 2021. - 30 желтоқсан (№ 145). - 7 б.

44. Мұқан Т. Талантты бағалау парыз // AQTÓĖAI AJARY. - 2022. - 25 наурыз (№ 12). - 8 б.

45. Мұқан Т. Тарихты таразылау - ортақ парыз: Ақтоғай археологиялық-этнографиялық мұражайының директоры Т.Мұқанмен сұхбат / сұхбаттасқан О.Жүнісұлы // Орталық Қазақстан. - 2012. - 2 тамыз (№ 128/129). - 3 б.

46. Мұқан Т. Тарлан театр // Орталық Қазақстан. - 2021. - 7 тамыз (№ 86). - 6 б; Ақтоғай ажары. - 13 тамыз, 2021 жыл (№33). - 4-5 б.

47. Мұқан Т. Таспаға түскен тастағы тарих // Орталық Қазақстан. - 2024. - 19 желтоқсан (№ 142). - 6 б.

48. Мұқан Т. Таста сақталған тарих // Орталық Қазақстан. - 2021. - 27 шілде (№ 81). - 6 б; Ақтоғай ажары. - 2021. - 24 қыркүйек (№39). - 6 б.

49. Мұқан Т. Тауқыметті тағдыр // AQTÓĖAI AJARY. - 2022. - 28 қаңтар (№ 4). - 4 б.

50. Мұқан Т. Тауқыметті тағдыр // Үш қоңыр. - 2021. - 3 желтоқсан (№ 48). - 3 б.
51. Мұқан Т. Тоқырауында да Хан ордасы тігілген // Орталық Қазақстан. - 2015. - 21 наурыз (№ 45/46). - 8 б.
52. Мұқан Т. Тоқырауында да Хан ордасы тігілген // Тоқырауын тынысы. - 2015. - 20 ақпан (№ 8). - 5 б ; 27 ақпан (№9). - 11 б.
53. Мұқан Т. Топалаңнан туған зобалаң // Орталық Қазақстан. - 2022.-31 мамыр (№ 58).- 6 б.
54. Мұқан Т. Тұлға тағдырының тамыры // Орталық Қазақстан. - 2021.-18 ақпан (№ 19).- 4 б.
55. Мұқан Т. Тұлғалар тағдырындағы ұқсастық // Орталық Қазақстан. - 2020. - 5 наурыз (№ 26). - 4 б.
56. Мұқан Т. Тұлпардың тұяғымен жеткен тарих // Орталық Қазақстан. - 2019. - 12 наурыз (№ 27). - 4 б.
57. Мұқан Т. Үмітай - Мүбәрак // Тоқырауын тынысы. - 2008. - 21 қараша (№ 47). - 4 б.
58. Мұқан Т. Шоқан мен Әлиханның тарихи байланыстары // Тоқырауын тынысы. - 2015. - 3 сәуір (№ 14). - 7 б.
59. Мұқанов Т. Ақбалықтың мекені - Тоқырауын қорғалатын аймаққа қашан айналады?: Ақтоғай археологиялық-этнографиялық мұражайының директоры Т.Мұқановпен сұхбат / сұхбаттасқан А. Совет // Орталық Қазақстан. - 2014. - 14 тамыз (№ 152/153). - 3 б.
60. Мұқанов Т. Білім негізі - бастауышта: №14 кәсіптік мектеп директоры Т.Мұқановпен әңгіме / Әңгімелескен Д.Мақаш // Орталық Қазақстан. - 2002. - 16 ақпан
61. Мұқанов Т. Ел тарихы - рухани қазына // Тоқырауын тынысы. - 2014. - 25 шілде (№ 31). - 7 б; 22 тамыз (№35). - 9 б.
62. Мұқанов Т. Туған жер топырағына құт-береке әкелсін! / Т. Мұқанов; сұхбат алушы Қ. Асқарқызы // Орталық Қазақстан. - 2024. - 21 наурыз (№ 33). - 5 б.

Тұңғышбай Мұқан туралы әдебиеттер:

63. Алаштанушы ардақталды // Орталық Қазақстан. - 2024. - 11 шілде (№ 76). - 1 б.
64. Ахан Н. Ж.Тәшенов сыйлығы табысталды // QARAĞANDY HABARY. - 2023. - 14 желтоқсан (№ 45). - 4 б.
65. Баймұқанов М. Аймақтың жоғын жоқтаған... немесе Ақтоғайдың арқа тұтар азаматы жайлы толғаныс // Азия Транзит. - 2003 . - №4. - 46-47 б.
66. Бүркітұлы Қ. Тәшенов жүлдесі тапсырылды // Орталық Қазақстан. - 2023. - 16 желтоқсан (№ 141). - 8 б.
67. Ерболат Е. Ұлт арысымен асқақ // Орталық Қазақстан. - 2022. - 28 сәуір (№ 46). - 5 б.
68. Кәрім Н. Ел тарихы экранда // Орталық Қазақстан. - 2023. - 29 тамыз (№ 96). - 8 б.
69. Кәрім Н. Тастағы тарихты сөйлетті // Орталық Қазақстан. - 2025. - 7 қаңтар (№ 1). - 8 б.
70. Келдібаев С. Қазақ халқының мұрасы // QARAĞANDY HABARY. - 2022.- 28 сәуір (№ 15).-8 б.
71. Күзембаев М. Қ. Жас ұрпақ жүрегіндегі Әлихан бейнесі // Изденіс = Поиск. - 2021. - 11 наурыз (№ 5). - 7 б.
72. Қасым О. Сахидың салынбаған суреті // Қазақ әдебиеті. - 2023. - 10 қараша (№ 45). - 12 - 13 б.
73. Құдайберген Г. Тарихтан тамыр тартқан // Орталық Қазақстан.-2024.- 13 маусым (№ 65). - 8 б.

74. Мұхамедияұлы А. Оркестрге бергісіз ансамбль // Орталық Қазақстан. - 2020. - 23 маусым (№ 67). - 7 б.
75. Нарын Е. Арқаның ардақтысы // Орталық Қазақстан. - 2025. - 3 сәуір (№ 35). - 6 б.
76. Нарын Е. Тасқа түскен тарих // Орталық Қазақстан. - 2025. - 27 мамыр (№ 56). - 4 б.
77. [Нұрбай Р. Ұранымыз Алаш! // Қарқаралы. - 2023. - 9 желтоқсан \(№ 49\). - 3 б.](#)
78. Садуақасов Н. Ақтоғай тарихы // AQTÓĠAI AJARY. - 2021. - 25 маусым (№ 26). - 6 б.
79. Сәдуақасов Н. Өлкені сүюдің озық үлгісі // Орталық Қазақстан. - 2021. - 16 ақпан (№ 18). - 5 б.
80. Сәдуақасов Н. Тарихи өлке, өнегелі тұлғалар // AQTÓĠAI AJARY. - 2020. - 15 мамыр (№ 19). - 6 б.
81. Сәрсенбайұлы Ж. Әлихан жайлы әсерлі фильм // Орталық Қазақстан. - 2022. - 13 желтоқсан (№ 139). - 3 б.
82. [Хусаинова М. Таланттардың талабын ұштаған «Тоқырауын толқындарына» қырық жыл \[Электрондық ресурс\] / М. Хусаинова // Тоқырауын толқындары. - 2015. - 29-30 б.](#)
83. Илияш С. Майталмандар мерейі тасыған күн // Орталық Қазақстан. - 2024. - 1 қазан (№ 110). - 2 б.

**20 қазан - 1941 - 2002 - Ақын Кәрім
Жұмабекұлы Сауғабаевтың туғанына 85
жыл**

Ақын, журналист, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі (1977) Кәрім Сауғабай 1941 жылы 20 қазанда сол кездегі Қу ауданының Едірей тауының батысындағы Қитабан қыстауында дүниеге келген. Бұл – қазіргі Қарқаралы ауданына қарасты Мәди селолық округіндегі мекен.

Өкесінен жастай жетім қалып, соғыстан кейінгі жоқшылық, тұрмыс ауыртпашылығын бастан өткереді. Алыс қыстақтан жаяулап-жалпылап жүріп мектепке барып, оқудан қол үзбеген. Өзінен 12-13 жастай үлкен ағасы Әбдурахит Жұмабеков деген елге қадірлі азамат болған кісі. Оның оқыған-тоқығаны болмаса да көп жыл «Арқалық», «Айрық» совхоздарында жұмысшылар комитетінің, яғни кәсіподақ комитетінің төрағасы болып қызмет істеді. Міне, осы Әбекеңнің арқасында Кәрім жетімдік көрген жоқ. Оның алаңсыз мектеп бітіріп, жоғары білім алуына мүмкіндік жасады. Інісі отау құрып, үйлі-баранды болғанша оның туыстық міндетін, ағалық қамқорлығын аямаған.

Ол 1960-шы жылы Қарағанды педагогикалық институтының тарих-филология факультетіне оқуға түсіп, бала күнгі арманына жетеді. Онымен бірге кейін жазушы, журналист болып танылған Мақсым Омарбеков, Серікбай Алпысов оқыған еді. Алыс ауылдан білім іздеп келген талантты жастар жарыса жыр жазып, әдеби кештерге қатысады. Сондай басқосу кездерінде жастар өлең оқумен қатар, тіл тағдыры, ел тағдыры туралы да әңгіме қозғайтын еді. Ол уақытта қазақ мектептері жабылып, тіліміздің жағдайы ауырлай түскен кез. Сол жылдары елімізде, соның ішінде Қарағанды қаласында «ЕСЕП» партиясы жасырын жұмыс істегені белгілі. Кәрім бастаған студенттер оған мүше болады. Ақыры жастар тоталитарлық режимге қарсылық білдіріп, түрлі үнпарақ (листовка) жазып, таратады. Бұл іске КГБ араласып, тергеу жүргізеді. Бұл үндеулердің авторлары Мақсым Омарбеков пен Кәрім Сауғабаев деп табады. Институттың комсомол жиналысы болып, екеуін комсомолдан шығарып, оқудан да аластату мәселесі туындайды. Оларды жақтап сөйлеушілер де, даттағандар да болды. Біреулер үкіметке қарсыларды құрту керек деді. Әлі жас қой, қателіктерін кешірейік деушілер көп болды. Ақыры Мақсымның отбасылық, денсаулық жайын еске алып, оған қатаң сөгіс беріп, институтқа қалдырады. Кәрімді бір жылға ауылға мал бағуға жібереді. Осы сынақ кезінде саяси көзқарасын өзгертсе, қайта

оқуға алып, институтты бітіруге мүмкіндік берілсін дейді. Себебі, олар соңғы курста оқып жүрген еді. Сөйтіп, Кәрім «Арқалық» совхозына барып, бір жыл қой бағады. Кәрім Сауғабай 1965 жылы пединститутты бітіріп шығады.

1972 жылы ҚазМУ-дің журналистика факультетін сырттай оқып бітіріп, бүкіл ғұмырын газет қызметіне арнады. 1965-1972 жылдары өзі еңбек жолын бастаған «Ленин туы» газетінде тілші, бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы, бас редактордың орынбасары болып істеді. Ал, 1972 жылдан бастап 1985 жылға дейін 13 жыл бойы осы газеттің редакторы болды. Бұдан кейін «Орталық Қазақстан» газетінің Қазыбек би, Қарқаралы аудандарындағы меншікті тілшісі қызметін атқарды. Өмірінің соңғы жылдары ҚарМУ-дің журналистика бөлімінде оқытушы болды.

Кәрім Сауғабай – туған жерге деген махаббатты ту етіп жоғары көтере білген, туған жерінің атын Қазақстан тарихына алтын әріппен жазып қалдырған ақын. Оның бес бірдей өлеңіне композитор Ілия Жақанов ән арнап жазып, ел ішіне кеңінен таратты. Олар – «Балқантау баурайында», «Балқантау вальсі», «Балқантау», «Балқантау гүлдері», «Балқантау аққулары» деп аталады. Ақынның «Домбыра» өлеңіне композитор М. Егінбаев ән шығарған. Мұны Мақпал Жүнісова орындады. Жоғарыда аталған бес әнді Қайрат Байбосынов, Кенжеғали Мыржықбаевтар сахналарда талай мәрте шырқады.

Шығармалары орыс, қырғыз, түрікмен тілдеріне аударылған. Сол сияқты «Көктем тынысы», «Шабыт», «Балалар поэзиясының антологиясы» жинақтарына өлеңдері енді.

Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты. Егіндібұлақ ауданының Құрметті азаматы.

Кәрім Сауғабай 1991 жылы 50 жасқа толуына орай Қазақстан Республикасының құрмет грамотасымен марапатталып, Абай Құнанбаевтың 150 жылдығына байланысты өткізген мүшәйрада жүлдеге ие болған.

Жұбайы, педагог Майра Ақашева екеуі төрт бала тәрбиелеп өсірді.

Ақын 2002 жылы 25 қараша күні 62 жасында дүниеден өтті.

2021 жылы «Кәрім — ақын, Кәрім — жыр..» атты бірінші Кәрім Сауғабай оқулары өтті.

Әдебиеттер:

1. Сауғабай К. Айгүл // Қазақ балалар поэзиясының антологиясы /құраст.: М. Әлімбаев, Қ. Баянбай. - Алматы: Жалын, 1977. - 358-360 б.
2. Сауғабай К. Балқантаудың басында: өлеңдер. - Алматы: Жазушы, 1982. – 69 б.
3. Сауғабай К. Үшқара оттары. - Алматы: Жазушы, 1985. - 125 б.
4. Сауғабай К. Шығармалары: өлеңдер / К. Сауғабай; құраст. С. Бексейітов; Қарағанды обл. әкімдігі. - Астана: Фолиант, 2014. - 294 б.
5. Сауғабай К. Ең... соңғы аялдама: хикаят. - [б. ж.], [2011-?]. - 47 б.
6. Сауғабай К. Мәди: деректі хикаят, өлеңдер. - Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2000. - 110 б.
7. Сауғабай К. Тектінің теңі – Мұстақым // Малдыбайұлы М. Шығармалар жинағы. - Нұр-Сұлтан: Алашорда, 2021. - 103 б.
8. ***
9. Сауғабай К. Алапатты көзіммен көрдім немесе экологияға кімнің жаны ашиды // Сыр мен сымбат. - 2005. - № 1. - 10 б.
10. Сауғабай К. Едірейге // Қарқаралы. - 2005. - № 1. - 36-37 б.
11. Сауғабай К. Есіл мен Нұра // Қарағанды жастары. - 1990. - 31 тамыз (№ 33/34). - 5 б.
12. Сауғабай К. Қалимажар // Сыр мен сымбат. - 2005. - № 1. - 14 б.
13. Сауғабай К. Мейірімді бала // Сыр мен сымбат. - 2005. - № 2. - 14 б ; Азия транзит. - 2003. - №10. - 46-48 б.
14. Сауғабай К. Мен сенбеймін: Өлеңдер // Жалын.- 1976.- №2.-103-105 б.
15. Сауғабай К. Менің Мәдім, менің Үшқарам // Орталық Қазақстан. - 1989. - 1 қыркүйек (№ 201). - 4 б.
16. Сауғабай К. Нұркен ағаң осындай // Орталық Қазақстан. - 1973. - 25 март (№ 71). -

4 б.

17. Сауғабаев К. Отан // Азия транзит. - 2001. - № 12. - 12-13 б.
18. Сауғабаев К. Сағидың портреті өлеңінде // Орталық Қазақстан.- 1980.- 29 наурыз
19. Сауғабаев К. Тектінің теңі Мұстақым. // Азия Транзит. - 2000 . - N1(қаңтар). - 6 б.
20. Сауғабаев К. Той дүбірі жақын // Орталық Қазақстан. - 1990. - 29 маусым
21. Сауғабаев К. Хат тасушы // Қарқаралы. - 2010. - 8 мамыр (№ 37/38). - 4 б.
22. Сауғабай К. ...Келмейсің енді, Оралхан! // Орталық Қазақстан.- 1995.- 16 мамыр
23. Сауғабай К. Аққыз // Орталық Қазақстан. - 2004. - 20 шілде. - 10 б.
24. Сауғабай К. Ақын өлмейді // Орталық Қазақстан. - 2006. - 1 шілде. - 10 б.
25. Сауғабай К. Ақын туралы жаңа деректер // Қарқаралы. - 1996. - № 11-12. - 6 б.
26. Сауғабай К. Бала Мәди // Орталық Қазақстан. - 2005. - 10 наурыз. - 12 б.
27. Сауғабай К. Балаларға базарлық // Орталық Қазақстан.-1993.- 2 наурыз
28. Сауғабай К. Балқантау аруы // Орталық Қазақстан.- 1988.- 27 тамыз
29. Сауғабай К. Балқантау және Ілия // Орталық Қазақстан.- 1994.- 6 желтоқсан
30. Сауғабай К. Домбыра // Қарқаралы. - 1996. - № 11/12. - 49-53 б.
31. Сауғабай К. Ең... соңғы аялдама // Азия Транзит. - 2003 . - №3. - 34-36 б., №7. - 40-43 б., №8. - 28-29 б.
32. Сауғабай К. Жас Мәдиді көремін... // Орталық Қазақстан. - 2000. - 29 наурыз.
33. Сауғабай К. Көңіл - елік өттің-ау елеңдеумен // Орталық Қазақстан. - 2004. - 21 қазан. - 13 б.
34. Сауғабай К. Қаз дауысты Қазыбек ұрпағымын // Орталық Қазақстан.- 1991.- 12 қазан
35. Сауғабай К. Қайдасың, кекілді сары қыз? // Сыр мен сымбат. - 2006 . - №1-2. - 16-20 б.
36. Сауғабай К. Қорқады қоғам, қорқады адам ақыннан // Азия Транзит. - 2004 . - №4. - 25 б.
37. Сауғабай К. Қырық ошақ // Жұлдыз.- 1992.- №10.- 13-16 б.
38. Сауғабай К. Мәди // Орталық Қазақстан. - 2005. - 9 шілде. - 7 б.
39. Сауғабай К. Мәдидің мәйітін мекеніне... // Орталық Қазақстан. - 1994. - 5 қаңтар.
40. Сауғабай К. Мейрімді бала // Азия Транзит. - 2003 . - №10. - 46-49 б.
41. Сауғабай К. Олжабай ақын // Орталық Қазақстан.- 1996.- 10 ақпан
42. Сауғабай К. Өлеңдер // Қарқаралы.- 1991.- 18 желтоқсан
43. Сауғабай К. Сәби шақты сағындым Қозы көшкен // Балқантау.- 1995.- 28 қазан
44. Сауғабай К. Селдіреді сенім деген ақ сезім // Орт.Қазақстан. - 2007. - 18 қазан. - 6 б.
45. Сауғабай К. Тектінің теңі Мұстақым.. // Азия Транзит.- 2000.- №1 (13-19 қаңт.).- 6 б.
46. Сауғабай К. Избасар: Өмірдің өзі-новелла // Орталық Қазақстан.-1995.- 19 желтоқсан

Кәрім Сауғабай туралы әдебиеттер:

47. Әдеби Қарағанды: библиографиялық әдебиеттер көрсеткіші / Қарағанды обл. ғылыми-әмбебап кітапханасы; Құраст.: Г.Н.Умбединова. - Қарағанды: б.ж., 2000. - 89 б. - (Облыстық кітапхана-өлкетану орталығы). - Б. ж.
48. Сауғабаев Кәрім // Қазақстан жазушылары: анықтамалық : 75 жыл / құраст. С. Қамшыгер. - Алматы: Ан Арыс, 2009. - 344 б.
49. Сауғабаев Кәрім // Советтік Қазақстан Жазушылары: Био-библиогр. анықтамалық.- Алматы, 1987.- 536 б.
50. Сауғабаев Кәрім Жұмабекұлы // Қарағанды. Қарағанды облысы. Энциклопедия.- Алматы, 1990.- 490 б.
51. Сауғабаев Кәрім Жұмабекұлы // Қарағанды. Қарағанды облысы: энциклопедия / ред. А. А. Абдулин. - Алматы: Атамұра, 2006. - 463 б.

52. Ақашқызы М. Өмір өткелі // Орталық Қазақстан. - 2006. - 23 қараша. - 8 б.
53. [Ақсұңқарұлы С. Ілағамның Балқантауы // Орталық Қазақстан. - 2024.-14 наурыз \(№ 30\). - 5 б.](#)

54. Алпысұлы С. Бір топтың төрт түлегі едік // Орталық Қазақстан. - 2006. - 17 қазан. - 6 б.
55. Асқар Н. Кәкең осындай болатын // Азия Транзит. - 2003. - №10. - 46 б.
56. Әмірұлы Д. Едірей етегінен ескен жыр // Орталық Қазақстан. - 2016. - 21 маусым (№ 98). - 3 б.
57. Балқантаудан түлеген ақын // Арқа ақшамы. - 2021. - 30 қыркүйек (№ 35). - 8 б.
58. Балташұлы Е. Азаттықты аңсаған ақын еді // Қарқаралы. - 2023. - 28 қазан (№ 43). - 4 б.
59. Жақанов И. Балқантау // Қасым. - 2021. - № 1. - 179-192 б.
60. Жақанов И. Балқантау // Орталық Қазақстан. - 2021. - 5 қазан (№ 110). - 4 б.
61. Кәрім Жұмабекұлы Сауғабаев // Орталық Қазақстан. - 2002. - 27 қараша. - 15 б., Қарқаралы. - 2002. - 30 қараша.
62. Қажытай А. Өткенге құрмет, бүгінге міндет // Арқа ақшамы. - 2021. - 28 қазан (№ 39). - 6 б.
63. Мыңбай Н. Балдырғанға - базарлық // Нұра. - 2022. - 26 мамыр (№ 23). - 4 б.
64. Райымбекқызы Ж. Балажан ақын // Орталық Қазақстан. - 2011. - 8 желтоқсан. - 7 б.
65. Сәулебек А. Талантты тірісінде қадір тұтайық // Ана тілі. - 2011. - 19-25 мамыр. - 7 б.
66. Сексенұлы С. Балқантаудың ақиығы // Орталық Қазақстан. - 2021.-5 қазан (№ 110). - 5 б.
67. Сүлейменов А. Рухы биік ұлттың ұлы // Қарқаралы. - 2011. - 26 наурыз (№ 23/24). - 9 б.
68. Шалқар Ж. Жас ақындар бақ сынасты // Орталық Қазақстан. - 2021. - 30 қазан (№ 121). - 7 б.
69. Шалқар Ж. Кәрім ақын оқулары өтеді // Орталық Қазақстан. - 2021.-30 қыркүйек (№ 108).-8 б.
70. Шалқар Ж. Кәрімнің керім жырлары // Орталық Қазақстан. - 2021.-7 қазан (№ 111). - 8 б.

71. [Сауғабаев К. Ақша қар \[Электрондық ресурс\]. - Алматы: Жалын, 1980. - 16 б.](#)
72. [Сауғабаев К. Көктем келді, алақай! \[Электрондық ресурс\].-Алматы: Жазушы, 1975-20 б.](#)
73. [Сауғабаев К. Сылдырмақ \[Электрондық ресурс\]. - Алматы : Балауса, 1993. - 36 б.](#)
74. [Сауғабаев К. Үлгі \[Электрондық ресурс\]. - Алматы: Жалын, 1983. - 32 б.](#)

7 қараша 1876 – 1934 – Қоғам қараткері, заңгер, құқық магистрі Жақып Ақбаевтың туғанына 150 жыл

Жақып Ақбаев – қазақ елінің мемлекеттігі үшін күрескен қоғам қайраткері, энциклопедиялық білімі бар ғалым, әмбебап тарихшы, этнограф, «Алаш» қозғалысының көшбасшысы, «Алашорда» үкіметінің мүшесі, ұлт зиялысы, қазақтың тұңғыш құқық магистрі.

Жақып Ақбаев 1876 жылы 7 қарашада (кей деректерде 25 қазанда) Семей облысы, Қарқаралы уезі, Берікқара болысы, №3 ауылының (кей деректерде №4) Төңіректас деген жерінде Сарыарқа өңіріне атақты Ақбай әулетінің дәулетті отбасында дүниеге келген.

Жазушы, ғалым Тұрсын Жұртбайдың («Ұраным-Алаш!») түрме әфсанасында Аспазия Жақыпқызының зерттеуші Мұхтар Құлмұхамедке ұсынған әкесінің «Қысқаша өмірбаянында» өзі жайлы ол: «Мен қазақтың, 1876 жылғы 7 қарашада, бұрынғы жыл санау бойынша 25 қазанда Төңіректас маңында, Қарқаралы округінің Берікқара ауданындағы 3-ші ауылға қарасты жерде туғанмын. 1889-84 жылдары мен жазда ата-анамның қозысын, қыста қойын бақтым»-деп жазған екен.

Жақып Ақбаев 1886 жылы Қарқаралы қаласындағы орыс-қазақ мектеп-интернатына оқуға барады. 1889 жылы Омбы гимназиясына, кейін Томск гимназиясына оқуын ауыстырған Жақып Ақбаев 1898 жылы оны бітіреді. Гимназиядан соң Жақып Ақбаев Санкт-Петербург университетінің заң факультетіне оқуға түсіп, 1903 жылы оны алтын медальмен бітіріп, қазақтың тұңғыш “право магистрі” деген атақты иеленеді.

Университетте оқып жүргенде-ақ Ж.Ақбаев ілім-білімнің әр саласын меңгеруге талпынады. Осы мақсатта Ж.Ақбаев адамның есте ұстау қабілеті мен айғақ-дәлелдерді екшелеудің әдіс-тәсілдерін жете меңгеру үшін Одесса қаласындағы мнемоника профессоры С.Файнштейннен дәріс тыңдауға және С.Петербургтегі Археология институтына оқуға түсуге университет басшыларына өтініш жазады. Сөйтіп, университетте оқи жүріп, 3-курста Санкт-Петербург Археология институтына түсіп, толық курсын тәмәмдайды. Мемлекеттік сынақ комиссиясында «Қазақтардың некелік құқығы» атты тақырыпты қорғауға бекітіп алады. Студент кезінен Жақыптың өзін зерек, қабілетті жас екенін таныта алғанынан болар, университеттің ректоры, құқықтанушы, профессор А.Х.Гольмс өзі оның магистрлік жұмысына ғылыми жетекші болып, кейіннен Омбыға жұмысқа тұрағында сенімді адам ретінде таныстыру хатын жазып беруі соған дәлел болса керек.

Күрескерлік тұлғасы ерте қалыптаса бастаған Ж.Ақбаев студент кезінен саяси іс-қимылдарға қызу араласып, «Санкт-Петербургские ведомости», «Айқап» журналы мен «Дала уалаяты» («Адам, қоғам, табиғат», 1901. №12. 25 март), «Сарыарқа» (1917. №15. 29 сентябрь, №19. 9 ноябрь), «Қазақ» газеттерінде және Омбыдан шығып тұрған «Иртыш», «Степь», «Степной край» газеттеріне азаттық жолындағы мақалаларын жариялайды.

1903 жылы оқуын аяқтаған Жақып туған еліне, оралып, Қарқаралы өңірінің құрметті адамдарының бірі, қаланың бай көпесі, ұлт зиялыларымен араласып, олар бас қосатын «Көк үйдің» иесі, қайырымдылығы үшін 1888 жылы орыс императорынан күміс медальмен марапатқа ие болған Халиолла Бекметевтің қызы Гүлбахорға таңдауы түсіп, шаңырақ көтерген. Сол жылы Омбы сот палатасына қызметке тұрады. Алғыр, зерек жас маман кәсіби шеберлігін шыңдап, 1904 жылы палата хатшысы, 1905 жылдан бастап, бітістіруші судья міндетін атқарған және округтік сот палатасында лауазымды қызмет атқарды.

1905-1907 жылдардағы Ресейдегі төңкеріс саяси белсенділігіне қозғау салып, Жақып Ақбаев митингілерге және жиналыстарға қатысып, сөз сөйлейді. Омбыдағы, Петропавлдағы, Семейдегі, Павлодардағы, Баянауыл мен Қарқаралыдағы демонстрацияларға қатысып, отаршылдық жүйеге, патша үкіметіне қарсы күрес жүргізе жүріп, Омбыда шығатын «Степной край» газетінде мақалаларын жариялап, патшаның отаршылдық саясатын сынайды.

Жақып Ақбаев 1905 жылы шілдеде Қарқаралыдағы Қоянды жәрмеңкесінде «Алаш» көсемдерінің бастамасымен өткен қазақ съезінде Ресей Министрлер Кеңесінің төрағасына Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсыновтармен бірге шаруаларды көшіріп әкетуді тоқтату, қазақтардың діни басқармасын ұйымдастыру, цензураны жою, ресми іс қағаздарын қазақша жүргізу, қазылар сотын енгізу, қазақ депутаттарын Мемлекеттік Думаға шақыру жөніндегі талаптар қойылып, қоныстандыру саясатының озбырлығы айтылған, отаршылдық езгіге қарсы наразылықтағы 145 мың адамның қолы қойылған «Қарқаралы петициясын» ұйымдастырады. Жиындарда Жақып жалынды сөздер сөйлеп патша режимін шенейді.

Ол 1907-1927 жылдары Семей, Сырдария, округтік губерниялық соттарында лауазымды т атқарып, еліне адал қызмет етуге бар күш-қайратын жұмсаған ол қоғамдық саяси жұмыстарды ұйымдастырушыларының алдыңғы қатарында болды. 1907 жылдан Орыс географиялық қоғамы Семей бөлімшесіне мүше болып, далалы өлкені ғылымның сан-саласына зерттеу ісіне өз үлесін қосқан алғашқы қазақ зиялыларының қатарында да Ж.Ақбаевтың есімі де құрметпен аталады.

1905 жылы 2-қарашада өз өтініші бойынша Омбы сот палатасынан қызметтен шығады, елдегі саяси жағдайларға араласады. 1906-1918ж. (үзілістермен) Семей округтік

сотында жұмыс істейді. 1906 ж. императорға тіл тигізіп, өкіметке қарсы үгіт-насихат жүргізген мемлекеттік қылмысы үшін 12 қаңтарда тұтқындалып, Семей түрмесіне қамалады. Түрмеде жатып Санкт-Петербург университетінің профессоры, белгілі заңгер Л.И. Петражицкийге бірінші болып қазақ өлкесінің дербес автономия алуы мәселесін көтеріп хат жолдайды. Ғылыми шығармашылық жұмыспен де шұғылданып, 1907 жылы «Наброски по обычному, в частности, брачному праву киргизов» атты диссертациялық ғылыми еңбек жазады. 1908 жылы алғашында Ақмола облысының Омбы оязына 5 жылға, кейіннен 1909 жылдың 19 наурызында Ресей ІІМ-нің шешімімен Жетісу облысының Қапал қаласына (басында Якутияға) жер аударылады. 1908 жылдан Дала генерал-губернаторлығының кеңесінің бөлімінде ашылған арнаулы ісі 1917 жылдың Қазан төңкерісіне дейін жүреді.

1910 ж. патша өкіметіне қарсы күресін тоқтатпағаны үшін Тобыл қаласына жер аударылады. Айдауда жүріп бүркеншік атпен «Айқап» журналына мақалалар жолдап тұрады.

1912 жылдың ақпанында Қарқаралыға қайтып оралып, полицияның қадағалауына алынады. 1913 жылы Қарқаралыға Әлімхан Ермековтің басшылығымен келген қазақ әдебиеті мен ауыз әдебиеті шығармашылығын зерттеуші Г.Потанинді үйінде қонақ қылып күтіп, кеш ұйымдастырады. 1914 жылдың жазында Омбы сот палатасына қызметке қабылдау туралы өтініш жазады, саяси сенімсіздігі үшін жұмысқа алынбағандықтан адвокаттық практикамен айналысуына тура келеді. Қудалаудан құтылмай тағы да Семей түрмесіне қамалып, 1917 жылдың басында босап шығады.

1917 жылы патша тақтан құлаған соң, елдегі саяси өзгерістерге араласып, 1917 жылдың 20 наурызында Қарқаралыда орыс-қазақтардан құралған, құрамына М. Бекметов, Ф. Бекметов, Н. Орманбетов, Н.Нұрмақовтармен бірге өзі де кірген Уақытша өкіметтің уездік біріккен атқару комитетін құрады. Кейіннен комитеттің ішінде жік туып, ұлт араздығын қоздырушы деген айыппен, саяси ұрандар таратқаны үшін қамауға алады. Алайда өзі жазықсыз деп танылып, оның қарсыластары комитет құрамынан шығарылады.

1917 жылы «Алашорда» үкіметін құруға қатысады. Осы жылдың 21-28 шілдесінде Орынборда өткен Бүкілқазақтық съезге қатысып, оның басшы құрамында болады. 5-13 желтоқсанда өткен Орынбордағы 2-бүкілқазақ съезінде «Алашорда» үкіметінің мүшелігіне еніп, съезде 26,5 мың адамнан құралған тұрақты әскер құру идеясын көтереді. Сондай-ақ үш алаш полкін құруға басшылық жасайды, олардың екеуі Семейде, үшіншісі Торғайда орналасады.

Ғалым ретінде мемлекеттік құрылысты белгілеуде, Алашорда автономиясының мемлекеттік институттары мен үкіметін құруда, Алашорда автономиясының шекарасын анықтауда басты рөл атқарады. «Алашорда» үкіметіндегі қызметін тоқтатқаннан соң 1918 жылы Қарқаралыдағы қазақ комитетін басқарады.

1918 жылы Семей ақ-қазақтардың қолына көшкенде ұлттық дербестікті сақтап қалуға ұмтылғаны үшін қамауға алынып, 1919 жылы түрмеден босайды. Қарқаралыға келіп колчакшыларға, атамандардың озбырлығына қарсы күрес ұйымдастырғаны үшін тағы да түрмеге түседі. Алаш автономиясын сақтап қалу мақсатында ақ-казактарға қарсы қарулы көтеріліске басшылық жасағаны үшін Колчактың әскери-дала соты 1919 жылдың 7 шілдесінде «әскери-казак диктатурасын құлатып, Совет өкіметін орнату үшін халықты көтеріліске шақырды, атамандардың жауы» деп айыптап, ату жазасына кеседі. Дегенмен 1919 жылы ақ казактар толық жеңіліске ұшырап, Қазақстан арқылы Қытайға қаша бастайды. Корпус командирі Березовский мен Сібір үкіметінің төрағасы Вологодскийдің ұсынысы бойынша аталмыш үкім күшін жойып, қамаудан босатылады. Семей ақ казактардан босатылған соң, заң мекемелерінің қызметіне араласады. 1920 жылдың қыркүйегінен Семей губревкомының әділет бөліміне басшылық жасап, губерниялық сот-тергеу учаскесін құрады. 1920 жылдың сәуір айынан Семей кеңестік халық сотының мүшесі болып, 1921 жылдың қараша айынан 1922 жылдың ақпанына дейін халық ағарту бөлімінде жұмыс істеп, қазақтың ауыз әдебиеті шығармаларын жинау жөніндегі комиссияның төрағасы болады. Бірақ сол жылы өкпе ауруына шалдығып, Қарқаралыға

қайтып оралады. Денсаулығын сәл түзеп, 1925 жылы Семейге оралып, губерниялық атқару комитетінде, халық сотында түрлі қызметтермен айналысады. 1926 жылдың шілдесінен 1927 жылдың 13 желтоқсанына дейін Семей губерниялық соты жанындағы адвокаттар алқасы мүшесінің міндетін атқарады. Осы жылы «Қазақ халқының шығу тегі туралы» атты еңбегін жазғанымен, жарыққа шығара алмайды.

1928 жылы Голощекиндік саяси айыптаулардан аулақ болу мақсатында елден тысқары кетіп, Сырдария округтік адвокаттар алқасының мүшесі болады. Көп ұзамай бұл қызметтен шеттетіліп, сол кездегі Жамбыл облысы, Шу ауданы, Новотроицкое селосына келіп, ғылыми-шығармашылық жұмыспен шұғылданады. Елден жырақта болса да, 1930 жылы 14-қыркүйекте ОГПУ жөндеттері Кеңес үкіметіне, Коммунистік жүйеге жүргізген қарсы әрекеті, Алашордашы болғаны үшін тұтқындап, абақтыға қамайды. Түрмеде 1,5 жыл отырғаннан кейін, 1932 жылдың сәуір айында 58-10 және 59-3 баптар бойынша айыпталып, Воронеж облысына 5 жылға жер аударылады. Айдаудағы ауыр азаптан денсаулығы әбден нашарлаған соң, рақымшылық жасалып, мерзімінен бұрын босатылып, Алматыға емделуге рұқсат алады. Ақыры асқынған ауру алып тынып, шамалыдан соң қазақтардың әдеттегі құқығын, оның ішінде отбасы-неке құқығын зерттеп, мерзімді баспасөзде публицистикалық материалдар жариялаған сан алуан талант иесі, энциклопедиялық білімі бар ғалым 1934 жылы 4 шілдеде қайтыс болады.

Жақып Ақбаев Қазақстан Жоғарғы сотының 1958 жылғы 28 ақпанындағы шешімімен толық ақталады. Бірақ бұл хабар жақындарына 1990 жылы ғана жетеді.

Ашық дереккөздерге сүйенсек, Алаш зиялысы жары Гүлбахордан екі ұл және төрт қыз сүйді. Кәмелмұрат (1910-1960), Кәмелшат (1916-1976); қыздары Аргуня (химия ғылымының кандидаты), Наймания (филология ғылымының кандидаты), Асфазия (заң ғылымының кандидаты), Андрмеда (биология ғылымының кандидаты). Әйелі 1988 жылы қайтыс болған.

Қарағанды қаласының орталығында ауданаралық экономикалық соты ғимаратының алдында Жақып Ақбаевтың бюсті орнатылған. Ескерткіштің көлемі 1,5. ғ. к. в. Н-1,1 м, құйма, қола, тұғыры қара керамогранитпен қапталған. Авторы Д. Ержанов.

1998 жылы Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданының орталығында «Үш арыс» – Әлихан Бөкейханов, Жақып Ақбаев пен Әлімхан Ермековке ескерткіш орнатылған. 2013 жылы монументтің айналасы абаттандырылып, «Алаш алаңы» ашылды.

Ж.Ақбаев атында Алматы, Шымкент, Қарағанды қалаларында, Ақтоғай ауданында көше және жалпы білім беретін мектеп бар (Қарағанды қаласы, 12 ықшам ауданы, 26 үй).

Әдебиеттер:

1. Ақбаев Жақып // Қарағанды облысы: Энциклопедия. – Алматы: Атамұра, 2006. – 96 б.
2. Алаш жылнамасы: жинақ / құраст. Б. Уәли. - Алматы: Ел-шежіре, 2020. - 117 б.
3. Аманаты алаштың: балаларға арналған энциклопедия / құраст. Т. Қ. Шаңбай; алғы сөз авт. Т. Қ. Шаңбай. - Алматы: Сардар, 2018. - 246 б.
4. Асқар Н. Қайраткер // Асқар Н. Жиырмасыншы ғасырдың тарландары. - Қарағанды: Арко, 2017. – 15-20 б.
5. Жақып Ақбаевтың өмірі мен қызметі (1876-1934 ж.) // Шығыс Сарыарқа. Қарқаралы өңірінің өткені мен бүгіні / ред. басқарғандар Қ.С. Алдажұманов, А.З. Бейсенов. - Алматы: Эверо, 2004. – 443-448 б.
6. [Құқық пен қазылық тарихындағы тұлғалар.- Алматы: Жеті жарғы, Ж/ж.- 36 б.](#)
7. Құл-Мұхаммед М. Ақбаев Жақып // "Алаш" бағдарламасы: қиянат пен ақиқат. - Алматы: Атамұра, 2000.- 102-103 б.
8. Құл-Мұхаммед М. Алаш ардагері: Ж.Ақбаевтың саяси-құқылық көзқарастары / Жауапты ред.Ф.Сапарғалиев.- Алматы: Жеті жарғы, 1996.- 224 бет.

9. Кұл-Мұхаммед М. Алаш қайраткерлері саяси-құқықтық көзқарастарының эволюциясы / Жауапты ред.Ғ.Сапарғалиев.- Алматы: Атамұра, 1998.
 10. Құспан А. Алаш заңгерлері; ред.: Қ. Құттымұратұлы, Ә. Нәби. - Алматы: Отбасы, 2023.-375 б.
 11. Мұқан Т. Жақып Ақбаев (1876-1934) // Мұқан Т. Ақтоғай тарихтың тас сандығы: [жинақ: Ақтоғайдың ғасырлық шежіресі. Деректі топтамалар] / Т. Мұқан; ред. Ә. Тілеуғалы; алғы сөз авт. С. М. Әбеуова. - [Қарағанды?]: [б. ж.], 2020. - 16 б.
 12. Мұқан Т. Тұңғыш право магистрі // Мұқан Т. Үш арыстың ауылынанбыз. - Алматы, «Қазына» баспаханасы: 2025. – 42-44 б.
 13. Сәдуақас Қ. Ғұмыры ғасырларға қанат жайған // Сәдуақас Қ. Алаш алыптары: [жинақ]. - Астана: Фолиант, 2016. – 83-85 б.
 14. [Тайшыбай З. Жақып Ақбаев: монография / З. Тайшыбай, Н. Дулатбеков. - Алматы : Жеті жарғы, 1997. - 86 б.](#)
 15. Тоғжанов Е.Л., Аршабеков Т.Т. Жақып Ақпаев // Атамекен: оқу құралы. – Қарағанды: Қарағанды экономикалық университеті, 2002. – 171-173 б.
- ***
16. Абдрахманова Ж. Жақып Ақбаев - білікті заңгер // Заң. - 2012. - № 8. - 34-35 б.
 17. [Аршабеков Т. Алаштың Жақыбы // Орталық Қазақстан. - 2021. - 26 қазан \(№ 119\). - 4 б.](#)
 18. Алаш қозғалысы (энциклопедиялық жинақ) // Жұлдыздар отбасы АҢЫЗ АДАМ. - 2014.-№ 24.- 4-50 б.
 19. Әбілов Қ. Жерлесіміз туралы бір үзік сыр // Қарқаралы.-2004.-3 шілде. Қарқаралы.- 2005.- N1.-51-52 б.
 20. Байкенжина Л. Қарқаралы шежіресі - тарихи құжаттарда /Л.Байкенжина, Е.Лұқпан // Орталық Қазақстан.- 2004.- 18 мамыр.-7 б.. Қарқаралы.- 2004.- N2.-56-57 б.
 21. Дулатбеков Н. Жақаңа барар жол / Н.Дулатбеков, З.Тайшыбай // Орталық Қазақстан. - 2001. - 5 қыркүйек. - 2 б.
 22. Дулатбеков Н. О. Ақырып теңдік сұраған // Орталық Қазақстан. - 2012. - 3 наурыз (№ 37/38). - 8 б.
 23. Екпінбай Г. Алаштың асыл арманы - Жақып Ақбай // Тоқырауын тынысы. - 2011. - 18 қараша (№ 47). - 7 б.
 24. Жақыпқызы А. Әкемнің жұлдызы Ақтоғайда жанды // Сана.-2000.- 7, 14 желтоқсан.- 5 б.
 25. [Жақыпова А. Мен әкемді мақтан тұтамын // Қазақстан әйелдері.- 1992.- №3.- 12-13 б.](#)
 26. Жанғожин А. Құқықтық мемлекет құру жолында // Орт. Қазақстан. - 2001. - 12 қыркүйек.
 27. [Жанысбай С. Семей сапары // Орталық Қазақстан. - 2021. - 26 қазан \(№ 119\). - 4 б ; Ақтоғай ажары. - 5 қараша 2021жыл \(№45\). - 5 б.](#)
 28. Жолдасбек С. Ақбаев Қарағандыға артық па еді? // Арқа ақшамы. - 2022. - 4 тамыз (№ 28). – 1 б.
 29. Жәпек М. Ақиқаттың алтын арқауы // Орталық Қазақстан. - 2007. - 18 қаңтар. - 6 б.
 30. Жұмәділова С. Қазақтың тұңғыш заңгері, Жақып Ақбаевтың туғанына - 135 жыл // Қазақстан тарихы. - 2011. - № 12. - 16-19 б.
 31. Жұртбай Т. «Тұңғыш терең жарға кеткен түсіп...» // Ақиқат. - 2012. - № 9. - 48-55 б., Абай. - 2011. - № 5/6. - 27 - 63 б.
 32. Қасымұлы Ж. «Менің әкем дара тұлғалардың бірі»: А.Жақыпқызының жазған хаты // Орталық Қазақстан.- 1998.- 19 қыркүйек.
 33. Қасымұлы Ж. Ақбайдың Жақыбының ата тегі // Орталық Қазақстан.- 1996.- 12 қараша, 1997.- 5 ақпан

34. Өтебай Қ. Атасы Жақып Ақбаевқа пана болған әже // Қарқаралы. - 2022. - 30 шілде (№ 29). – 5 б.
35. Рысжанов С. Алаш ардақтысы // Орталық Қазақстан.- 2006.- 6 сәуір.- 6 б.
36. Рысжанов С.Ақбайдың Жақыбы - Ақтоғайдың Жақыбы, Ақтоғайдың Жақыбы - Алаштың Жақыбы... // Заң газеті. - 2006. - 14 наурыз (N44). - 2 б.
37. Сексенұлы С. Сот төрелігі мен жастар алаңы // Орталық Қазақстан. - 2001. - 14 қараша.
38. Тайшыбай З. Дүрбелең // Орталық Қазақстан.- 1994.- 10, 12 қараша
39. Тайшыбай З. Жақып Ақбаев: «Менің рухым өлмейді» // Орталық Қазақстан.- 1996.- 25, 28 желт.
40. Тайшыбай З. Ұлт ұстазының ізі Қарқаралыдан Петерборға дейін көсіліп жатыр // Орталық Қазақстан. - 2023. - 23 мамыр (№ 56). – 4 б.
41. Темірбай А. Жақып Ақбаевтың дипломы табылды // Егемен Қазақстан.- 2003.- 16 желтоқсан.-6 б.
42. Тұрсынова Ж. Ақбаев аманатына адалмыз // Орталық Қазақстан. - 2022. - 10 ақпан (№ 16). – 4б.; Ақтоғай ажары. - 1 сәуір, 2022 жыл (№13). – 12 б.
43. Шалқар Ж. Ел бүгіншіл, менікі ертең үшін... // Орталық Қазақстан. - 2022. - 6 қаңтар (№ 1). – 4 б.
44. Шалқар Ж. Қайраткер рухына тағзым // Орталық Қазақстан. - 2023. - 27 маусым (№ 71). – 8 б.

Қараша 1976 – Қарағанды жоғары гуманитарлық колледжінің құрылғанына 50 жыл (Қарағанды педагогикалық училищесі)

ҚазССР халыққа білім беру министрлігіне қарасты 1976 жылы Қарағанды педагогикалық училищесі ашылған. (Сол уақыттағы мекен жайы Бейбітшілік бульвары, 22) 8-жылдық білім негізінде - музыка, бастауыш сынып, бейнелеу өнері сызу пәндерінің мұғалімдерін даярлайды. Училищеде қала мектептерінің музыка, бейнелеу өнері және сызу пәндері мұғалімдерінің семинары жұмыс істеді. Педагогикалық училищеде 45 оқу класы, 7 оқу лабораториясы мен шеберханасы болды.

Колледж 1994 жылдан Қарағанды облысы бойынша колледждердің базалық оқу орны болып бекітілді. 1995 жылы педагогикалық колледж болса, 1997 жылы гуманитарлық колледж болды. Қарағанды гуманитарлық колледжі облыстағы орта кәсіптік оқу орындары ішінде базалық колледж болып табылады. Соған байланысты мұнда жалпы білім беру пәндері бойынша оқытушылардың облыстық әдістемелік бірлестіктері құрылып, жұмыс істеуде.

Колледж Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталған.

Колледждің алғашқы директоры, «ҚазССР оқу-ағарту ісінің үздігі» белгісінің, Ы.Алтынсарин атындағы медальдің иегері Леонид Федрович Моргачев.

2002 – 2024 жыл аралығында колледждің директоры Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ы.Алтынсарин атындағы және Қазақстан Республикасы Президентінің арнайы «Бірлік» алтын медальдарының иесі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Мәдениет саласының үздігі» Есжан Сарманқұлұлы Әміров болды.

Қазір 2024 жылдың желтоқсан айынан колледж директоры Уатаева Гульмира Султанмуратовна.

Қазіргі таңда колледждің 2 оқу корпусы, мультимедиялық подиум орнатылған жиын залы, 30 оқу кабинеті, 5 компьютерлік сынып, 8 шеберхана, интерактивті құрылғы орнатылған 6 кабинет, электронды подиум орнатылған 2 кабинет, 2 лингафондық кабинет, буфет, медициналық кабинет, спортзал, кітапхана, оқу залы бар. Заманауи ақпараттық-

байланыстық технологияларды белсенді қолдану үшін Wi-Fi мен ғаламтор желісіне қосылған 144 компьютер, 40 ноутбук және түрлі техникалар бар.

Жетістіктері

Колледждің инновациялық әрекетінің нәтижесі пәндер бойынша оқу-әдістемелік құралдар, электронды оқулықтар әзірлеу болып табылады. Жоғары білікті мамандар қалалық, облыстық, республикалық «Жыл мұғалімі», «Жыл әдіскері» конкурстарына қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Қарағанды гуманитарлық колледжінде тіл, мәдениет және салт-дәстүр арқылы толерантты қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізіледі. Көптілді оқыту енгізілуде. Сонымен қатар «Электронды колледж» пилоттық жобасына қатысуда.

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Қарағанды қаласы, Н.Назарбаев, 22.

Тел: (7212) 56-49-33, 56-05-40, 56-12-70

Қарағанды Гуманитарлық колледжі: ресми сайт. - URL:
<https://kgk.mycollege.kz/main/index> (қаралған күні 02.06.2025 ж.)

Әдебиеттер:

1. Әміров Е. Білім берудегі ізденіс: мақалалар, баяндамалар және сұхбаттар / Е. Әміров; ред. Д. Қосарұлы; сур. Ж. Бағдатұлы. - Қарағанды: Арка және К, 2019. - 247 б.
2. Гуманитарлық колледж // Қарағанды. Қарағанды облысы: энциклопедия / ред. А. А. Абдулин. - Алматы: Атамұра, 2006. - 209 б.
3. Мельникова Л.Е. Тәуелсіз елім - тірегім: патриоттық әндер жинағы=сборник патриотических песен / Л. Е. Мельникова; Кеншілер мәдениет сарайының Қарағанды облысының халықтық композиторлар клубы. - Қарағанды: Саран, 2021. - 123 б.
4. Педагогикалық училище // Қарағанды. Қарағанды облысы: энциклопедия / ред. Р.Н. Нұрғалиев. - Алматы: Қаз.сов.энцикл., 1990. - 463 б.

5. [Асан М. Байыпты болмыс - лайықты баға // Орталық Қазақстан. - 2016. - 20 ақпан. - 1 б.](#)
6. Асауов Д. Мұғалімдер мекемесі 30 жасқа толды // Орталық Қазақстан. - 2006. - 12 желтоқсан. - 8 б.
7. Әлиман Ж. Аспаннан күбі түсті... // Орталық Қазақстан. - 2021. - 16 қаңтар (№ 5).
8. Әлиман Ж. Ұлы мұрат - ұлт көші // Орталық Қазақстан. - 2021. - 16 наурыз (№ 29). - 3 б.
9. Әміров Е. Білім мен рухтың ордасы: Қарағанды гуманитарлық колледжінің директоры Е.Әміровпен сұхбат / сұхбаттасқан Ж.Омарбекова // Орталық Қазақстан.-2018.- 26 шілде.- 4 б.
10. [Әміров Е. Білім мен рухтың ордасы: Қарағанды гуманитарлық колледжінің директоры Е.С.Әміровпен сұхбат / сұхбаттасқан Ж.Омарбекова // Орталық Қазақстан. - 2018. - 26 шілде \(№ 81\). - 4 б.](#)
11. Әміров Е. С. Ізгіліктің іргелі ордасы: Қарағанды гуманитарлық колледжінің директоры Е.С.Әміровпен сұхбат / сұхбаттасқан А.Совет // Орталық Қазақстан. - 2017. - 18 сәуір. - 4 б.
12. Әміров Е. С. Ізгіліктің іргелі ордасы: Қарағанды гуманитарлық колледжінің директоры Е.С.Әміровпен сұхбат / сұхбаттасқан А.Совет // Орталық Қазақстан. - 2017. - 18 сәуір (№ 42). - 4 б.
13. Боранбайқызы Ж. Сиқырлы әлем - сурет өнері // Орталық Қазақстан. - 2011. - 22 қараша (№ 191/193). - 14 б.
14. Жаңқашұлы Ж. Күмбезінде күй күмбірлеген... // Орталық Қазақстан.-2011.- 14 сәуір.-6 б.

15. Жаңқашұлы Ж. Серіағам мен Есағам // Арқа ақшамы. - 2014. - 20 наурыз (№ 11). - 7 б.
16. Жаңқашұлы Ж. Серіағам мен Есағам // Арқа ақшамы. - 2014. - 20 наурыз (№ 11). - 7 б.
17. Кәрім Н. «Мен сені сүйемін, өмір!» // Орталық Қазақстан. - 2018. - 15 ақпан (№ 19). - 8 б.
18. Қадірберилина Р. Ән - ғұмыр // Орталық Қазақстан. - 2018. - 18 қаңтар (№ 7). - 5 б.
19. Мұсабеков Е. «Жыл әдіскері» - жерлесіміз! // Орталық Қазақстан.-2013.-21 қараша. - 1 б.
20. Мұсабеков Е. Ән қанатындағы тағдыр // Орталық Қазақстан. - 2020. - 30 маусым (№ 70). - 4 б.
21. Мұсабеков Е. Есжанның еңбегі еленді // Орталық Қазақстан. - 2013. - 5 қазан. - 1 б.
22. Тойбек Ж. Көпке үлгі колледж // Орталық Қазақстан. - 2013. - 28 желтоқсан. - 8 б.

11 желтоқсан 1976 – Жазушы, республикалық «Қасым» журналының бас редакторы Серік Сағынтай 50 жаста

Серік Сағынтай – 1976 жылы 11 желтоқсанда Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданында дүниеге келген. 1992 жылы Қоңырат ауылында Қазыбек Нұржанов атындағы орта мектепті тәмәмдап, Жезқазғандағы О. Байқоңыров атындағы университеттің тарих-шет тілдер факультетіне түседі. 1997 жылы университетті бітірген соң, Ақтоғай аудандық «Арқа еңбеккері» газетіне әдеби қызметкер болып орналасқан. 2000 жылдан Балқаш қалалық «Балқаш өңірі» газеті редакторының орынбасары, облыстық «Орталық Қазақстан» газетінің әдеби қызметкері, облыстық «Балқантау» газетінің Бас редакторы, республикалық «Айқын», «Алаш айнасы» газеттерінің Қарағанды облысындағы меншікті тілшісі қызметтерін атқарған. Қазір республикалық «Қасым» әдеби-қоғамдық журналының Бас редакторы.

2003 жылы «Шабыт» Халықаралық фестивалінде жүлделі 1-орынды иеленген (Әдебиет номинациясы, проза). 2005 жылы «Зерде» қоғамдық қоры ұйымдастырған «Поэзия, менімен егіз бе едің?» атты республикалық жыр мүшәйрасының бірінші жүлдегері.

2009 жылы Жаңаарқа ауданының 80 жылдығына, Жазушылар Одағының 75 жылдығына арнап өткізілген республикалық мүшәйрада 2-орын иеленген.

Бұдан өзге облыстық, республикалық жыр додаларының бірнеше дүркін жеңімпазы.

«Жазу» (2007), «Фәни-құс» (2009), «Құс қайтару» (2015), атты өлеңдер жинағы, «Қарға» (2011), «Көктемнің мөлдір тамшысы» (2019), «Жауырыншы» (2024), «Қазақия... Сибيريا...» (2024) атты туындылардың авторы.

Әдебиеттер:

1. Майбас Т. Шығармалары: [жинақ] / Т. Майбас, С. Сағынтай; Қарағанды облысының әкімдігі. - Астана: Фолиант, 2014. - 318 б.- (Сарыарқа кітапханасы)
2. Сағынтай С. Гала концерт. Элегия // Нақты қадам: [жас жазушылардың әңгімелер жинағы]. - Алматы: Қазақ Пен клубы, 2016. - 149-154 б.
3. Сағынтай С. Жауырыншы. - Астана: Кәусар, 2024. - 250 б.
4. Сағынтай С. Көктемнің мөлдір тамшысы: әңгімелер мен хикаяттар. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2019. - 113 б.

5. Сағынтай С. Қазақия... Сибирия...: эссе. - Алматы: Қазақстан Жазушылар одағы, 2024. - 227 б.
6. Сағынтай С. Қазақтың қос қыраны // Өшпес ерлік: облыстық жыр мүшәйрасы қатысушыларының өлеңдер жинағы / Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы, Н. В. Гоголь атындағы Қарағанды облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы; құраст. С. Телпекбаева. - Қарағанды: [б. ж.], 2019. - 5 б.
7. Сағынтай С. Қарға: әңгімелер. - Астана: Профи Медиа, 2011. - 143 б.
8. Сағынтай С. Құс қайтару. Жауырыншы. Қырқыншы жылдар. Арқаның қысы // Жыр маржаны: он томдық қазақ поэзиясының антологиясы / құраст.: М. Құлкенов, Г. Мұқышева. - Алматы: Мереке, 2014. - 9 т. – 134 б.
9. Сағынтай С. Құс қайтару: өлеңдер. - Алматы: Айғаным, 2015. - 184 б.
10. Сағынтай С. Қызыл көшен. Қасым құдығы // Қасым: арнаулар. 1 кіт. / Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы, Н. В. Гоголь атындағы Қарағанды облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы; ред. А. Мырзахмет; алғы сөз авт. С. Сағынтай. - Қарағанды : Мағжан, 2018. - 93 б.
11. Сағынтай С. Соқыр аккордеоншы // Алтын қалам: [жинақ]. - Алматы: Өнер, 2010. – 15-17 б.
12. Сағынтай С. Фәни-құс. - Алматы: Жалын, 2009. - 77 б.

13. Аманат: [жинақ: Қажыбай Мәндібайұлы, Қоқым (Біләл) Алшымбекұлы, Нұржан Шоңұлы, Қалижан (Мұхаммедқали) Жандығұлұлы, Дүйсенбай Маңайұлы] / ред. С. Сағынтай; құраст. А. Қасенов. - Қарағанды: TENGRI LTD, 2017. - 248 б.
14. Биіктерді бағындырған басылым: жинақ: (Ақтоғай ауданы «Тоқырауын тынысы» газетіне 80 жыл) / ред. С. Сағынтай; құраст. Г. Метай. - Ақтоғай: [б. ж.], 2018. - 195 б.
15. Көңілдің күйін төгейік...: әндер жинағы / Қарағанды облыстық Мәдениет басқармасы; құраст.: К. Сәдуақасова, С. Сағынтай. - Қарағанды: Форма Плюс, 2011. - 247 б.
16. Қажыбай Мәндібайұлы: жинақ: өмір жолы мен шығармашылығы / ред. С. Сағынтай. - Қарағанды: [б. ж.], 2020. - 196 б.
17. Мұстафин Е. Ғабдулғазиз ишан ұрпақтары: [шежіре] / Е. Мұстафин; ред. С. Сағынтай. - Қарағанды: Арко, 2011. - 114 б.
18. Мұстафин Е. Қарқаралы: фотошежіре / Е. Мұстафин; ред. С. Сағынтай. - Қарағанды: Арко, 2012. - 128 б.
19. Мұстафин Е. Құнанбай қажы мешіті: [160 жыл мұсылман мешітіне] / Е. Мұстафин; ред. С. Сағынтай. - Қарағанды: Арко, 2011. - 31 б.
20. Мүбәрак Б. Алтынкүрек: [жыр кітабы] / ред. С. Сағынтай. - Қарағанды: Мағжан, 2018. - 93 б.
21. Шоқшин А. Авторлар мен кейіпкерлер (Қарағанды қалжыңдары): жинақ / А. Шоқшин; ред. С. Сағынтай; көркемдеуші А. Мырза-Ахмет. - Қарағанды: [б. ж.], 2019. - 81 б.

22. ***

23. Сағынтай С. Аманат // Қасым. - 2020. - № 6. - 3-44 б.
24. Сағынтай С. Әлихан әлі дәріптелмей келеді // Арқа ақшамы. - 2013. - 14 маусым (№ 9). - 8 б.
25. Сағынтай С. Ән // Қасым. - 2023. - № 4. - 16 б.
26. Сағынтай С. Ән // Орталық Қазақстан. - 2021. - 21 қазан (№ 117). - 5 б.
27. Сағынтай С. Бас // Қасым. - 2015. - № 4. - 119-128 б.
28. Сағынтай С. Бәрінің бастауы бар // Егемен Қазақстан. - 2024. - 9 ақпан (№ 28). - 14 б.
29. Сағынтай С. Бел буып белден асып. өрге шықтым // AQTOǴAI AJARY. -

2020. - 4 қыркүйек (№ 35). - 9 б.

30. Сағынтай С. Бұқа өзені // Орталық Қазақстан. - 2024. - 7 желтоқсан (№ 138). - 5 б.

31. Сағынтай С. Бүгінгі әдебиеттің миссиясы... // Арқа ақшамы. - 2025. - 22 мамыр (№ 19). - 4 б.

32. Сағынтай С. Бір күні соқыр жігіт көзін ашса... // Арқа ақшамы. - 2024. - 28 қараша (№ 44). - 5 б.

33. Сағынтай С. Гала-концерт // Парасат. - 2016. - № 10. - 7, 13 б.

34. Сағынтай С. Гитлерюгенд // Қазақ әдебиеті. - 2016. - 11-17 қараша (№ 45/46). - 32 б.

35. Сағынтай С. Жарты қап кітап // Қасым. - 2011. - № 1. - 159-164 б.

36. Сағынтай С. Жіпсіз байланғандар // Қасым. - 2017. - № 4. - 161-184 б.

37. Сағынтай С. «Қайта мамандық таңда» десе тағы да журналистиканы таңдар едім...: ақын С.Сағынтаймен сұхбат / сұхбаттасқан Е.Қуатбек // Арқа ақшамы. - 2014. - 26 маусым (№ 24). - 10 б.

38. Сағынтай С. Көктемнің мөлдір тамшысы // Таң-Шолпан. - 2018. - № 6. - 111-126 б., Тұмар. - 2020. - № 1. - 72-97 б., Қазақ әдебиеті. - 2023. - 17 қараша (№ 46). - 18 б.

39. Сағынтай С. Қазақтың Қажыбайы // Егемен Қазақстан. - 2020. - 9 қазан (№ 193). - 15 б; Орталық Қазақстан. - 2020. - 1 қазан (№107). - 1,4 б.

40. Сағынтай С. Қара жол шұбалады түнге сіңіп... // Орталық Қазақстан. - 2021. - 27 ақпан (№ 23).- 6 б.

41. Сағынтай С. Қарақаралы байлары жасырған алтынды кім табар екен?! // Алаш айнасы. - 2012. - 31 наурыз (№ 53). - 1,3 б.

42. Сағынтай С. Қасымның ғалымы - Жасынның тұрағы... // Қасым. - 2023. - № 6. - 25-38 б.

43. Сағынтай С. Қасымның ғасыры // Қасым. - 2016. - № 4. - 79-84 б.

44. Сағынтай С. Қыркыншы жылдар. Арқаның қысы // Орталық Қазақстан. - 2021. - 29 мамыр (№ 56). - 4 б.

45. Сағынтай С. Майқұдық оқиғасы // Қасым. - 2021. - № 2. - 47-60 б.

46. Сағынтай С. Мұғалімдер Қасымды қайыра бір тануға мүмкіндік алды // Ізденіс = Поиск. - 2021. - 22 сәуір (№ 8). - 12 б.

47. Сағынтай С. Мыңжылдықтың соңғы күздері // Қасым. - 2024. - № 1. - 57-84 б; №2. - 53-86 б.

48. Сағынтай С. О, отты жыр, өзегімді қари түс... // Қазақ әдебиеті. - 2024. - 13 желтоқсан (№ 49/50). - 43 б.

49. Сағынтай С. Оңқа-жәдік оқиғасы // Қасым. - 2016. - № 1. - 165-192 б.

50. Сағынтай С. Сұлу өзені // Орталық Қазақстан. - 2019. - 28 қараша (№ 133). - 6 б.

51. Сағынтай С. Сіз бармаған қыстақ // Тоқырауын тынысы. - 2013. - 8 ақпан (№ 5). - 5 б.

52. Сағынтай С. Томбыда Қарқаралының иісі аңқып тұр... // Қазақ әдебиеті. - 2024. - 23 тамыз (№ 33). - 3 б.

53. Сағынтай С. Тың туынды заман келбетін көрсетіп тұр // Орталық Қазақстан. - 2024. - 22 маусым (№ 69). - 6 б.

Серік Сағынтай туралы әдебиеттер:

54. Сексен жыл халықпен бірге: Қарағанды облыстық «Орталық Қазақстан» газетіне-80 жыл: естеліктер, эсселер / құраст. А. Жанғожин. - Қарағанды: [б. ж.], 2011. - 219 б.

55. «Алаш тарихының ақиқаты...»: Қазақ хандығының 550 жылдығына орай ұйымдастырылған жабық бәйгенің жеңімпаздары салтанатты түрде марапатталды // Қазақ

әдебиеті. - 2015. - 13-19 қараша (№ 44/45). - 1, 4 б.

56. Ақсұңқарұлы С. Өрнегі бөлек өлең, өзгеше ақын // Орталық Қазақстан. - 2024. - 5 желтоқсан (№ 137). - 6 б.

57. Асан М. «Аманат» - тарих таразысы // Егемен Қазақстан. - 2018. - 27 ақпан (№ 40). - 7 б.

58. Асан М. Ақселеу қаламының күдіреті шығармашыл жастар байқауында қылаң берді // Орталық Қазақстан. - 2014. - 25 қараша (№ 228). - 1 б.

59. Асан М. Әріптестеріміз - әдеби ұйым мүшесі // Орталық Қазақстан. - 2014. - 3 сәуір (№ 60/61). - 1 б.

60. Ахан Н. Ж.Тәшенов сыйлығы табысталды // QARAĞANDY HABARY. - 2023. - 14 желтоқсан (№ 45). - 4 б.

61. Әбілдинов Қ. Сағынтайдың Серігінің «Жазуы» // Орталық Қазақстан. - 2009. - 22 қыркүйек (№ 144). - 3 б.

62. Әбілдинов Қ. Үздік ақындар марапатталды // Егемен Қазақстан. - 2016. - 27 желтоқсан (№ 249). - 11 б.

63. Әбілқасымұлы Ә. Тікенекті жаңа гүл // Қасым. - 2015. - № 4. - 129-140 б.

64. Әлиман Ж. Жан шақыру // Арқа ақшамы. - 2024. - 28 қараша (№ 44). - 5 б.

65. Әлиман Ж. Қара өлең мен қара сөз - қос қанаты // Орталық Қазақстан. - 2019. - 31 қаңтар (№ 11). - 8 б.

66. Балқашта поэзия салтанат құрды // Балқантау. - 2007. - 26 сәуір (N17). - 10 б.

67. Бүркітұлы Қ. Тәшенов жүлдесі тапсырылды // Орталық Қазақстан. - 2023. - 16 желтоқсан (№ 141). - 8 б.

68. Дүтбай Н. Қарға әңгімесіндегі обал-сауап // Орталық Қазақстан. - 2023.-18 ақпан (№ 20).-5 б.

69. Жақан Ә. Алтын әже атанған Үрия ана // Сыр мен сымбат. - 2009. - № 5. - 6 б.

70. Жаңқашұлы Ж. «Алтын Қыран» ерледі // Орталық Қазақстан. - 2012. - 14 ақпан (№ 26). - 4 б.

71. Жаңқашұлы Ж. «Қарға» қанат қаққанда // Орталық Қазақстан. - 2012. - 23 ақпан (№ 32). - 6 б.

72. Қаржан Ж. Фәниге «Фәни-құс» келді // Орталық Қазақстан. - 2009. - 24 қараша (№ 180). - 4 б.

73. Мұқаев Ш. Жазушының жарқын әлемі // Шет шұғыласы. - 2020. - 3 желтоқсан (№ 49). - 3 б.

74. Мұбарак Б. «Ақын боп нең бар еді, ақымақ-ай» // Арқа ақшамы.- 2014. - 23 қазан (№ 41). - 9 б.

75. Мұбарак Б. Көктем, мен сені сүймейтін болдым... // Тоқырауын тынысы. - 2014. - 24 қазан (№ 44). - 7 б.

76. Нарын Е. Жауырыншы жарыққа шықты // Орталық Қазақстан. - 2024. - 11 шілде (№ 76). - 6 б.

77. Нарын Е. Туған жерге жырмен тағзым // Орталық Қазақстан. - 2024. - 10 желтоқсан (№ 139).

78. Нәукенұлы Б. Серік Сағынтай әңгімелеріндегі адамзаттық мәселелер / Б. Нәукенұлы, Ж. Ш. Жумагелдин // Қарағанды университетінің хабаршысы. Филология сериясы = Вестник Карагандинского университета. Серия Филология = Bulletin of the Karaganda university. Philology series. - 2017. - № 3. - 49-55 б.

79. Өзегі - өрт өлең... // Орталық Қазақстан. - 2025. - 1 ақпан (№ 12). - 8 б.

80. Өлең өлкесіндегі «Жауырыншы» / дайындаған М. Әбіш // Егемен Қазақстан. - 2024. - 14 қыркүйек (№ 178). - 16 б.

81. Өрісбаев А. «Алаш тарихының ақиқаты» атты жабық бәйге өз мәресіне жетті // Егемен Қазақстан. - 2015. - 10 қазан (№ 194). - 8 б.

82. Сембаев мектебінің шәкірттері // Орталық Қазақстан. - 2020. - 3 қазан (№

108). - 4 б.

83. Тоқтарбай Е. Әдебиет - еріккеннің ермегі емес // Қасым. - 2015. - № 4. - 103-112 б.

84. Шалқар Ж. Жазушы шығармалары - эссе өзегі // Орталық Қазақстан. - 2021. - 13 наурыз (№ 28). - 8 б.

1891 – 1962 – Жыршы, айтыс ақыны Жәкен Байтуовтың туғанына 135 жыл

Жәкен Байтуов (28.04.1891) жылы Қарағанды облысы Шет ауданы Шаруатеңеу ауылында дүниеге келген.

Ауыл молдасынан ескіше хат танып, сауатын ашады. Ол халық арасына өзінің қиссашылдығымен, жыршылдығымен, суырып салма ақындығымен кең танылған. Кейбір деректерде оның Майасар, Болман, Жылқыбай, Тұңғышбек сынды азулы ақындармен сөз қағыстырып, айтысқа түскені туралы да айтылады. Ол «Қойшы мен қасқырдың», «Ақ қой мен қара қойдың» айтыстары, «Наршөккен», «Бірінші майға» өлеңдері, «Саржан – Бодық», «Бөрте батыр», «Көкжайдақ», «Ақсерке мен Бөрі батыр» сынды бірқатар дастандар жазған. Сонымен қатар «Сал-сал», «Абылай», «Наурызбай» дастандарын жатқа айтып, ел ішіне таратқан.

Ақын ел аралап, өзінің қуатты жырларымен аштық сұмдығынан, қуғын-сүргін зобалаңынан, соғыс зардабынан аман қалған халықты жұбатып, оларды өмірсүйгіштікке, еңбекке, бірлікке шақырған. 19.02.1962 қайтыс болды.

Әдебиеттер:

1. Байтуов Ж. Көшім – Күлжан – Қарағанды: TENGRI LTD, 2013. – 185 б.

2. Байтуов Ж. Келіп едім, Қарасаздан қанат самғап // Шет шұғыласы. – 2013. – 14 ақпан (№ 7). – 5 б.

3. Байтуов Ж. Қасқыр соққан Балабек // Шет шұғыласы. – 2016. – 29 қыркүйек (№ 39). – 5 б.

Жәкен Байтуов туралы әдебиеттер:

4. Ақын Жәкен Байтуов / құраст. Т. Орынбеков. – Балқаш: [б. ж.], 1991. – 110 б.

5. Байтуов Жәкен (1891-1962) // Қарағанды. Қарағанды облысы: Энциклопедия / - Алматы: Атамұра, 2006. - 162 б.

6. Жәкен Байтуов // Ұлытау үні фестивалі: ширек ғасырлық тарихтан: мақалалар, құжаттар, фотодеректер жинағы / Жезқазған қаласының әкімдігі, Жезқазған қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі; жауапты ред. Ғ. Е. Ештанаев. – Алматы: Орхон, 2016. – 38 б.

7. Хамзин М. Жәкен Байтуов (1891-1962) // Сарыарқа саңлақтары. – Павлодар: ЭКО ҒӨФ, 2007. – 217-226 б.

8. Ғалым Қ. Арқадағы жыршылар жарысы // Егемен Қазақстан. - 2024. - 5 ақпан (№ 24). - 13 б.

9. [Жаңа кітаптар оқырманға жол тартты // Шет шұғыласы. - 2016. - 19 мамыр \(№ 20\). - 5 б.](#)

10. Жәкенұлы Ж. Ел айнасы - ақындар // Шет шұғыласы. - 2008. - 11 қыркүйек (№ 39). - 3 б.

11. [Халиолла М. Бір айтыс туралы 59 жылдан соң... // Орталық Қазақстан. - 2003. - 5 тамыз. - 8 б.](#)

**1926 - 2004 - Әнші, актриса, Қазақ ССР-нің
еңбек сіңірген артисі Қайныкен
Әлімбаеваның туғанына 100 жыл**

Қайныкен Әлімбаева Қарағанды облысының Қарқаралы ауданында дүниеге келген. Жастайынан өнерге деген құмарлығы, қаладағы Жамбыл атындағы қазақ мектебін тәмамдағаннан кейін, Қарағанды облыстық филармониясына әншілік қызметке алып келді.

Табиғи таланты мен асқан дарындылығының арқасында, ұлттық ән өнерін насихаттау жолында да қыруар еңбек сіңірді. Көптеген әндері інжу-маржандай қастерленіп, еліміздің музыка өнерінің алтын қорында сақталып қалды. Ұлтымыздың ән өнерін асқақтатып, Мәскеуде өткен Әлем жастары мен студенттерінің фестивалінде ән шырқап, топтан оза шығып, лауреат атанып қайтады.

1956 жылдан Қарағанды облыстық С. Сейфуллин атындағы қазақ драма театрында, зейнеткерлік демалысқа шыққанша үздіксіз, қажымай-талмай еңбек етті. Қазақ театры тарихында өзіндік қолтаңбасымен ерекше айшықталып, сомдаған бейнелері Ғ. Мүсіреповтің «Қыз Жібек» музыкалық драмасындағы - Жібек, С. Мұқановтың «Шоқан Уалиханов» драмасындағы - Айжан, М.Әуезовтің «Айман-Шолпан» комедиясындағы - Айман, «Майра»-Майра, «Еңлік-Кебек» - Еңлік, Е. Брусиловскийдің «ЕрТарғын» драмасындағы - Дана, У. Гаджибековтің «Аршын мал-аланда» - Гүлшахтра, Б. Майлиннің «Шұға» драмасындағы -Шұға, Н. Файзидің «Ғалия Бану» - Ғалиябануды, Н. Островскийдің «Найзағай» трагедиясындағы - Кабаниха, З. Жакупов пен Ж. Сәрсекөвтің «Бажалар мен балдыздар» -Рәзия, «Алтын көрсе періште» - Хурниса т.б халықтың жадында мәңгілік өшпестей болып сақталып қалды.

1957 жылы Мәскеу қаласында өткен студенттер мен жастардың 4-ші фестиваліне қатысып, сол айтулы сында топты жара оза шығып бәйге алды. «Бүкілодақтық студенттер мен жастардың 4-ші фестивалінің лауреаты атанып, кеудесіне «Күміс медаль» қадады.

1958 жылы Мәскеуде өткен қазақ өнері мен әдебиеті күндеріне қатысады. Алматы хор копелласының арнайы шақыруымен барған Қ. Әлімбаева хор копелласымен бірігіп, жеке дауыста Мәскеу көрермендерінің алдында «Қазақ вальсі» мен «Бөбегім» әндерін әуелете шырқады. Сол жолы «Үздік еңбегі үшін» медалімен марапатталды. 1962 жылы «Республиканың еңбек сіңірген әртісі» деген құрметті атағы берілді.

Қ. Әлімбаева соңынан ерген жас буын өнерпаздардың арқа тұтар ақылшысы, тәлімгер ұстазы болды. Ұзақ жылдар бойы театр ұжымында кәсіподақ комитетінің төрайымы болып еңбек етіп, бірнеше мәрте Бүкілодақтық кәсіподақтар съезіне делегат болып сайланды. Халқына сіңірген зор еңбегі бағаланып, «Еңбек Қызыл Ту» орденімен (1971) және бірнеше медальдармен марапатталды.

Ол тұрған үйге (Әлиханов көшесі, №37) 2006 жылы мемориалдық тақта қойылды.

Әдебиеттер:

1. Әлімбаева Қайныкен // Қарағанды. Қарағанды облысы: энциклопедия / ред.А. Абдулин.- Алматы: Атамұра, 2006.- 151 б.
2. Батырханова С. Арқаның абыз театры. - Алматы: Тарпанбаева А. Ш., 2024. - 294 б.
3. Жұмағали С. Актриса Қайныкен Әлімбаева // Арқадағы киелі өнер шаңырағы.- Қарағанды: Болашақ-Баспа, 1998.- 115-117 б.
4. Игенбеков Т. Өткен күндер: жинақ / Т. Игенбеков. - Қарағанды: Экожан, 2020. - 57 б.

5. Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестік = Концертное объединение имени Кали Байжанова = The Concert Association named after Kali Baizhanov / ред. Т. Бейсембек. - Қарағанды: Экожан, 2008. - 152 б.
6. Сәкен Сейфуллин атындағы облыстық қазақ драма театры - 75. - Қарағанды: Экожан, 2007. - 120 б.
7. Сәкен Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық қазақ драма театры. - [Б. м. : б. и.], 1975. - 39 б.
8. Халықтар достығы орденді Сәкен Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық қазақ драма театры: альбом / құраст. К. Н. Жұмабеков ; сур. Қ. Игенов. - Қарағанды : [б. ж.], 2012. - 81 б.
9. Халықтар достығы орденді Сәкен Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық қазақ драма театры: [фотоальбом]. - [Қарағанды?] : [б.ж.], [2017?]. - 240 б.

10. Әшімұлы Б. Еңлік тұлға ел есінде қалады // Орт.Қазақстан.- 2006.- 16 желтоқсан.- 10 б.
11. Жұмағали С. Еліне үлгі - өнеге болған Ана // Орталық Қазақстан.-2004.- 21 ақпан.-6 б.
12. Жұмағали С. Басына бақ қонған әже // Сыр мен сымбат.- Қарағанды, 2003.- N2.-7 б.
13. Жұмағали С. Бір шаңырақ аясындағы қос жұлдыз // Орталық Қазақстан.- 2002.-16 ақпан
14. Қажымұратова Л. Өзімнің сүйікті шаңырағым // Орталық Қазақстан. - 1989. - 3 қараша (№ 253). – 3 б.
15. Жұмағали С. Өнер тарланын еске алды // Орталық Қазақстан.- 2005.- 22 қаңтар.-6 б.
16. Жұмағали С. Өнер шаңырағы соғыстан кейін //Орталық Қазақстан.- 2002.- 11 мамыр
17. Жұмағалиев С. Сахнагер сомдаған сексен қыз //Орталық Қазақстан.- 1992.- 14 шілде
18. Қажымұратова Л. Өзімнің сүйікті шаңырағым // Орт.Қазақстан. - 1989. - 3 қараша. - 3 б.
19. Мұстафин Б. Жарқын талант // Қазақстан әйелдері.- 1975.-№7.- 14-15 б.
20. Нұртөлеуова М. Сахнада жалғыз // Мәдениет. - 2012. - № 10., Орталық Қазақстан. - 2012. - 1 қараша (№ 183/184). - 4 б.
21. Нұртөлеуова М. Сахнаның патшайымы еді // Театр. kz. - 2012. - № 8. - 40-43 б.
22. Рысбекова З. Театр қарлығашы // Социалистік Қазақстан.- 1962.-3 маусым
23. Жанысбай С. Киелі қарашаңырақ // Орталық Қазақстан. - 2023. - 23 ақпан (№ 22). - 6 б.

Анықтамасыз және тізімсіз қосымша даталар

5 қаңтар 1911-1987	Сатирик, жазушы Жүсіп Алтайбаевтың туғанына 115 жыл
15 қаңтар 1936 - 28 қазан 2012	Жазушы, журналист Владимир Иванович Литвиновтың туғанына 90 жыл
1 ақпан 1931	Қарағандыға бірінші поезд келді
7 ақпан 1931 – 29 маусым 2003	Жазушы Юрия Михайлович Герттың туғанына 95 жыл
9 ақпан 1911-1972	Кеңес Одағының Батыры Корниенконың туғанына 115 жыл
Ақпан 2001	«Жарқын» жасөспірімдер үйінің ашылғанына 25 жыл
2 наурыз 1936-2003	Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген ауылшаруашылығы қызметкері А.Ф.Христенконың туғанына 90 жыл
Сәуір 1931	Тау-кен техникумыны құрылғанына 95 жыл (қазіргі Қарағанды жоғары политехникалық колледжі
17 маусым 1946	Токаревка поселкесінің құрылғанына 80жыл
21 маусым 1966	Қарағанды экономикалық университетінің құрылғанына 60 жыл
Маусым 2006	«Қарағанды жастық шағымның қаласы» атты І ретро фестивалі өтті
14 шілде 1911 - 1991	Жазушы А.И. Брагиннің туғанына 115 жыл
16 шілде 1916	Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Хабиба Қарақбайқызы Елебекованың туғанына 110 жыл
15 тамыз 1961	Абай және Шахтинск қалаларының құрылғанына 65 жыл
Тамыз 1886 -1960	Дәрігер Герман Никанорович Алалыкинның туғанына 140 жыл
Тамыз 2006	Қарағанды облысының 70 жылдық мерейтойы аясында «Атамұра» баспасынан қазақ тілінде «Қарағанды. Қарағанды облысы» энциклопедиясы жарық көрді
10 қыркүйек 1921 - 2006	Даңқ орденінің толық иегері Мүтәш Сүлейменовтың туғанына 105 жыл
11 қыркүйек 1931	«Большевистская кочегарка» («Индустриальная Караганда») газетінің шығуына 95 жыл
4 қазан 1931	«Қарағанды пролетариаты» («Орталық Қазақстан») газетінің шығуына 95 жыл
10 қазан 1906 1960	Ақын Николай Ильич Титовтың туғанына 120 жыл
10 қазан 1911-1955	Қазақ ақыны Қасым Аманжоловтың туғанына 115 жыл
30 қазан 2011	Теміртау қаласында Тұңғыш Президент тарихи-мәдени орталығы ашылды
7 қараша 1931	Қарағандыда алғашқы радиохабардың эфирге шықты (95 жыл)
16 қараша 1936	Облыстық қаржы басқармасының құрылғанына 90 жыл
20 қараша 1931	«Донбасс – Қарағанды» қамқорлық қозғалысының басталуына 95 жыл
21 қараша 2011	ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың қатысуымен ашылған нысаналарға 15 жыл (Теннис орталығы, Бокс орталығы, Мұз сарайы, Жаңа мешіт)

15 желтоқсан 1911 - 1993	Ақын, жазушы Әуезхан Көшімовтың туғанына 115 жыл
17-18 желтоқсан 1986	Қарағандыда студенттерінің «Желтоқсан» оқиғасына қатынасқанына 40 жыл
Желтоқсан 2006	ҚарМУ бірінші ректоры Е.А.Бөкетовтің ескерткіші ашылды
1856	Қарағандыбасы жайлауында көмірдің өндіріле бастағанына 170 жыл
1856 - 1934	Ұстаз, ағартушы кәсіби дәрігер Бижан Хасеннің туғанына 170 жыл
1881 - 1958	Көмірші-геолог Александр Александрович Гапеевтың туғанына 145 жыл
1896 – 29.01. 1938	Қоғам қайраткері және публицист Абдолла Асылбековтың туғанына 130 жыл
1901	Қоңырат кен орны ашылды
1911 – 1989	Физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Орынбек Ахметұлы Жәутіковтың туғанына 115 жыл
1926	Этнограф, музыкант Александр Викторович Затаевичтың Қарқаралы уезіне келгеніне 100 жыл
1926-1997	Жазушы Михаил Семенович Бродскийдің туғанына 100 жыл
1931	Қарлагтың құрылғанына 95 жыл
1946	Қарағанды орталық паркінің ашылғанына 80 жыл
1956	Қарағанды кондитер фабрикасы құрылды
2001	«Көгілдір тоғандар» шағын ауданында салынған алдағы ғасыр мектебіне 25 жыл
2001	ҚР тәуелсіздігінің 10 жылдығы атындағы этнопаркке 25 жыл
2001	Астанаға «Отан қорғаушылар» монументін орнатқанына 25 жыл»
1931	Қарағанды темір жолының іске қосылуына 95 жыл
1956	Қазақстан Жазушылар Одағының Қарағанды облысаралық бөлімшесінің құрылғанына 70 жыл

Есімдер көрсеткіші

А		М	
Ақбаев Ж.	71	Машанов А.Ж.	57
Ақпанова Г.С.	3	Мұқанов Д.	33
		Мұқан Т.Ө.	64
		Мыңбаев К.	49
Ә		Р	
Әлімбаева Қ.	83	Рахымжанов Т.Н.	16
Әубәкіров Т.О.	38		
Б		С	
Бөкейхан Ә.Н.	7	Сағынтай С.	78
Байтуов Ж.	82	Сауғабаев К.	65
		Семенов Л.Ф.	18
		Сматаев С.Қ.	30
		Сүлейменов Р.	28
Е		Т	
Ержанов М.	3	Талжанов С.О.	61
Ермеков Ә.Ә.	19		
Л			
Ләмбеков С.	25		

Басып шығаруға жауапты: Н.В. Гоголь атындағы ОҒӨК басшысы А.С.Шаймуханбетова
Құрастырушы: өлкетану әдебиеттері бөлімінің басшысы С.О.Телпекбаева

© Н.В. Гоголь атындағы Қарағанды облыстық әмбебап кітапханасы, 2025 ж.

Қарағанды қ.
С.Ерубаев көшесі, 44
Н.В.Гоголь атындағы ҚОӨҒК
Өлкетану әдебиеттері бөлімі
тел:+7(721-2)56-76-55
<http://karlib.kz>
E-mail: info@karlib.kz
E-mail: olketanu@karlib.kz